

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

С.Қ. Алтайбаев

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ
МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР:
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ
КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Монография

ҚАРАҒАНДЫ
2023

ӘОЖ 343.2/7

ҚБЖ 67.408

А 46

*Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды*

Пікір жазғандар: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., доцент **А. Ж. Машабаев**; Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті з.ғ.к. **Б. Б. Кошцегулов**.

С. Қ. Алтайбаев

А 46 Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері: Монография. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. — 136 бет.

Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері атты монографияда жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстармен байланысты туындаған, бірінші кезекте, бала құқығын қорғау саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес, қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттеу механизмін жетілдіру проблемасы зерттеледі. Сонымен қатар, жасөспірімдерді виктимизациялау үдерісін алдын алу және оның салдарын жеңу проблемасы қаралады.

Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері атты монография заңдық білім беретін оқу орындарының курсанттары мен студенттеріне, магистранттар, докторанттар мен оқытушыларға және тәжірибелік қызметкерлерге арналған.

Монография қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастамасымен дайындалды.

ӘОЖ 343.2/7

ҚБЖ 67.408

ISBN 978-601-7499-55-6

© Қазақстан Республикасы ІІМ
Б. Бейсенов атындағы
© Қарағанды академиясы, 2023;
© Алтайбаев С.Қ., 2023

КІРІСПЕ

Бүгіндері жүргізіліп жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты өзгерген еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнген ішкі және сыртқы қауіп саласында, біздің елдің азаматтарының аса алаңдаушылығын тудырып отырған, қоғамдық қарым-қатынастарының криминализациялануы және қылмыстың өсуі болып отыр. Негізгі өмірлік игіліктерді қорғауды қамтамасыз ету үдерісінің әрі қарайғы оң динамикасы үшін жағдай жасау Қазақстандағы ең басты міндет болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында VIII. Әділетті мемлекет азаматтардың мүддесін қорғау жолында «Адам құқын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды. Мен үшін бұл мәселенің мәні зор.

Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның азаматтары да интернеттегі ғайбаттаулардан қорғана алмай отыр. Бұдан ең алдымен балалар зардап шегуде. Олар интернет арқылы тараған қоқан-лоқының әсерінен қатты киналады. Өкінішке қарай, соның салдарынан қайғылы жағдайға да ұшырап жатады. Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді.

Балалар құқын қорғау жөніндегі басқа да шараларды күшейту керек. Атап айтқанда, Бала құқы жөніндегі конвенцияның хабарлау рәсіміне қатысты факультативтік хаттамасына қосылу қажет»¹ – деп, балалар құқығына назар аударды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды.

Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет.

¹ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек»² – дей келе, қазіргі таңдағы қылмыстылықтың өткір әрі әлеуметтік сипатқа ие болып отырғандығына басты назар аударады.

Мұндай іс-шаралар жүйесі өзінің міндетті бір бөлігі ретінде, қоғамдағы аса әлсіз және осал жері болып табылатын – балалар мен жасөспірімдерді қорғауға бағытталған, құқықтық нормалар тобынан тұруы керек.

Балаларды аман алып қалу, қорғау және дамытуды қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік Декларациядан (Нью-Йорк, 30.09.1990): «Әлемдегі балалар кінәсіз, осал және тәуелді. Олар, сондай-ақ, қызыққыш, жігерлі және үмітін үзбейтіндер. Олардың уақыттары қуаныш мен бейбіт өмірден, ойыннан, оқу оқу мен өсуден тұруы керек. Олардың болашақтары үйлесімділік пен ынтымақтастыққа негізделуі керек. Олардың өмірлері әлеуеті кеңейіп, тәжірибесі жинақталған сайын толыққанды бола түсуі керек», – деген сөздерді оқимыз. Бірақ, Қазақстанның көптеген балалары үшін балалық шақтың шындығы мүлдем басқаша.

Қазақстан халқының балалары жалпы халық санының шамамен төрттен бір бөлігін құрайды және соңғы онжылдықта сан жағынан өіп келеді. Бұл ретте жасөспірімдерге қарсы қылмыстың криминологиялық сипатының белең алуы алаңдатушылық тудырып отыр. Ресми статистикаға жасалған талдауларға сүйенсек, жасөспірімдерге қарсы жасалған, қарым-қатынасқа қол сұғу объектісі ретіндегі, жасөспірімдердің дамуын қамтамасыз етуге қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны өскен. Көрсетілген сан ересек адамдар тарапынан криминалдық ықпал ету нәтижесінде жасөспірімдердің оған қатысының өсуімен байланысты аса алаңдатушылық туғызатыны сөзсіз. Мұндай жағдайларда жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстармен байланысты туындаған, бірінші кезекте, бала құқығын қорғау саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес, қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттеу механизмін жетілдіру проблемасы көкейкесті болады. Сонымен қатар, жасөспірімдерді виктимизациялау үдерісін алдың алу және оның салдарын жеңу проблемасы да маңызды болмақ.

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫ

1.1 Кәмелетке толмағандарға қатынасты қылмыстық саясаттың гуманистік моделінің қалыптасуы

Мемлекеттің қоғамдағы ең әлсіз және қорғансыз мүшелері – кәмелетке толмағандарға деген қатынасы елдің мәдениеті мен өркениеті деңгейінің көрсеткіші бола отырып, қылмыстық саясат пен заңдылығында айқын көрінеді. Он тоғызыншы жүзжылдықта Киевтегі Әулие Владимир университетінің қылмыстық және полиция заңдарының профессоры С.О. Богородский «Қылмыстық заңдар дегеніміз не?» деген сұраққа жауап бере отырып, «шындық идеясының ең жоғарғы даму дәрежесі, – бүтіндей азаматтық қоғамның оның мүшелеріне деген қарым-қатынасының түбегейлі көрінісі»³ – деген екен. Қазақстандағы мыңдаған жылдар ішінде болған көптеген құқықтық реформалар қылмыстық заңның гуманистік бастамалардың тұрақты дамуын, соның ішінде өскелең ұрпақтың физикалық және адамгершілік дамуына залал келтіретін криминалистикалық әрекеттердің шеңберінің кеңеюін көрсетіп отыр. Бірақ, адами өзара қарым-қатынастың әмбебап формуласы ретіндегі гуманизм қылмыстық құқықта бірден сіңіп кеткен жоқ, көп уақыт бойы жазалаушылық, репрессиялау әрекеттері үстемдік етті.

Әлеуметтік шартталған құбылыс бола отырып, қылмыстық саясат пен заңдылық қоғамда орын алған қарым-қатынастар жүйесін (өндірістік, әлеуметтік, идеологиялық және т. б.) білдіреді. Қоғамдық қатынастар дамуының деңгейі заңды ықпалмен қамтылған құқықтық реттеу шегін, құқықтық нормалар мен әлеуметтік құбылыстар шеңберінің мазмұнын анықтап береді. Осы тақырыпты тарихи-саяси және тарихи-құқықтық аспекті жағынан талдай отырып, бала мен отбасының қоғамның әртүрлі даму кезеңдеріндегі жағдайы туралы мәселені зерттеуге назар аудару керек, себебі белгілі бір әлеуметтік айқындаманы ауыстыру кезінде адам заңды құқықтары мен міндеттемелерінің көлемін алады, ол бұл айқындаманың еңбекті қоғамдық жүйенің, жалпы әлеуметтік ортада алатын орны мен рөлі айқындалады.

Баланың қоғамдағы әлеуметтік (және құқықтық) мәртебесі туралы мәселені отандық ғылымда түбегейлі зерттелді деп айта алмаймыз. Тарихқа көз

³ Богородский С.О. Очерк истории уголовного законодательства в Европе с начала XVIII века. В 2 т. Т. 1. — Киев, 1862.

жүгіртсек, балалардың құқықтық жағдайының тарихи-құқықтық аспектілерін зерттей отырып, олардың мәртебесі өз дамуында үш кезеңнен өтті деп көрсетеді: 1) 1917 жылға дейінгі кезең – бала ата-ана билігінің объектісі ретінде қабылданды; 2) 1917 жылдан 90 жылдарға дейінгі кезең – бала мемлекеттік саясат объект ретінде қабылданды; 3) қазіргі заманғы кезең – бала қоғамдық қатынастар субъектісі ретінде қабылданды. Қазақстандағы балалардың құқықтық мәртебесінің дамуын осылайша түсіндіру оның логикалық тұрғыда дәлелсіздігінен еш есепке алынбайды, себебі белгіленген кезеңдер тарихи шындыққа сәйкес келмейді, оның үстіне баланың мәртебесін анықтауға мемлекет 1917 жылдан ертерек араласа бастаған болатын.

Баланың жеке тұлғасы қоғамда оны сақтау мен қорғаудың объектісі ретінде қабылданған жоқ. Тарихта оның дәлелі көптеп кездеседі. Мысалы, XII ғасырдағы Моление Даниила Заточниканың белгілі шығармасында анасы қайтыс болғаннан кейін балаларын әкесінің сатқаны туралы фактілерді жазса⁴, Белгородский епископы өзінің ұлағатты сөздерінде балаларды ішімдікке мәжбүрлеу, балаларды некеге тұрғызу фактілерін келтіреді.

Н.И. Костомаровтың пікірінше, «қыз баланы күйеуге берерде оның тілегі ескерілмеген, ол кімге тұрмысқа шығатынын білмеген, өз күйеуін тойға дейін көрмеген.... Оған жүрегімен таңдау жасау құқығы берілмеген»⁵. Бұл фактілер тек ата-аналардың, нақтырақ алғанда әкесінің, отбасының сөзсіз және шексіз билігімен жүзеге асырылған.

Отбасы – орта ғасырда баланы әлеуметтендірудің жалғыз ғана институты болды, соның шеңберінде тәрбие үдерісі жүргізілді. Сол кездегі қазақ даласында бала тәрбие үдерісінің дербес және толыққанды субъектісі болмағанын да атап өту керек. Педагогикалық жүйенің өзі халық ауыз әдебиеті шығармаларында, дастан-жырларда, халық өлеңдерінде, накыл сөздерде орын алды. Ол далалық тәрбиенің бастау көзі болды. И.А. Краснованың пікірінше, «орта ғасыр авторитарлық, патриархалдық, ригористикалық тәрбие моделін ауыз әдебиеті үлгілеріне, халықтық салт-дәстүрлерге және діни сенім-нанымға сүйене отырып жасады»⁶. Мұндай

⁴ Памятники литературы Древней Руси: XII век / Вступит. ст. Д.С.Лихачева, сост. и общ. ред. П.А. Дмитриева и Д.С. Лихачева. — М., 1980.

⁵ Костомаров Н.И. Учеб. пос. — М. 1998.

⁶ Краснова И.А. Проблемы воспитания делового человека во Флоренции XIV в. (по педагогическим трактатам, семейным запискам и домашним хроникам). В сб.: Гуманистическая мысль, школа и педагогика эпохи позднего средневековья и начала нового времени (исследования и материалы): Сб. науч. тр. / Под ред. К.И. Салимовой, В.Г. Безротова. — М., 1990.

жүйедегі тәрбиенің мақсаты – тақуалық, қатал; онда ғылым мен өнердің орны жоқ, балаға тән барлық азаматтық және жеке тұлғалық қасиеттер есепке алынбаған. Д.И. Латышина атап өткендей, мұндай тәрбиелік мақсат тек балаларға зорлық-зомбылық көрсету арқылы қол жеткізіледі⁷. Қорлық пен физикалық тұрғыда жазалау басты, тіпті тәрбиелеудің жалғыз ғана құралы болды деуге болады.

Отбасындағы зорлық көрсету қоғамда мемлекет тарапынан араласуды қажет ететін теріс құбылыс деп саналмады. Бала толықтай әкеге тәуелді болды. Әкені құрметтеу, қадір тұту, тәуелді болу – ортағасырлық қазақ даласындағы тәрбие жүйесінің негізін құрады. «Балалар сөзімен де, ісімен де ата-анаға жағындар, сонда олар сендерге батасын береді» деген түсінік қалыптасты. Моральдық жағынан ата-анаға бағыну баланы белгілі- бір «оқшаулаумен» бірге жүргізілді, сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу тек отбасы, әкесі арқылы жүзеге асты.

Қоғамдағы балалардың мәртебесі олардың отбасына бағынуымен ғана емес, орындайтын әлеуметтік рөлдерін де айқындап отырды. Балалар ерте есейді, оған ең бірінші балалардың еңбекке ерте араласуы себепші болды. Бала 3-4 жасынан еңбек студі бастады. Үйдегі қарапайым жұмысты орындап, өзінен кіші бауырларын күте отырып, ол біртіндеп ауыл шаруашылығындағы қиын жұмыстарға да араласа бастады. Еңбек тәрбиенің күшті факторы бола отырып, бала санасын да өзгертті. Белгілі этнограф О.П. Семенова-Тян-Шанская XIX ғасыр балаларына сипаттама бере отырып: «Кез-келген сәби ересектерше пайымдайды. Бұл баланың кедей шаруаның барлық жұмысына, тіпті кедейшілік тұрмыстың барлық оқиғаларына қатысуымен түсіндіріледі... бала ересектер көзімен қарайды. Баланың әлем, тіршілік туралы түсініктері ересектер түсінігіне жақын»⁸ – деген екен. Бала еңбегі қандай болса да оны жауапкершілікке, жасап жатқан ісіне, тіпті өмірге деген байсалдылыққа тәрбиелейді.

Балалардың осындай әлеуметтік жағынан ерте есеюі ортағасырлық қоғамда баланы өзінің толыққанды мүшесі ретінде қабылдауға ықпал етті, сондықтан балалық шақтың дене және моральдық жағынан ерекше екендігі туралы түсінік қалыптастырмады. Бірақ, оны жас кезеңіне бөлу болды.

Дегенмен, есею әке билігімен шектелді, сол арқылы бала сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсті. Қоғамдық қатынастардың дербес субъектісі ретіндегі құқығынан айырылған бала жауапкершілікке келгенде толыққан-

⁷ Латышина Д.И. История педагогики. Воспитание и образование в Казахстане (X – начало XX века): Учеб. пос. — М. 1998.

⁸ Миронов Б.Н. XII век / Вступит, ст. Д.С. Лихачева, сост. и общ. ред. П.А. Дмитриева и Д.С. Лихачева. — М., 1980.

ды субъект ретінде танылды. Мұндай екіжақты жағдай кәметке толмағандарға қарсы қылмыс үшін жауапкершілік проблемасына қылмыстық заңдылықтың аз да болса назар аударуына себеп болды, қоғам баланың жеке басының «ерекшелігін» есепке алмады, ал оның отбасындағы тәуелділік жағдайы қазақ даласындағы қылмыстық заңдылықтардағы жауапкершілік кінәлі мен жәбірленушінің жасы емес, туыстық қатынастарына байланысты болды. Ұзақ жылдар бойы сақталған қорланған, құқықсыз балалар жағдайы XIX ғасырдың бас кезінде де, ал қазақ даласындағы кедейлердің арасында ол ғасыр бойы толықтай сақталды. XIX ғасырдың тек екінші жартысында ғана қоғамда ағарту мен романтизм идеялары басымырақ болды да, ол жеке тұлғаның, әйелдің, махаббаттың, баланың адам өміріндегі орнына деген қатынасты өзгертуге сеп болған. Бұл идеяларды қоғамдық санаға енгізу, үйреншікті мінез-құлық пен мемлекеттік саясаттың соған сәйкестенуі оңай болған жоқ, оны жүзеге асыру үшін онжылдықтар керек болды. Оның дамуына сол кездегі педагогикалық ғылым, әсіресе орыстың педагогикасы зор ықпалын тигізді. Соның шеңберінде отбасындағы қарым-қатынас пен қоғамдағы қарым-қатынас арасында тығыз байланыс бар екендігі, бірін түзетпей екіншісін түзетуге болмайтыны туралы пікір қалыптасты. Осы жайында педагог-публицист және революциялық демократ Н.В. Щелгунов: «Отбасы мен ана балаларды тәрбиелеуі керек, бірақ олар тәрбиемен айналыспайды, оның себебі қарапайым. Отбасы оны құрған қоғамның кішкентай бөлшегі, сондықтан қоғам мен отбасы арасында тығыз ынтымақтастық бар. Әрбір отбасы қоғамға сай ақымақ немесе жақсы болады»⁹ – деп жазған. Қазақстанның дамуына отбасы ішіндегі қатынастарды өркениетті студің маңыздылығын сезіне отырып, педагогикалық және заң ғылымы өскелең ұрпақ бойына адами қасиеттері қалыптастыруды ең алдымен ата-аналарға міндеттеген және дәстүрлі шексіз ата-ана билігін «құрықтауға» тырысқан.

«Ата-аналар өз балаларын тамақтандырып, тәрбиелеуге тырысуға міндетті, себебі балалардың дүниеге келуі ата-аналардың ерікті әрекеті. Өзгерлерге қауіп-қатер төндіру теріс әрекет, ендеше біздің кесірімізден қауіпке ұшырағанды құтқару оң әрекет», – деп жазған өз еңбегінде ағартушы, философ және заңгер А.П. Куницын. Бұл «қауіптен құтқару», оның ойынша, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, дене және ой күшін жетілдіруден тұрады, яғни тәрбиелеу деген ұғымды білдіреді. Н.И. Щелгуновтың пікірінше, «тәрбиелеудің міндеті балаға қатесіз сана беру, өз мінез-құлқына қажетті қағидаларды ұстануға итермелейтін

⁹ Антология педагогической мысли России второй половины XIX – начала XX в. / Сост. П.А. Лебедев. М., 1990.

фактілерді айту, мүмкіндігінше осы шақта және болашақта өкінбейтін әрекеттерге үйрету»⁹.

Тәрбиелеудің қажеттігі ғылымда адам табиғатына оның биологиялық және әлеуметтік ара қатынасына деген жаңа көзқарастың пайда болуымен беки түсті. «Бала сезімі мен түсінігі жағынан өркениетті адамнан гөрі жабайы адамға жақынырақ»; «Жаман қылықтармен туу мүмкін емес», – деген сияқты пікірлерді сол кездегі педагогикалық еңбектерден оқи аламыз. Осы жаңа көзқарасты В.Г. Белинский былай деп түсіндіреді: «Біз жарамсыз қылыққа бейім адамдарды табиғат жаратты дегенді жокқа шығармаймыз, бірақ мұндай адамдар сирек кездеседі және оны дұрыс тәрбие түзете алады дегенге сенеміз»⁹.

Осылайша, тәрбие жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды құралына айналды және ол ең бірінші отбасына жүктелді. Тәрбие мақсатына жету үшін ғылым ата-аналарға кең көлемде өкілеттілік пен құқық бере отырып, кейбір шектеулерді де қалыптастыруға ұмтылды. Мысалы, А.П. Куницынның ойынша, «тәрбиеге жатпайтын» кез-келген билік заңсыз, тәрбиелеу үшін белгіленбеген жаза да әділетсіз⁹. «Қатаң жаза әдетке айналып кетуі мүмкін және балаға қорқытудан басқа ештеңе әсер етпейді», – деп жазды И.Ф. Богданович өзінің «О воспитании юношества» атты педагогикалық еңбегінде⁹. «Тәрбиенің құралы мен делдалы ретінде махаббат, ал мақсаты ретінде – адамгершілік қолданылуы керек деген В.Г. Белинский⁹. А.П. Куницын – «Ата-аналар балаларын өзінің жеке меншігі ретінде қолдануға құқысы жоқ, олардың өмірін қорлау немесе өлтіру құралы ретінде пайдалана алмайды»¹⁰ – деген. Көріп отырғанымыздай, педагогикалық ғылым, оның артынан қоғам да ақырындап, ортағасырлық тәрбиелеу ұстанымынан бас тартып, ата-аналар мен балалар арасындағы жаңа, серіктестік және адамгершілік қарым-қатынастарға аяқ басқан. Мұндай мәдени жаңашылдықтың қорытындысына ата-аналардың қатал билігінің отбасы ішіндегі ықпалының әлсіреуі мен оны сот пен заң жүзінде бақылаудың күшеюі жатады.

Жоғарыда аталғандар отандық (және әлемдік) тарихта отбасы ішіндегі қатынастардың мазмұнын, формасын, тәрбиелеу әдісін анықтайтын тұлғалар аралық өзара қарым-қатынастың шартты түрде екі түрі бар екенін білдіреді: бұл — авторитарлық – патриархалдық және демократиялық. Соған сәйкес балалық шақтың әлеуметтік тарихының екі негізгі кезеңін бөліп алуға болады. Бірінші кезең, бала отбасы иесінің сөзсіз билігінде болды және қоғам мен мемлекет оны тәрбиелеу мен қорғау бойынша

¹⁰ Пудовочкин Ю.Е. Ювенальное уголовное право: теоретико-методологические и историко-правовые аспекты. — М., 2001.

ешқандай әрекет етпейді және бала ерекше объект деп танылмайды, бұл кезең қазақ даласында XIX ғасырдың ортасына дейін орын алды; екінші кезең, гуманизациямен, ішкі отбасылық либерализациямен және баланың мәдениеттің барлық салаларына деген қызығушылығының өсуімен сипатталады, ол бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Аталған кезеңдер, сөз жоқ, біркелкі емес, әрқайсысының отбасы мен бала көзқарасына сәйкес қалыптасу, дамуы және тоқырау кезеңдері, әртүрлі, кейде тіпті бір-біріне қайшы келетін идеялар мен көзқарастары байқалады. Соған қарамастан, осындай кезеңдерге бөлу баланың әлеуметтік мәртебесінің мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс үшін жауапкершілікке тарту туралы қылмыстық заңдылыққа жасаған тарихи-құқықтық талдау нәтижесі балалық деген әлеуметтік қатынасының түріне және қылмыстық құқықтың даму деңгейіне байланысты төрт кезеңді бөліп алуға болады.

Қылмыстық құқықтың дамуының бірінші кезені (X – XIX ғасырдың басы) адамның табиғаты, өмірлік мүдделері, денсаулығы, балалардың жыныстық дамуы мен неке қатынастарына деген олардың қызығушылығымен сипатталады. Осы кезеңде маңызды сот прецеденттер құрылады, ол баланы ұрлау, алмастырып алу, оған қатысты келісімге отыру, тәрбиесімен айналыспау және т. б. туралы құқықтық нормалардың негізін қалады. XVIII ғасыр балаларды қорғау және қылмыстың алдын алу ісінде мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың ынтымақтастығының концептуалдық және қолданбалы ережелерін дайындау идеясын құрумен ерекшеленеді.

X – XIX ғасырдың бас кезіндегі отандық заңдылықтарға жасалған талдау жеке тұлғаның құқығы мен мүдделерін қорғауға арналған қылмыстық заңды қолдану аясының кеңеюінде тұрақтылықтың пайда болғанын көрсетеді, онда нормативтік-құқықтық актілер санының көбеюі мен оның мазмұнының гуманизм және ағартушылық идеяларының ықпалынан өзгеруін көруге болады.

Қарастырылып отырған кезеңде кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс туралы нормалардың институтталуы болған жоқ, дегенмен ол үшін қажетті барлық құқықтық материал жинақталды (тәжірибе жүзінде сынақтан өтті және нормативтік тұрғыда бекітілді). Соған сәйкес құқықтық нормалар әртүрлі жолдармен пайда болып отырды: бастапқы кезде олар қандай да бір дәстүрді рәсімдеуден немесе сот прецедентін нормативтік тұрғыда бекітуден тұрды, кейіннен олар дербес құрылу ретінде болды. X – XIX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында бұл үш тәсіл де болды. Бірақ қайсы болса да олар әлеуметтік тұрғыда негізделген және әлеуметтік жағынан шектеулі болды, қоғамдағы балаға деген қатынаста өз қолтаң-

басын қалдырды.

Осы орайда, америкалық психоаналитик, әлеуметтанушы және тарихшы Ллойда Демоздың пікірін айта кетпеске болмайды: «қоғамдағы тәрбиелік дәстүрлер мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, басты тасымалдаушысы, мәдениеттің өзге бөлшектерін дамытушысы; олар белгілі бір шек қояды, ол өз кезегінде тарихтың барлық салалаларында қол жеткізіледі»¹¹. Осы «тәрбиелік дәстүрлер» талдап отырған нормалардың мазмұнын айқындап береді. Тәрбиенің көзге түсетін және амбивалентті стилі жағдайында (Л. Деймоздың пікірінше) заң шығарушы назары тек адам құқығын қарастыруда болды; ол адамның физикалық табиғатына қатысты құндылықтарды қорғауға тырысты: өмірі, жыныстық қол сұқпаушылық және денсаулық.

Бұл минимумның бастапқы кезеңдерінде заң діни идеологияны ұстанды. Тек XVIII ғасырдың орта кезінде ғана баланың әлеуметтік мәртебесіне өзгерістер енді, балалық шақтың дербес әлеуметтік және психологиялық құндылықтары мойындалды.

Осы екі феноменнің қиылысқан кезеңінен кәмелетке толмағандарды қорғау туралы жаңа құқықтық актілер пайда болды, бұл XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бас кезі болды, оған мемлекеттегі саяси идеологияның өзгеруі де ықпал етті; XVIII ғасырдың екінші жартысы – заңның күштілігіне және заңды тыңдау керектігіне сенім ұялаған кезең. Бұл жағдайда өскелең ұрпақтың мүдделерін қорғау саласы да кеңейді, ол ең алдымен тәрбиелеу, оқыту және материалдық тұрғыда қамтамасыз етуден тұрды. Бұл да кездейсоқ емес, себебі «мәдениет аса үлкен назар аударатын және құндылықтарға ие әлеуметтік топ пен өзмірлік әрекеттер қатаң бақылауға және реттеуге ұшырайтыны» белгілі.

Сот және әкімшілік істерден жинақталған тәжірибе XIX ғасырда жаңа сапаөзгерістерге ұшырады, бұл қазақ даласындағы қылмыстық құқықтың дамуының екінші кезеңіне сәйкес келеді. Бұл уақытта құрылған қылмыстық заң кодификациясы, маңызды нормативтік актілер алғаш рет отбасы мүддесі мен кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс туралы жеке бөлімде қарастыратын болды, онда балалардың табиғи және әлеуметтік мүдделеріне қол сұғушылықпен белгілі. Осы кезең балалық шақты қылмыстық-құқықтық қорғауды ғылыми тұрғыда қарастырумен сипатталады, оның нәтижесі бала мүдделеріне қылмыстық қол сұғудың жаңа түрлерін криминализациялау бойынша мемлекеттік саясаттың бірізділігін ақтау болып табылады.

XIX – XX ғасырдың бас кезінде Кеңестік кеңістікте қылмыстық-құқық

¹¹ И.С. Конның цитатасы Ребенок и общество. — М., 1988.

жүйесінде кәметке толмаған адамдардың мүдделерін қорғауға бағдарланған жеке құқықтық институт пайда болды. Кәметке толмағандардың қылмыстық құқығын қорғау жөніндегі Ерекше бөлімде келесі нормалар орын алды: 1) ата-аналар мен оларды алмастыратын адамдар тарапынан жасалған кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс, олардың екі түрі бар: ата-ана билігін асыра пайдалану; 2) педагогтар тарапынан жасалған кәметке толмағандардың тәрбиесіне қарсы қылмыстар; 3) жұмыс берушілер мен шеберлер тарапынан болатын, кәметке толмағандардың еңбек құқығына қарсы қылмыстар; 4) кәметке толмағандардың мүдделерін бұзушы жеке адамдар жасаған қылмыстар; 5) жәбірленушінің кәметке толмаған немесе жасының кішілігін жіктеу белгісі ретінде пайдаланатын өзге де қылмыстар. Балалық шақты қорғаудағы мұндай тәсіл орынды (егер заң техникасын есепке алмағанда) және бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыспен күрестің заңда белгіленген моделін жүзеге асыру тек жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен құқық қорғау құрылымының жұмыс сапасына ғана байланысты емес, оларға қоғам тарапынан болатын қолдауға да, оның балалық шақты қорғаудағы белсенділік дәрежесіне де байланысты. Тарихтың талдап отырған кезеңінде жасөспірімдерге қарсы қылмыс превенциясы саласында жеке бастамашылық көпшілік билікке қаржы, ақпараттық, ұйымдастырушылық қолдау жасауда көрінді. Ол олардың ресми түрде айтылған әрекетін барынша толтырып отырды, ал кейде мемлекеттік биліктің ниетін жүзеге асырудың жалғыз формасы болып табылады.

Қоғамдық өзіндік әрекет елдегі азаматтық қоғам мен ұлттың өзіндік сана-сезімінің даму деңгейінің көрсеткіші болып табылады, бірақ оны аса бағалаудың да қажеті жоқ. Балаларды тәрбиелеудің және оларға қатал қараудан қорғаудың қайырымдылық тәжірибесіне балалық шақ пен тәрбиелеудің мәні туралы басқаша түсінігі бар жоғарғы білімді қазақстандық қоғам мүшелері тартылды. Елдің негізгі тұрғындары патриархалды тұрмыс кешеді, онда балаларды қорғау мен сақтау проблемасы ерекше болмаған. Соған байланысты Қазақстандағы мемлекеттің төтенше және өркениетті рөлін атап өткен дұрыс. Өзінің ағартушылығы арқасында мемлекет адамгершіліктің гуманизациялануының қажеттігіне халықаралық ықпалын және қоғамдық қатынастардың өзгеруі себепті өзіне жаңа идеяларды бастамашы рөлін алған және оны соған сәйкес құқықтық нормалармен рәсімдеді. Осы тақырыпта Б. Мироновтың пікіріне жүгінуге болады: «Империя кезеңінде құқықтың дамуының негізгі сипатына халықтың өмірі мен қажеттілігін алдын ала көре отырып, құқықтық нормалар өзгергенін жатқызуға болады: мемлекет үнемі елдің мұқтажын қоғамнан бұрын түсінді және соңғыларын

Батыстан ала отырып, құқық арқылы өзгеріске итермеледі. Осыдан көптеген проблемалар туындады: әлеуметтік және саяси қатынастары жағынан әлдеқайда дамыған мемлекеттерден алған жаңа құқықтық нормалар жиі өмірден алшақ болды... заң тұрғысынан бекітілгендер шындыққа сәйкес келмеді. Бірақ, бұл қол жеткізгендердің маңыздылығын жойған жоқ: заңды нормалар құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам идеалын құрды»¹².

Дегенмен, ХІХ ғасырдағы қазақ даласының құқықтық нормалардың ресми түрде болғанына қарамастан, кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғау бойынша мазмұны жалпы балалық шақты қылмыстық-құқықтық қорғау идеалы туралы ғылыми түсінікке, осы қорғаудың сапасын арттырудың жалпыеуропалық тенденцияға сәйкес келеді және Қазақстанның ювенальды қылмыстық құқықтың әрі қарайғы даму бағытын анықтап, классикалық үлгіні болды.

Қылмыстық құқық дамуының үшінші кезеңі кеңестік құрылымның бекітуімен байланысты және ХХ ғасыр шегін қамтиды. Балаларды қорғау саласындағы төңкеріске дейінгі құқықтық мұраны қабыл алмай, жаңа билік бұл уақытта оларды қорғаудың өз жүйесін құруға тырысты, оның жетістігіне кәмелетке толмағандарды отбасылық, еңбек, азаматтық, әлеуметтік заңдылықтар туралы құқықтық ұйғарымдар тобын дамыту жатады. Қылмыстық құқық саласында заң шығарушы кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар туралы бөлімнен бас тартты, дегенмен қаралып отырған кезең бойы заңға қоғамның дамуының объектілік қажеттілікке негізделген, ювенальды мазмұндағы нормаларды енгізді. Жалпы ХХ ғасыр идеологиялық ұстанымдар мен саяси конъюнктураға ұшыраған, балаларды қорғау мәселесі бойынша ресми билік позициясының тиянақсыздығымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде балаларды қорғау туралы қылмыстық-құқықтық нормалардың әрі қарайғы оң динамикасына алғышарттар құрылған болатын.

1917 жылы басталған төңкерістік қайта өзгертулер алғашқы кездері қоғамдық өмірдің барынша демократиялануына әкеп соқты, ол жыныстар аралық және отбасы ішіндегі байланыстардың либерализациялануына, баланың әлеуметтік мәртебесінің артуына, оны қоғамдық қатынастардың толыққанды, тең және ерекше назар аударуды талап ететін және қолдауды қажет ететін субъект ретінде танылуына ықпал етті. Бұл терең адамгершілік, өркениетті және барынша прагматикалық пікірден, коммунизмнің әлеуметтік тірегі болып табылатын адамдардың жаңа категориясы – кеңестік азаматтарды мемлекеттік күш салу арқылы қалыптастыруға деген ұмтылыстан туындағанымен түсіндіріледі, ол балалардың қоғамдық тәр-

¹² Миронов Б.Н. Правовое положение детей: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Ставрополь, Т. 2. — 2002.

билеу идеясын белсендіру және біртіндеп жүзеге асырудан көрініс тапты.

Әлеуметтік-саяси қатынастарды модернизациялау құқық саласын да, соның ішінде қылмыстық құқықты да айналып өтпеді, онда көрініс тауып, бекіді. Мұнда оны қылмыстық заңдылықтың Жалпы және Ерекше бөлімдердегі нормалардың түбегейлі жаңаруынан көруге болады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде басымдылық таныту керектігін мойындаған мемлекет балалардың қылмыстық-құқықтық қорғауды күшейту қажеттігін ресми түрде мойындай алмады (құқықтық қана емес, саяси себептерге де байланысты). XX ғасыр бойы кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік нормалары институтталған жоқ, олар қылмыстық заң мәтінінің барлығында бөлініп-бөлініп орналасты немесе өзге нормативтік-құқықтық актілерде қарастырылды, бұл заңдық күшті ыдыратты, тіпті сот тәжірибесіне теріс жол көрсетті. Бұл фактіні кеңестік қоғамда қылмыстың, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстың жоқ екенін ұстанған саяси және идеологиялық ұстанымдардың болуымен түсіндіруге болады. Логикалық тұрғыдан алғанда, балалар мемлекет қорғауында бола отырып, ештемеге мұқтаж емес, дұрыс тәрбие алады, сондықтан заң шығарушы кодифицияланған актіде (қылмыстық құқықтың жалғыз ғана дереккөзі) кәмелетке толмағандарға қарсы қылмысқа жауаптылық туралы ерекше бөлім арнай алмады, сөйтіп ұмытуға тырысқан бұл мәселеге ерекше назар аудару керектігін көрсетті. Кеңестік дәуірдегі қылмыстық заңнамалардың негізгі бөлімінде бұл тақырып мүлдем қозғалмаған, себебі 20 жылдары бұл мәселе қаралмады да, тек XX ғасырдың екінші жартысында ғана қайта қаралды. 1917 жылы болған төңкеріс кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық заңның гуманистік бастамасын жіктеуге мүмкіндік бермеді, себебі биліктің бастапқы кездегі жалпы құқыққа деген қатынасы, соның ішінде балаға «құмысшы-шаруа» ретінде қабылдаудың дәстүрлі көзқарасы күрделі болды. Нәтижесінде, балаларға қарсы жасалған қылмысқа жауаптылықты заң жүзінде шешу ісі тек жартылай сипатта болды. Қылмыстық-құқықтық қатынастарды Жалпы бөлім нормалары арқылы реттеу, Ерекше бөлімнің қылмыс құрамын құрылымдаудан бас тартуға ұмтылу туралы биліктің бастапқы ұстанымдары, төңкерістік ар-ұятқа және құқықтық санаға деген үлкен үміт арту, төңкеріске дейінгі мұрадан бас тартуы кеңестік биліктің алғашқы онжылдығында тән сипат болғандықтан, алғашқы қылмыстық-құқықтық актілерде кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстарға жауапкершілік проблемасына заң шығарушы тұрғысынан назар аса аударылмады. Бірақ, өскелең ұрпақтың мүддесін қорғауға деген объектілік қажеттілік криминализацияланған әрекеттер тізімінің үнемі кеңейіп отырғанын анықтады. Кәмелетке толмағандардың жыныстық, отбасы ішілік, мүліктік, адамгершілік мүдделерін қорғау туралы нормалар тобы

дәстүрлі түрде бөлініп отырды. Дегенмен, XIX ғасырдың заңдылығына қарағанда кеңестік кодекстер балаларға қарсы қылмыстар туралы дербес бөлімді, саяси ұстанымдарға байланысты, бөліп қарастырмады.

XX ғасырдың аяғындағы қоғамдық өмірді идеологиясыздандыру, криминологиялық жағдайдың өзгеруі, құқықтық реформалар кәмілетке толмағандарды қорғау туралы Қылмыстық Кодекстің нормаларын институттау туралы мәселелер бойынша позициясын өзгертуге ықпал етті, ҚК 90 жылдары дайындалған жобалары Жалпы және Ерекше бөлімдердегі соған сәйкес бөлімдерден тұрды, бұл қылмыстық-құқықтық ғылым тарапынан айқындалды және итермеленді. Нәтижесінде, құқықтық дәстүрдің ғасырлық үзілісі отандық төңкеріске дейінгі және әлемдік тәжірибесі рецепциямен аяқталып, кәмілетке толмағандардың жауапкершілігі мен оларға қарсы жасалатын қылмысқа жауапкершілік ҚК дербес реттелді, бұл өскелең ұрпақтың мүддесін қорғау ісінде жаңа мүмкіндіктер ашты.

1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы ҚК Қазақстанның қылмыстық құқығы дамуының төртінші кезеңі басталды, ол қылмыстық-құқықтық қорғаудың алғышарттарының ауысуы, қылмыстық заңның саясаттанудан арылуы, идеологиясыздандыруы және жалпы қабылданған әлемдік қауіпсіздік стандарттарының мазмұнына сәйкестенуімен сипатталады. Балалық шақты қорғау саласында қылмыстық құқықтың дамуында жаңа серпін Қазақстан Республикасы ҚК кәмілетке толмағандарға қарсы қылмыс туралы дербес нормалар институтының пайда болуымен орын алды, бұл заңның дамуындағы жоғарғы деңгейге қол жеткізудің көрсеткіші және оның сапасының кепілі болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген кәмілетке толмағандардың құқығы мен мүддесін қорғау туралы қылмыстық заңдылықтың даму кезеңдерінің мазмұны қылмыстық құқық тарихы, адам проблемасының айналасына айналып, одан белгілі бір құқық субъектісін көруі, бұл салаға тән ішкі гуманизмінің болуын көрсетеді. Қылмыстық құқық гуманизмі кең және терең мәнге те, ол адамның жеке тұлғасына ықпал етудің тек қылмыстық-құқықтық объектісі ретінде ғана емес, қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі ретінде де маңызға ие болды. Оның маңызы қылмыстық құқық қорғайтын, «Барлығы адам үшін және адамның игілігі үшін» деген ұран сөзді ұстанған гуманистік құндылықтар, иерархия мүдделерінен тұрады.

Ғылымда адамды жоғарғы құндылық ретінде тану қылмыстық саясаттың гуманистік моделінің өзіне тән сипатын құрайды. Қылмыстық құқықтағы және саясаттағы гуманистік бастаманы бекіту зерттеу заты ретінде бірнеше бағыттарда жүргізілді:

1) балаларға қарсы қылмыстар туралы істі шіркеулік юрисдикциядан алу арқылы өскелең ұрпақтың мүддесін қорғау мемлекеттік маңызды іс деп

тану;

2) ата-ана билігін шектеу және бала құқығын сақтау мақсатында отбасын мемлекеттік және қоғамдық бақылау үшін «ашу»;

3) кәмелетке толмағандардың мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретінде тану;

4) кәмелетке толмағандардың мүдделерін бұзатын әрекеттерді оларға қарсы әрекеттерге тыйым салу арқылы криминализациялау;

5) кәмелетке толмағандар мен кішкентай сәбилерге қатысты жасалған қылмыстарға жауапкершілікті жіктеу;

6) кәмелетке толмағандарға қарсы олардың тәрбиесі мен күтіміне жауап беретін адамдар жасаған қылмыс үшін жауапкершілікті жіктеу;

7) кәмелетке толмағандардың олардың өмір сүру әрекеттерінің әртүрлі салаларында мүдделерін қорғауға құрылған арнаулы әкімшілік, қоғамдық және юрисдикциялық органдар жүйесінің қалыптасуы.

Аталған бағыттардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ, сөйтіп кәмелетке толмағандарға қатысты қазіргі Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатының мазмұнын анықтап отыр.

1.2 Қазіргі Қазақстандағы кәмелетке толмағандарды қорғаудың қылмыстық-құқықтық негіздері

Баланың ерекше әлеуметтік мәртебесінің маңызы және олардың өркениетті қоғамдастықтың барлық өмір сүру саласындағы қауіпсіздігінің кепілдемесін қамтамасыз ету қажеттігі жақында ғана қабылданды. Баланың қоғамдық қатынастардың белсенді субъектісі ретінде, оның өзіне тән құқықтар кешені бар екенін таныған алғашқы халықаралық құжат 1924 жылы пайда болды. Баланың құқығы туралы Женевалық Декларацияда дене және ақыл-ой жағынан толықтай толыспауына байланысты бала «туғанға дейін және туғаннан кейін де, қажетті құқықтық қорғаудан тұратын, арнаулы қорғау мен қамқорлықты қажет етеді». Осы сәттен бастап бала құқығы туралы бір де бір халықаралық-құқықтық акт кәмелетке толмағандарды құқықтық және әлеуметтік қорғау проблемасын назардан шығарған жоқ.

Мысалы, 1948 жылы қабылданған адам құқығының Жалпы Декларациясы келесі ережелерді бекітті: 1) «отбасы қоғамның жалғыз және негізгі ұяшығы болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан қорғауға ие болуға құқылы», 2) «ана мен бала ерекше қамқорлық пен көмек алу құқығына ие», ал «барлық балалар некеде туса да, некесіз туса да бірдей

әлеуметтік қорғауды пайдалана алады»¹³.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт (1966) бұл ережелерді қолдады «шыққан отбасылық тегі немесе өзге де белгілері бойынша кемсітушілікке ұшырамай, балалар мен кәмелетке толмағандардың барлығына қатысты ерекше қорғау мен көмек көрсету шаралары» және бекітілді».

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт (1966) «кез-келген бала нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, дәулеті немесе тууы бойынша ешбір кемсітусіз оның жасы кішілігіне байланысты отбасынан, қоғамнан және мемлекеттен алатын құқыққа ие» болуды анықтады. Осындай ережелер аймақтық сипаттағы құжаттарда да бар, соның ішінде адам құқығы мен негізгі еркіндігі туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Конвенциясының 17-бабында көрсетілген (1995).

Аталған құжаттардағы ережелерді дамыта және талдай отырып, әлемдік қоғамдастық балалардың құқығы мен оларды қорғауға арналған арнаулы бірнеше актілер қабылдады. Олардың арасында БҰҰ бала құқығының Декларациясы (1959) және БҰҰ бала құқығы туралы Конвенция (1989) ерекше орын алады.

Өзінің қысқалығына қарамастан, бала құқығы туралы Декларация бала құқығын дамыту үшін аса маңызды әлемдік қоғамдастықтың назарын өзіне аудара білді. Мұнда да «бала толық және үйлесімді дамуы үшін сүйіспеншілік пен түсінушілік қажет. Ол қажет болған жағдайда өз ата-аналарының қамқорлығы мен жауапкершілігінде өсуі керек және кез-келген жағдайда сүйіспеншілік пен моральдық және материалдық қамтамасыз етілген атмосферада болуы керек». Декларация ережелері 1989 жылғы Конвенцияның негізі болып табылады, қатысушы-мемлекеттер он сегізге толмаған барлық жеке тұлғаларға жеке бас, әлеуметтік, экономикалық және саяси құқықтар кешенін баланың жеке тұлғасын «Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған идеалдар рухында, әсіресе бейбітшілік, адамгершілік, төзімділік, еркіндік, теңдік және ынтымақтастық рухында қалыптасуы мен дамуына ықпалы бар міндеттемелер алды.

Концептуалдық маңызға ие аталған актілер кәмелетке толмағандардың жеке құқықтарын реттейтін және қорғайтын құжаттармен толықтырылады. Оған БҰҰ адамдарды сату және жезөкшелікпен айналысуға үшінші тұлғалардың пайдалануымен күрес туралы Конвенцияны (1950), балалардың ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы БҰҰ Конвенциясы (1989), халықаралық бала асырап алу саласындағы ынтымақтастық пен

¹³ Адам құқықтары туралы халықаралық актілер. Құжаттар жинағы. — М., 2000.

балаларды қорғау туралы БҰҰ Конвенциясы (1993), балаларды қорғау мен аمانдығына қатысты, әсіресе балаларды ұлттық және халықаралық деңгейде тәрбиелеу және оларды асырап алуға беру кезіндегі әлеуметтік және құқықтық қағидалар туралы Декларация (1986), бала еңбегінің ең сорақы формаларын жою бойынша тыйым салу және жедел іс-шара қолдану туралы МОТ Конвенциясы (1999), Отбасындағы зорлыққа қарсы күрес бойынша Еуропа Кеңесі мемлекет-мүшелерінің Министрлер Комитетінің Ұсынысы (1989), кәмелетке толмағандарға қатысты әділ сотқа жіберуге қатысты, БҰҰ минималды стандартты ережелер (Пекиндік ережелер, 1985), кәмелетке толмағандардың арасында қылмысты ескертуге арналған БҰҰ басшы қағидалары (Эр-Риядскілік басшы қағидалар, 1990) және т. б.

Бұл құқықтық актілер кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық негізі болып табылады, оның басты мақсаты әр балаға жақсы болашағын қамтамасыз етуден тұрады. Осы мақсатқа ұмтыла отырып және «әлем балалары кінәсіз, әлсіз және тәуелді», сондай-ақ олар «білімқұмар, жігерлі және үмітке толы» екенін ескере отырып, «олардың уақыты қуаныш пен бейбітшіліктен, ойыннан, оқудан және өсуден» тұруы керек және «Болашағы үйлесімділік пен ынтымақтастыққа негізделуі керек», әлемдік қоғамдастық бала өмірін жақсартуға бағытталған өз алдына он негізгі міндеттер қойды. Олар балаларды күн көріс, қорғау және дамытуды қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік декларацияда тіркелген (1990), соған сәйкес қол қойған мемлекеттер өздеріне міндеттемелер алды: 1) бала құқығы туралы Конвенцияны жылдам ратификациялау және жүзеге асыруға ықпал ету; 2) балалар денсаулығын нығайту, туғанға дейінгі дәрігерлік көмек пен бала өлімін азайтуды қамтамасыз ету бойынша шешімді іс-шаралар қабылдау; 3) аштық пен ашығуды жоюға бағытталған шаралар негізінде балалардың өсуі мен дамуын барынша қамтамасыз ету; 4) отбасын құруды жоспарлау және қауіпсіз ана болуға жауапкершілікке ықпал етуде әйелдердің рөлі мен жағдайын күшейту; 5) балаларды қамтамасыз етуде отбасы рөліне деген сыйласымдылыққа ықпал ету; 6) сауатсыздық деңгейін төмендететін және барлық балаларға білім алуға мүмкіндік беретін бағдарламаларды жүзеге асыру; 7) қиын жағдайларға ұшыраған жетім балалардың, қаңғыбастардың, мигранттардың, мүгедектердің, қатал зомбылыққа ұшыраған, пайдалануға ұшыраған және т. б. жағдайдағы балалардың жағдайларын жеңілдету; 8) балаларды соғыс қиындығынан қорғау, оларға бейбіт және қауіпсіз болашақты қамтамасыз ету; 9) балалар қауіпсіз және экологиялық дені сау болашақта өмір сүру үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар қолдану; 10) ғаламдық қайыршылықтың болдырмау, ол балалардың амандығын қамтамасыз ету үшін тікелей пайда келтірер еді.

Балалар алдындағы мемлекеттер алған міндеттемелерді әрі қарайғы бекіту және дамыту БҰҰ Бас Ассамблеясының арнаулы сессиясындағы «Балаларға арналған Әлем» атты Қорытынды құжат (2002) көрсетілді, онда «балаға арналған әлемді құру» бойынша ғаламдық әрекет ету жоспары жасалды, ол адамның тұрақты әлеуметтік дамуы баланың мүдделерін қамтамасыз етуде демократия, теңдік, кемсітпеу, бейбіт және әлеуметтік әділеттілік, сондай-ақ барлық адам құқығының, соның ішінде даму құқығындағы әмбебаптық, бөлінбестік, өзара тәуелділік пен өзара байланыс қағидаларына негізделеді.

Аталған нормативтік актілер мен декларациялар бүгіндері халықаралық-құқықтық кеңістікте маңызды баланың құқығы мен мүдделерін қорғауда басым әмбебап қағида бар екенін көрсетіп отыр. Оның мазмұны бала мүддесін сақтауды қамтамасыз етуде мемлекеттің ішкі әлеуметтік (құқықтық және қылмыстық-құқықтық) саясатты жүргізу кезінде мемлекет өзіне алған міндеттемелерді орындаудан тұрады. Бұл қағида бала құқығы туралы Конвенцияның 3-бабында көрсетілген, онда «балаларға қатысты барлық әрекеттерде әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерімен айналысатын, мемлекеттік немесе жеке мекемелердің, соттардың, әкімшілік немесе заң органдарымен жасап отырғанына қарамастан, ең бірінші бала мүддесін барынша қамтамасыз етуге назар аударады». Қағиданы нормативтік тұрғыда рәсімдеу аса маңызға ие, себебі, ғылымда көрсетілгендей, «жалпыға белгілі» халықаралық құқық қағидасы әмбебап халықаралық-құқықтық нормада бекітілген қағида болуы керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабы 2-тармағына сәйкес жалпыға белгілі қағидалар мен халықаралық құқық нормалары оның құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 тамыздағы «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу және балалар қараусыздығы мен қаңғыбастығын ескерту туралы» № 591 бұйрығында Қазақстанның құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігіне «халықаралық пактілерде, конвенцияларда бекітілген және тағы басқа құжаттар» халықаралық құқық қағидалары ғана жатады.

Осылайша, баланың құқығы мен мүдделерін қорғаудың басты қағида бола отырып, қазақстандық құқықтық жүйенің бөлігі болып, оның ішкі саясатын қалыптастыру мен жүзеге асырудың негізі болып табылады. Ішкі әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігіне қылмыстық саясат, сондай-ақ баланың құқығы мен мүддесін жақсы қамтамасыз ету қағидасы жатады.

Қылмыстық саясаттың теориялық құрылымына түбегейлі талдау жасамай-ақ, біздің түсінігімізде ол қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық-атқарушылық және алдын-алу заңдылықтарында нормативті

түрде рәсімделген, мемлекеттің қылмыспен репрессивті (қылмыстық-құқықтық) те, арнаулы-алдын алу шараларымен де жүргізген әрекетін білдіретінін атап өткіміз келеді.

Соңғы уақыттары ғылымда кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясаттың ерекшелігін зерттеу мәселесіне баса назар аударылып отыр: ювенальды пенитенциарлық саясат проблемалары талдауға ұшырады, ювенальды юстиция жүйесінің теориялық негіздемесіне қатысты сұрақтар белсенді талданып жатыр, ювенальды қылмыстық-құқықтық саясатының теориялық тұжырымдамасы құрылып жатыр. Нормативтік материалдар мен теориялық әзірлемелерге жасалған талдау кәмелетке толмағандарға қатысты (ювенальды қылмыстық саясат) қылмыстық саясат, отбасылық саясат, қылмыстық саясат және балалар жағдайын жақсартуға қатысты саясат тоғысында пайда бола отырып, объектісі, мақсаты, қағидалары және мазмұны жағынан өзіне тән ерекшеліктерге ие.

Ювенальды қылмыстық саясат объектісіне, бір жағынан, кәмелетке толмағандардың теріс мінез-құлықтары (жасөспірімдердің қылмысқа дейінгі мінез-құлық формалары, кәмелетке толмағандар қылмысы және жас тұлғалардың қылмыстары); екінші жағынан – кәмелетке толмағандардың даму үдерісін бұзатын қылмыстар жиынтығынан тұратын қылмыстар жатады. Ювенальды қылмыстық саясаттың объектісін осылайша кеңінен анықтау, ең алдымен, оны тудырушы құбылыстардың өзара тығыз байланысы, оларға қатысты, соның ішінде кәмелетке толмағандар тарапынан қоғамдық қауіпті әрекет жасағанда да, кәмелетке толмағандардың өздеріне қол сұғушылық орын алғанда да құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған мемлекет тарапынан болатын билік әрекетінің мәндік сипатына байланысты. Ювенальды қылмыстық саясаттың объектісін осылайша анықтау адамның құқықтық қатынастар саласына түсуімен байланысты қорғау жағдайы ретіндегі, кәмелетке толмағандардың заңды қауіпсіздігін барынша толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өзіне қарсы қылмыс жасалған кәмелетке толмаған қылмыстық-құқықтық қатынастар саласына жәбірленуші ретінде түседі. Кәмелетке толмағандарды оның жеке мүдделері мен қажеттілігі деңгейіндегі әртүрлі қауіптілік факторларынан қорғауды қамтамасыз ету бүгіндері құқыққорғау органдарының басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясында бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясында көрсетілгендей, кәмелетке толмағандардың құқығын қатігездіктен қорғауда күш салуға бар назарды аударуды көрсетіп отыр. Кәмелетке толмағандардың толыққанды (жасына қарай) субъекті ретінде қылмыстарын ескертуге бағдарлану біздің елімізде қылмыстық саясаттың сексуалдық және басқа да мақсатта пайдалану түрінде өзгеріске ұшырауымен сипатталады, бұл кәмелетке

толмағандарды қылмыстық әрекетке, маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікпен және қайыр сұраумен айналысуға тартумен күресті белсендіруді, осындай істер бойынша тергеу сапасына деген талапты жоғарылату, сондай-ақ кәмететке толмағандарға арналған қылмыстық үдерістерде қарастырған барлық құқықтық кепілдіктердің орындалуын қатаң қадағалауды күшейту қажет.

Жалпы ережелерден алынған, осы нормаларды жүзеге асырудан күтілетін әлеуметтік тиімділік, мемлекеттік ықпал ету мен оның мақсатының ерекше объектісінен тұратын кәмететке толмағандардың құқығын қорғайтын нормалардың ерекше мәртебесі мемлекеттің ювенальды қылмыстық саясаты шеңберінде қылмыстық қол сұғулардан жәбір көрген кәмететке толмағандарды қорғау басты бағыттардың бірі болып табылады.

Жәбірленген кәмететке толмағандарға қатысты қылмыстық саясат Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында көрсетілгендей, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады дегенді негізге алады. Кейбір заңгерлер кәмететке толмағандарды қорғау қажеттігіне назар аударуға ұмтыла отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясына кәмететке толмағандардың адамгершілік тұрғысынан дамуына мұқият қарау әрбір ересек азаматтың міндеті екендігін және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті анықтау керектігін енгізу дұрыс деп есептейді. ҚР Конституциясының 37-бабын келесі ережемен толықтыру қажет сияқты: «Кәмететке толмағандардың адамгершілік тұрғысынан дамуына мұқият қарау – әр азаматтың қоғамдық міндеті; бұл міндетті қоғамдық қауіпті бұзу заң жүзінде жазаланады». Бірақ мұндай толықтыру кәмететке толмағандарды қорғау туралы қылмыстық заңдылықтарды қолдану кезінде қылмыстық репрессия саласын негізсіз кеңейтуге әкеп соғуы мүмкін.

Жәбірленуші кәмететке толмағандарға қатысты қылмыстық саясат өзінің мақсаты, қағидалары және мазмұны жағынан мемлекеттің барлық әрекеті жеке тұлғаның мүддесіне бағынатын қылмыстық саясаттың гуманистік моделінің көрінуінен тұрады. Мұндай модель, өкінішке орай, қазақстандық мемлекет үшін дәстүрлі емес.

Ғылымда қылмыстық саясаттың басты объектісі ретінде және оны Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауындағы міндеттер тізіміне енгізуге кәмететке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды қорғау қажеттігі туралы пікір айтылған. Бұл пікір «жас, әлеуметтік және психологиялық жағынан өспеуіне; виктимділіктің артуына байланысты кәмететке толмағандардың өзіне тән ерекше ерекшеліктеріне негізделген, оның салдары олар бала құқығы туралы Конвенцияда көрсетілгендей, мемлекеттің «ерекше қамқорлығы» мен «арнаулы қор-

ғауында» болуы керек. Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы ҚК қосымшаның қажеті жоқ. ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес адам мен азаматтардың құқығы мен еркіндігі қорғаудың ең басты объектісі деп таныған. Бала құқығы оның бір түрі болып табылады және Қазақстан Республикасы ҚК жалпы түсініктің құрамдас бөлігі ретінде тіркелген.

Жәбірленуші кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясаттың гуманистік сипаты оның басты мақсаты кәмелетке толмағандардың даму үдерісін ересектер немесе ата-аналары тарапынан бұзылған жағдайдағы құқығы мен заңды мүдделерін жан-жақты және сапалы қамтамасыз ету болуы керек. Оған қол жеткізу белгілі бір қағидалық ережелерді қатаң сақтауды білдіреді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарды ескерту бойынша мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар әрекеті қылмыстық саясат қағидаларынан, криминалдық цикл құқығының салалары қағидаларынан, категориялар және құқық салаларына сәйкес институт қағидаларынан тұратын қағидалар жүйесі иерархиясына бағынышты болады. Қылмыстық саясат қағидасы – оның барлық: қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық-атқарушылық және криминологиялық бағыттарына тән жетекші идеялар, жалпы бастамалар. Олар мемлекеттің қылмыстық саясаты шеңберіндегі әрекеттердің жеке бағыттары анықтаған қағидаларға қатысты жалпы түсінікті білдіреді. Қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық-атқарушылық, криминологиялық саясат негізіне жататын қағидалар соған сәйкес салалық заңдылықтарда тіркеледі; жеке құқықтар институттар қағидасының мазмұнын анықтайтын құқықтық салалар қағидаларға айналады.

Осыған байланысты криминологиялық саясат қағидаларын анықтауда проблемалар туындайды, себебі бүгінгі күнге дейін осы бағыттағы мемлекеттің әрекетінің негізін реттейтін заң құрылмаған.

Қазіргі қазақстандық қылмыстық саясатының қағидалары Қазақстан Республикасы ҚК 2,4-баптарында, Қазақстан Республикасы ҚАК 5-бабында, Қазақстан Республикасы ҚПК 9-бабында бекітілген. Оларға: заңдылық, гуманизм, әділдік, азаматтардың теңдігі, демократизм деген түсініктерді жатқызуға болады. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғау проблемасына осы қағидалардың әрқайсысы өзіндік қолдануға ие болады. Ювеналды қылмыстық-құқықтық нормаларды құру мен қолдануда, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы жеке тұлғасына қауіпсіздікті қамтамасыз ететін гуманизм қағидасы маңызды орын алады. Қазақстан Республикасы ҚК 6-бабына сәйкес гуманизм қағидасы қылмыстық заңға адам қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, қылмыс жасаған кінәлі

адамға қатысты ақталмайтын қаталдық танытуға жол берілмеуі керек. Бұл нақты қағиданың қылмыстық құқықта екіжақты бағыттылығы туралы айтуға мүмкіндік береді, бір жағынан, қылмыстан жәбірленушінің заңды құқығы мен мүдделерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталса, екінші жағынан – қылмыскерді. Қылмыстық заңдылықтың адамгершілікті ұстанудың дәл осы түсінігі кәмілетке толмағандарды қорғау туралы нормалар жүйесін құрайды және кінәліні және жәбірленушіні жасына қарамастан жауапкершілігін қатуландыру немесе жұмсарту – осының дәлелі.

Ювеналды қылмыстық-құқықтық нормалардың қалыптасып қалған жүйесі мен оларды тәжірибеде қолдануды қылмыстық құқықтағы гуманизмнің көрінуінің нәтижесі ретінде қарау керек. XV ғасырдағы Еуропаның пәлсапалық ғылымына берік бекіген гуманизм адамгершілік талаптардан қоғамдық тұрмыстың барлық салаларын өзіне бағындыра отырып, адамдардың өзара қарым-қатынасының әмбебап формуласына айналды. Отандық заңдылықтағы гуманизмнің тарихына, мазмұнына және даму барысына терең талдау жасамай-ақ, кез-келген ғылым сияқты, гуманизм қағидасы да үнемі жаңа мазмұнмен толықтырылып тұрады және біртегізде оны қолдану саласын кеңейтеді, ол қылмыстық-құқықтық нормалардың қазіргі жағдайын қылмыстық заңдылықтағы гуманизм дамуының бір кезеңі ретінде қарауға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде, кәмілетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғаудың проблемаларын ғылыми әзірлемелерін әрі қарай жүргізуге міндеттейді және заңдылықты гуманизм қағидасының күннен-күнге өсіп келе жатқан талаптарын есепке ала отырып жетілдіруді қажет етеді.

Қылмыстық саясаттың жалпы қағидаларына бағынған кәмілетке толмағандардың мүдделерін қорғау қылмыстық-құқықтық қатынастардың бір қатысушысының (жәбірленушінің) жас ерекшелігіне сай, өз негіздемесінде өзіне тән қағидаларға ие. Өкінішке орай, қазіргі ғылым осы қағидалар туралы тұжырымдар қалыптастырмады, бірақ бұл бағытта кейбір қадамдар жасалған. Мысалы, кейбір ғалымдар кәмілетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясаттың алты қағидасын көрсетіп берген:

1) отандық заңдылықты халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкестендіру;

2) кәмілетке толмағандардың жеке басына қауіпсіздікті барынша қамтамасыз етуге, оның құқығы мен еркіндігін басты қылу мен құндылықтарын қорғауға, кәмілетке толмағандардың күн көруіне, қалыпты дене, психикалық және адамгершілік дамуына, қатігездіктен, кемсітудің, пайдаланудың және т. б. кез-келген түрінен қорғауға қылмыстық заңдылықтарды қайта бағдарлау;

3) кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін заң түрінде

белгілеу мәселелерін шешуде ғылыми негізделген тәсіл және оны жас-өспірімдердің педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық дамуының ерекшеліктерін және криминалдық мінез-құлқының өзіне тән ерекшелігін ескере отырып қолдану;

4) қылмыстық заңның алдын алу тиімділігін арттыру;

5) әрекеттегі және жобадағы қылмыстық заң нормаларының әлеуметтік және криминологиялық негідемесіне экспертиза жасау;

6) адамдардың төрт категориясының өздеріне тән мінез-құлқы мен жеке басын қылмыстық саясат шеңберінде кешенді түрде есепке алу: жәбірленуші кәмелетке толмағандар; қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар; қылмыстық әрекетке кәмелетке толмағандарды криминалдық тартуға кінәлі ересектер; кәмелетке толмағандарға, оларға тәуелді балаларға қатысты қылмыс жасаған ересектер.

Аталған ережелер жүйесінің сөзсіз артықшылығына зерттеушілердің кәмелетке толмағандардың және оларға қатысты жасалған қылмыспен күрес қағидаларын бала мүддесін қамтамасыз ету мақсатында біріктіруге деген ұмтылысы жатады. Бірақ, оның мазмұны кейбір қарсылықтар тудырады: біріншіден, бірінші қағида – заңдылық қағидасының бір сипаты; екіншіден, үшінші және бесінші қағидалары, біздің ойымызша, бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ (заң жобаларына сараптама жасау оны құруға деген ғылыми негізделген тәсілді білдіреді); үшіншіден, алтыншы қағиданың мазмұны түсініксіз (кешенді есепке алу дегеніміз нені білдіреді); төртіншіден, аталған қағидалар анық тұжырымдалмаған; бесіншіден, кейбір қағидаларды автор көрсетпеген.

Аталған еңбектерден басқа жерде жәбірленуші кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясат қағидалары қаралмаған. Соған қарамастан, заңгерлер ювеналды қылмыстық саясаттың жеке бағыттарының қағидаларын белсене әзірлеп жатыр. Мәселен, ювеналды қылмыстық құқықты кәмелетке толмағандардың жауапкершілігін реттейтін ҚК Жалпы бөлігінің нормасында көрсетілгендей, қылмыстық құқықтың бір саласы ретінде қарай отырып, оны қылмыстық жауапсыздық, ұғыну және тәрбиеленетін қағида деп көрсеткен. Ол ювеналды юстицияның келесі қағидаларын тұжырымдады: барынша қорғауға бағдарлану, юстицияның әлеуметтік толықтығы, сот процесін барынша дараландыру. Ювеналды қылмыстық-атқарушылық саясаттың өзіне тән екі қағидасы аталған: кәмелетке толмаған сотталғанға қатысты қорғауға бағытталған қағида және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық-атқарушылық саясаттың әлеуметтік молдығының қағидасы. Кәмелетке толмағандардың қылмысы мен өзге де құқық бұзушылық жүйесінің басты қағидасы ретінде қорғау-сақтау қағидасы да бар. Кәмелетке толмағандардың қараусыздығын және құқықбұзу-

шылығын алдын-алу қағидалары заң деңгейінде айқындалған. «Кәмелетке толмағандардың қараусыздығын және құқықбұзушылығын алдын-алу жүйесінің негіздері туралы» Заңның 3-бабының 2-тармағында олардың қатарына: 1) заңдылық; 2) кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау; 3) отбасын қолдау; 4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік; 5) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу; 6) құпиялылық; 7) ғылыми негізділік; 8) жүйелілік принциптері бойынша жүзеге асырылады¹⁴. Көріп отырғандай, Заң қараусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын-алу қағидаларының қатарына қылмыстық саясат қағидаларын да көрсетіп отыр. Теориялық талдау жағынан алғанда, біздің ойымызша, ол артықтау, себебі аталған қағидалар қылмысты ескерту бойынша мемлекет әрекетінің барлық бағыттары үшін ортақ болып табылады. Сонымен қатар, Заң әлі күнге дейін зерттелмеген қағидалық ережелердің ықпал ету әрекеттерімен негізделген, аса маңызды топтарды да тұжырымдады: отбасымен және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттестік, ересектердің балаларға қарсы қылмыстарына жауапкершілікті қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандардың қылмысы туралы ақпараттың құпиялығы.

Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген еңбектерде Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігіндегі ювеналдық нормалардың мазмұнын анықтайтын қағидалар туралы ештеме айтылмайды. Оларға, біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың құқығын жан-жақты қорғау қағидасы; кәмелетке толмаған жәбірленушіге қатысты жасалған қылмыс үшін жауапкершілікті жіктеу қағидасы; кәмелетке толмағандардың тәрбиесін қамтамасыз ететін жауапты адамдардың жасаған қылмысына жауапкершілікті жіктеу қағидасы.

Жоғарыда аталғандарды қорыта келе, біз, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыспен күрестің келесі жетекші идеяларын тұжырымдағымыз келеді:

1) қылмыстық саясатты жүзеге асыруда кәмелетке толмағандардың мүдделеріне басымдық, онда әлеуметтік және құқықтық коллизиялар бала құқығын сақтауға рұқсат етуді болжайды;

2) қылмыстық саясаттың әлеуметтік-экономикалық шарттылық пен шынайылығы, ол оның экономикалық, әлеуметтік қатынастардың, идеоло-

¹⁴ Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591_

гия мен құқықтың даму деңгейінің дұрыстығын, идеалистік және утопиялық тұжырымдамадан бас тартуды білдіреді;

3) кәмелетке толмағандардың жазалаушылар алдындағы құқығын қорғаудың алдын-алу шараларының басымдылығы;

4) қылмыстық саясаттың ғылымилығы, ол кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясатты және қабылданған заңдылықтардың криминологиялық негізділігін криминологиялық және психолого-педагогикалық циклдік ғылымдардың жаңа жетістігіне сәйкес жүзеге асыруды білдіреді;

5) қылмыстық саясаттың кешенділігі, ол қылмысты ескерту үдерісіндегі құқықтық, ұйымдастырушылық, идеологиялық, экономикалық және өзге де өзара байланысты шараларды қолдануды ғана емес, кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерін алдын алуды оларға қарсы қылмыстың алдын алумен қатар қолдануды білдіреді;

6) кәмелетке толмағандарға қылмыстық қол сұғушылықпен күресте отбасы, қоғам және мемлекет күшін біріктіру кооперациясы (демократизм қағидасы);

7) қылмыстық саясаттың жариялылығы, ол халықты бала мүддесін қорғау механизміне қатысты хабардар ету, оны азаматтардың, қылмыстан жәбір көрген кәмелетке толмағандар мен қылмыскер кәмелетке толмағандардың жеке өмірі туралы ақпаратты құпияда ұстаумен үйлестірумен жүргізу;

8) кәмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін ересек адамдардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және жәбірленуші кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс жасалған кезде де, кәмелетке толмағандардың тәрбиесін қамтамасыз еткен адамдар жасаған жағдайда да жауапкершілігін жіктеу.

Балалардың құқығы мен мүдделерін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының саясаты соңғы онжылдықта аса мазасыз болып отырған негізгі әлеуметтік және демографиялық сипаттамасына құрылып отыр. Мұнда да ерекше алаңдаушылықты мыналар туғызып отыр: бала тууының өсуі (егер 2015 жылы – 398458 бала дүниеге келсе, 2020 жылы – 426824 бала, 2021 жылы – 450652 бала дүниеге келген) сәби өлімінің деңгейі (егер 2015 жылы – 3751 бала өлсе, 2019 жылы – 3360 бала, 2020 жылы – 3286 бала өлген)¹⁵.

Мәселен, Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, 2000 жылы ажырасқандар саны 27391 құраса, 2005 жылы – 32377, 2010 жылы – 41617, 2015 жылы – 53293, 2020 жылы 48002-ға жетті. 2021 жылы 140256 жұп

¹⁵ <https://bala.stat.gov.kz/kz/rozhdzaamost/>

шаңырақ көтерсе, 48239-ның дәм-тұзы жараспаған¹⁶.

Аталған мәліметтер Қазақстандағы балалардың дағдарысты жағдайы туралы айтуға мүмкіндік береді. Экономиканың тұрақсыздығы, көптеген отбасыларының өмір сүру деңгейінің төмендеуінің салдары, кедейшіліктің шегінде немесе кедей өмір сүретін халықтың белгілі бір топтарының болуы, денсаулықты сақтау, білім беру және мәдени мемлекеттік инфрақұрылымдардың дұрыс құрылмауы балалардың жағдайын және отбасы мен мемлекеттің оларды қамтамасыз ету, дамыту және әлеуметтендіру бойынша мүмкіндіктерін барынша төмендетті. Мұндай жағдайларда балалық шақты қорғау проблемасы ерекше мемлекеттік мәнге ие болады.

Балалық шақты қорғау түсінігі өз мазмұны тұрғысынан ауқымды түсінік және экономикалық, саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, әлеуметтік-қалпына келтіру және өзге де шаралар кешенінен тұрады, онда да құқықтық шараларға басты рөл берілген. Балалық шақты құқықтық қорғаудың мәнін түсіну Қазақстанда соңғы жүзжылдықта өзгерген жоқ. Мысалы, ресейлік П.И. Люблинский «балалық шақты құқықтық қорғау – балалардың дамуына қалыпты жағдай жасау және қамтамасыз етуге бағытталған барлық заңды қаулылар мен практикалық іс-шаралардың жиынтығы, оның мақсаты баланың дұрыс мүдделері жақсылап қорғауға әкеп соғатын бала мен қоршаған орта арасында өзара әрекеттестікті орнатудан тұрады¹⁷. Балалық шақты құқықтық тұрғыда қорғауды дені сау баланы дүниеге әкелуге, кәмілетке толмаған балаларға қолайлы дене және рухани дамуына жағдай жасау мақсатында әлеуметтік-экономикалық шаралар жиынтығы деп көрсеткен. М.С. Нәрікбаев балалық шақты құқықтық қорғау мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігі, оның мазмұнына жеке тұлғаның дұрыс әлеуметтенуін, өскелең ұрпақты өмір сүруге бейімдеуді қамтамасыз ету құқығының әлеуетті және бар мүмкіндіктерін қолдану жатады¹⁸.

Балалардың жағдайын жақсарту бойынша жүргізілетін саясат мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бөлігі болып табылады, оның негізгі бағыттары балаға оның заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыру және қорғауға ықпал етуден, бала өмірінің сапа көрсеткішінің мемлекеттік минималды әлеуметтік стандартын бекітуден, баланың білім беру және тәрбиелеу саласындағы әрекетін жүзеге асыру кезінде, денсаулық сақтау сала-

¹⁶ <https://astana-akshamy.kz/azhyrasudyng-astarynda-ne-zhatyr/>

¹⁷ Люблинский П.И., Копелянская С.К. Охрана детства и борьба с беспризорностью. — Л., 1924.

¹⁸ Нарикбаев М.С. Уголовно-правовая охрана детства в Республике Казахстан: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 1997.

сындағы балалар құқығын қорғауды қамтамасыз етуден, кәсіби бағдарлау, кәсіби дайындық пен жұмыспен қамтылу саласында заңды құқығы мен мүдделерін қорғаудан, демалыс пен сауығу құқығын қорғаудан, балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыру кезінде баланың заңды құқығы мен мүдделерін қорғаудан, баланың денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына залал келтіретін ақпараттан, үгіт-насихаттан қорғаудан, қиын өмірлік жағдайда қалған балалардың құқығын қорғаудан тұрады.

Әрине, қазіргі жағдайда балалардың жағдайын жақсарту бойынша жұмыс отбасындағы қамқорлықтан басталуы керек. БҰҰ Бас ассамблеясының арнайы сессиясында қабылданған «Балаларға арналған әлем» атты Қорытынды құжатында «балаларға арналған осындай әлемді құру отбасынан – қоғамның негізгі ұяшығынан басталады, ол ең бірінші баланы қорғауда, тәрбиелеуде және дамытуда басты жауапкершілікке ие. Қоғамның барлық институты бала қауіпсіз және тұрақты ортада өсіп, дамуы үшін ата-аналар мен отбасын құрметтеп, көмек көрсетуі керек». Отбасы саясатының міндеттері отбасы институтын нығайтуға және оның қоғамдағы мәртебесін көтеруге, халықтың физикалық, психикалық, адамгершілік және әлеуметтік денсаулығын жақсартуға, балалар қараусыздығын болдырмауға, сондай-ақ отбасына адресілік әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Қоғам дені сау, белсенді қызмет ететін, өзіндік өмірлік ұстанымдарды, мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетті, тек тіршілік етуге ғана емес дамуға да ұмтылатын, сөйтіп жалпы қоғамның дамуына жағдай жасайтын отбасыларының болуына мүдделі.

Дегенмен, қазіргі әлеуметтік тәжірибеге жасалған талдаулар бүгіндері Қазақстанда балалық шақты құқықтық қорғау тек заңды әрекетпен ғана шектелетінін көрсетіп отыр. Өкіметтің жастар проблемасына деген назары былайша алып қарағанда көрініп-ақ тұр. Бірақ, өкінішке орай, шынайы өмірде қабылданған заңдылық та нәтижелі жұмыс істеп тұрған жоқ. Құқықтық реттеудің кемістіктері туралы айтып та керек жоқ. Әрекеттегі заңдылықтарға жасалған талдау жастарға қатысты Конституция нормалары мен салалық заңдылықтар көп жағдайда тура әсер ететін нормалар емес және оны жүзеге асырудың сенімді механизмдері де жоқ. Көптеген халықаралық құқық нормалары да міндетті түрде сақтау қажет түрінде қараламайды. Міне, сондықтан да бүгінгі мемлекеттік жастар саясаты барынша пассивті, әлсіз және тиімді емес, ол оның шынайы өмірде жоқ екендігін көрсетеді.

Ювеналды, отбасылық саясатты белсендірудің бір құралына нормативтік құжаттарда бекітілген ережелерді жүзеге асырудың сенімді және бағдарланған механизмін құру жатады. Мұндай механизмнің құрамдас

бөлігі ретінде бала құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ережені құру және жүзеге асыруды қарастыру керек. Қазіргі уақытта заңдылықтарда бала мүддесіне қарсы жасалған әрекеттерге отбасылық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық жауапкершілік қарастырылған. Осыған байланысты, саяси-құқықтық тұрғыда бірнеше сұрақтар туындайды: бала мүддесін қорғау ісінде қылмыстық-құқықтық құралдарды қолдану шегі туралы және ювеналдық, отбасылық қатынастарды реттеу ісіне қылмыстық-құқықтық құралдарды қолдану шегі туралы сұрақтар. Бұл сұрақтарды шешу адам құқығы проблемалары мен қазіргі заманғы қылмыстық-құқықтық реттеу идеологиясымен тығыз байланысты.

Қылмыстық саясаттың тарихы мен қазіргі жағдайына жасалған талдау мемлекет қылмыстық жазаны қолдану саласын үнемі тарылтуға ұмтылатынын көрсетіп берді. Әлеуметтік-пайдалы мінез-құлық талаптарының үдемелеуіне қатысты тұжырымдалған заңның барын көрсетеді, онда жеке тұлғадан талап етілетін әлеуметтік-пайдалы мінез-құлық минимумы бір орында тұрмайды, мәдениеттің жоғарылауына сай ол да жылдан-жылға өсіп отырады. Осыған байланысты, баланың мүддесін қорғаудың отбасылық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық шараларды белсендіру оларды қорғау сапасын төмендетпейді, керісінше әлеуметтік пайдалы мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл қоғамдық қатынастардың ізгілендіру қағидасына сәйкес келеді. Мұнда да, жауапкершіліктің аса қатаң жазалау шаралары өзге қатал шаралар тиімді болғанда қолданылады.

Кәмелетке толмағандарды қорғау ісінде отбасылық, әкімшілік және қылмыстық заңдылықтардың өзара қатынасы туралы мәселе отбасылық және әкімшілік қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасы Конституциясында ҚК бірге жүргізілу керек деп енгізілген, ал қылмыстық құқық тек ҚК шеңберіне енгізілген. Осыған сәйкес, заңға қатысты баспасөз беттерінде айтылып жүрген аймақтық және жергілікті ережелерді бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуға жол бермеу, кез-келген құқық бұзушылық тек мемлекеттік қабылданған заңдылықтар аясында қаралуы керек деген пікір маңызды болады. Адам құқығының құндылығы, балаларға қамқор болу. Оларды тәрбиелеудегі ата-аналардың міндеттері – Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген ережелер, және бұл ережелерді бұзу тек мемлекеттік тұрғыда шешілуі керек, осыған байланысты аймақтық әкімшілік және отбасылық заңдылықтардың мүмкіндігі бала құқығын бұзуға жауапкершілікті айқындауда шектеулі.

Көріп отырғанымыздай, балалар мүддесін қорғау ісінде заң шығарушы қылмыстық заңдылыққа басымдылық береді. Бұл түсінікте де. Балаларға қол сұғушылықтың аса қауіптілігі кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу процесіне теріс әсер ету нәтижесінде оларда белгілігі бір әлеуметтік, адам-

гершілік, дүниетанушылық құндылықтар мен ұстанымдар туралы теріс, бұзылған түсінік қалыптасуы мүмкін. Оларды осылайша теріс түрде қабылдау жеке бастық әлеуметтену процесіне кері әсер етеді, әлеуметтік-теріс ұстанымдардың қалыптасуына немесе оң байланыстарды жоғалтып алуға әкеледі. Нәтижесінде әлеуметтік тәжірибені беру процесі бұзылады, қоғамның ішкі құрылымы ұсақталып, әлеуметтік маңызды байланыстар ыдырап, ол жалпы қоғамның ыдырауына әкеп соғады. Бұл, ең алдымен, әлеуметтік құлдырауға, қоғамдық кері шегініске әкеп соғатынын білдіреді. Кәмелетке толмағандар объектілік тұрғыда ұлттың тектік қорын құрайтындықтан, олардың адамгершілік және физикалық денсаулығын қылмыстық-құқықтық қорғау қоғамның өзін өзі сақтауы мен дамуына деген қажеттіліктен туындайды. Қоғамдық даму тұрақты болған сайын бұл қорғау толық әрі жан-жақты бола түспек. Осы тезис БҰҰ Бас ассамблеясында қабылданған «Балаларға арналған әлем» атты қорытынды құжатында бекітілген, онда «балалар мүддесіне сай қабылданған шешімдер мен шараларды таңдау балалардың дамуында ғана емес, елдің өркендеуінен де көрінеді, сондықтан балалардың дене, әлеуметтік, эмоциялық, зияткерлік және рухани дамуы ұлтты және бүкіләлемдік алғышарт болуы керек» – дейді.

Сонымен, қылмыстық-құқықтық шаралар балалық шақ қауіпсіздігіне кепілдеме беру механизмінде басты болып табылады. Бірақ, бұл шаралардың маңыздылығы мен мәнділігі ювеналдық және отбасылық қатынастарды реттеудегі қылмыстық саясаттың килігуінің шегі туралы мәселені алып тастауға болмайды. Қазақстандағы адам құқығы идеясын дамытудың қазіргі кезеңінде отбасы ішкілік салаларда адамның жеке, табиғи құқығына кепілдеме беруді күшейтумен сипатталады.

Қазіргі әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық кезеңінде қоғамдық институт ретіндегі отбасы бірнеше маңызды өзгерістерге ұшырап жатыр, оны келесідей сипаттауға болады:

Отбасының өзге құрамы қалыптасады, ол отбасындағы бала санының азаюынан көрінеді. Нәтижесінде жеке отбасы мен оның мүшелерінің өмірінде туысқандық байланыстарының маңызы әлсіреуі анық көрінеді.

Отбасына қатысы бойынша мінез-құлықты реттеушілердің (дін, салт-дәстүрлер) сыртқы рөлі өзгереді; отбасының кеңеюіне ықпал ететін дәстүрлі нормалар мен құндылықтар отбасы мүшелері бірге өмір сүру барысында қалыптасқан мінез-құлық нормалары мен үлгілерімен салыстырғанда аса маңызды болмайды;

Отбасы ішкілік қатынастардың теңгермешілік процесінің белсенуі байқалады. Бұл әйелінің күйеуіне, балаларының – ата-анасына бағынуына негізделген қатаң авторитарлық отбасы құрылымының жұбайлар арасында және ата-аналар мен балалар арасында демократиялық қарым-қатынасқа

көшуден көрінеді;

Отбасындағы қатынастардың рөлдік жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырайды: екеуіне де үйдегі белгілі бір қызметтерді қатаң бекітіп алғанда болатын күйеуі мен әйелінің бірін бірі толықтырушылығы, билік пен міндеттерді өзара бөлісуден тұратын ерлі-зайыптардың бір бірін алмастыруына ауысуынан тұрады.

Бұл процестердің салдары белгісіз. Бір жағынан, олар отбасының ізгілендіруіне, оның әрбір мүшесінің мүддесі мен қызығушылығына назар аударудың күшеюіне, жеке тұлға мүдделерінің ортақтығы ретінде отбасы мүдделерінің қарама-қайшылығынан бас тарту мен осы мүдделердің үйлесіміне бағдарлауға әкелсе, екінші жағынан – неке бұзудың, толық емес отбасының көбеюі, көптеген отбасыларының тәрбие беру әлеуетінің төмендеуі, көп отбасыларының жанжалды болуы және ұйымшыл болмауы және өзге де теріс әрекеттердің орын алуына әкеп соғады.

Мұндай жағдайда отбасылық қатынастарға кірісу дәрежесін анықтау отбасының өз қызметін (репродуктивтік, тәрбиелік және т. б.) және құқығын жүзеге асыруға кедергі жасамай, отбасының әрбір мүшесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отбасылық тәрбие нәтижесінің қоғамдық күту нәтижесіне сәйкестігі түрінде болуы керек. Отбасылық қатынастарды қылмыстық-құқықтық реттеу шеңберін анықтау оларды реттеу тәжірибесін қайта бағалауды қажет етеді. Орыс ғалымы В.П. Ревин бұрынғы саясаттың есебі мынаны көрсеткенін атап берген: 1) отбасы мен азаматтың мемлекет алдында міндеттерінің болуы, мемлекеттің оның алдындағы міндеттері мен құқықтарына зиянына қарамастан; 2) өндірістік қатынастардың отбасылық-тұрмыстық қарама-қайшы қою; 3) отбасылық тәрбиенің маңыздылығының және деңгейінің төмендеуі; 4) отбасылық міндет сезімінің бұзылуы; 5) отбасылық, туысқандық қатынастардың әлсіреуі¹⁹.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексте жеке тұлғаны – негізгі демократиялық құндылық деп тануға негізделген жаңа тәсіл орын алған. Қазір азаматтар өздеріне қатысты отбасылық құқықтарын өз қалауларына қолданады, оның ішінде бала тәрбиесіне қатысты құқықты да. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 2-бабының мазмұнында отбасылық заңдылықтар қағидасының ішінде отбасы ісіне араласпау туралы, отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыру көрсетілген. Жаңа нормаларды енгізу көбіне Қазақстан азаматтары-

¹⁹ Ревин В.П. Современные проблемы изучения и организации борьбы с преступлениями в сферах семейно-бытовых и молодежно-досуговых отношений: Дис. ... д-ра юрид. наук в форме научного доклада, выполняющего также функции автореферата. — М., 1994.

ның жеке тұлғасының қалыптасуына жаңа тәсілдерді қолдануға, осы процестегі отбасылық тәрбиенің рөлін күшейтуге байланысты туындап отыр. Көрсетілген ережелер отбасы өз дамуында автономды және отбасы өміріне кірісуге жол берілмейді.

Біздің ойымызша, мұндай қорытынды ерте жасалған. Отбасылық құқықты жүзеге асырудағы еркіндік – отбасы мүшелерінің және өзге де азаматтардың заңды, құқықты, еркіндігі мен заңды мүдделерін бұзуға жол беретін шексіз еркіндік емес. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 6-бабында өз құқықтарын шектен тыс қолданған азаматтар осы құқықтарды қорғауға мүмкіндігінен айырылады деп көрсетілген. Ал Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 72-бабында ата-аналардың балаларын отбасылық тәрбиелеудің нақты шектері айқын көрсетіліп берген: «Ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс. Баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысанасы болып табылады. Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлылықты, қатыгездікті, дерексіздікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс»²⁰. Бұл жағдайлар көбіне отбасының жабықтығына, отбасында жеке тұлға құқығы бұзылып жатса да, отбасы ісіне араласпау позициясының тарамауына негізделген. Бұл нормалар идеологиядағы өзгерістерді көрсетеді және қоғамда болып жатқан демократизация процесіне сәйкес келеді, отбасы ішілік қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, жалпы қоғамдағы мәдениетті, өркениетті демократиялық көзқарасты қалыптастыруға негізделген. Осы көрсетілген нормативтік ережелер мемлекеттік және қоғамдық бақылаудан отбасының «жабықтық» шеңберін, «еркіндігін» анықтап береді. Отбасылық және ювеналдық қатынастарды қылмыстық-құқықтық құралдарын реттеу отбасы мүшелерінің (әсіресе кәмелетке толмағандарға) өмірі мен денсаулығына; олардың дене, адамгершілік, эмоциялық жағдайына; отбасы мүшелерінің өз құқықтарын еркін және есті жүзеге асыруда қатер төнген жағдайда «әрекетке енеді». Егер бала мүддесі мен жалпы отбасы мүддесі бір-біріне қарама-қайшы келсе, халықаралық-құқықтық актілер талаптарына сәйкес мұндай жағдайларды шешу бала мүддесіне қарай шешіледі. Балалар мүддесін қорғауды отбасының ересек мүшелерінің (ата-аналардың) жеке өмірге

²⁰ Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» № 518-IV Кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K110000518/k110518_.htm

қол сұқпаушылық, үйіне, еркіндігіне қол сұқпаушылық, балалардың тәрбиелеу, білім беру және еңбек әрекетіне, балалардың асырауына, олармен еш кедергісіз кездесу мен қатынасқа түсуге байланысты мәселелерді өзбетімен шешу құқығын бұзумен ақтап алуға болады. Бұл жағдайда бала мүддесі «үлкен игілік» ретінде болады да, оны «аз игілікке» залал келтіру жолымен қорғауға болады.

Бала мүддесін қорғау әлеуметтік тұрғыда қолдау көрсетілетін қатынастарды ұдайы жалғастыруға ықпал ететін мінез-құлық үлгілерін анықтау және ынталандыратын мақсат. Бұл мақсатқа қол жеткізу әлеуметтік ағзаның қалыпты қызмет етуіне кедергі келтіретін, қоғамдық өмірден мінез-құлық актілерін санкциялар арқылы алып тастауға ұмтылған норма-жиіктемесіне қалыптастырумен жүзеге асырылады. Соған қарамастан, кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғау ісіндегі барлық заңды норма – жиынтықтардың ішінде ең маңыздысы қылмыстық құқық нормалары болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық заңдардың қағидалық ережелеріне жасалған шолу кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғау бойынша қылмыстық-құқықтық нормалар тобы біртұтас қағидалар жүйесіне бағына отырып, Қазақстандағы қылмыстық заңдылықтың құрамдас бөлігі екенін көрсету. Философия және логика заңдарына сәйкес бөлік бүтіннен бөлек бола алмайды, бүтін де өз қызметін бөліксіз жүзеге асыра алмайды. Бұл ереже қаралып отырған жағдайда да сақталады. Қылмыстық заң жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне, отбасы мен өскелең ұрпақтың мүддесін қылмыстық-құқықтық қорғаудың дербес объектісі ретінде бөліп көрсетпей, кепілдеме бере алмайды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында да кәмелетке толмағандар құқықтары мен заңды мүдделерін түгелдей Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігіндегі өзге де ережелерді есепке алмай өздігінен кепілдеме бере алмайды. Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында бірнеше қылмыстық-құқықтық нормалардан тұрады, оның ішінде кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (132-б.), кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту (133-б.), кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау туралы (140-б.) нормалар. Бұл ереже аса маңызды, себебі ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында нормаларының Қазақстан Республикасы ҚК кәмелетке толмағандарды қорғау туралы өзге де ережелермен құрылымдық қана емес, қызметтік өзара байланыста болатынын білдіреді.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғайтын қылмыстық заң нормалары, бір жағынан, Қазақстан Республикасы ҚК бір бөлігі болып табылса, екінші жағынан – өзінің дербес реттеу объектісі, бірегей бағыт-

тылық пен бағдарға ие. Бұл қаралып отырған нормалар жүйесін қылмыстық заңдылық жүйесінде дербес бөлігі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Құқықтың жалпы теориясы тұрғысынан алып қарағанда, бұл нормалар тобын кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс туралы дербес нормалар институты ретінде қарауға болады.

Ғылымда қылмыстық-құқықтық институты түсінігі қалыптасқан. Ол «біртектес топтарға қарсы қол сұғушылыққа жауапкершілікті реттейтін сала ішінде заңды нормалар жиынтығын» құрайды. Құқық теориясы бойынша құқықтық институт белгілеріне: өзінің құрылымы бар нормалар жиынтығының болуы, осы нормалар жиынтығының заңды құрылымының өзіндік ерекшелігінің болуы; осы топтың сырттай оқшаулануы; осы нормалар жиынтығының өғамдық қатынастардың белгілі бір бөлігіне дербес реттеушілік ықпал етуді қамтамасыз етуі; нормалардың салалық тазалығы жатады.

Аталған теориялық ережелерді кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс кезіндегі мүдделерін қорғауға арналған нормаларға қолдануын қарастырып көрейік. Кәметке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс үшін жауапкершілік туралы нормалар тобы Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумының кейбір қаулыларында көрсетілген, оның қорғау объектісіне кәметке толмаған тұлғалардың дамуы мен дұрыс қалыптасуы мүдделерін қорғау болса, реттеу объектісіне – оларға қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша құрылған қоғамдық қатынастар жатады. Бұл институт мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қылмыс құрамында кездескен нақты фактілік жағдайларға байланысты қолданудың бірнеше нұсқаларын бекітеді.

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы нормалар институты Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігіндегі өзге де заттық институттармен тығыз байланыста болады, соның ішінде жыныстық еркіндікке қарсы мен жыныстық қол сұғушылыққа, еркіндікке, ар-намысқа қарсы және т. б. қылмыс институттарымен. Бұл байланыс заң шығарушының қылмыс құрамының тобын – кәметке толмаған жәбірленушіні құрғанда пайда болады. Бірақ, ол институттар әртүрлі әлеуметтік бағыттылыққа ие және әртүрлі объектілерді қорғайды. Мысалы, кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық институтына Қазақстан Республикасы ҚК 83-бабы 1-бөлігінде жазаны жеңілдететін жағдай ретіндегі жәбірленушінің сәбилігі мен дәрменсіздігі туралы ережені енгізе алмаймыз, себебі ол басқа құқықтық институттың – жаза қолдану институтының құрылымдық компоненті болып табылады. Соған қарамастан, екеуі де балалық шақты қорғау ісіндегі маңызды ережелердің қатарына

жатады. Олардың заң мәтінінде болуы кәметке толмаған жәбірленуші қазақстандық заңдылықтарда үш өзіндік міндетке ие екенін көрсетеді: біріншіден, жәбірленушінің кәметке толмауы ҚК Ерекше бөлігінің 2-тарауында көрсетілген бірнеше әрекеттердің криминалдық шарты болып табылады; екіншіден, ол өзін жіктелген белгілер институтында жүзеге асыратын, өылмыстық жауапкершілікті жіктеудің шарты ретінде қолданылады; үшіншіден, қылмыс құрбанының кәметке толмауы жазаны жеке-даралау шарты ретінде көрсетілген. Кәметке толмағандардың мүддесін қорғаудағы дәл осындай кешенді тәсіл оны шешудің тиімділігін арттыра түспек.

Кәметке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғау проблемасына заң шығарушының ерекше назар аударуы әлеуметтік маңызды кешенді факторларға байланысты. Жалпы, кез-келген заңдық бағалау көбіне қоғамның өркениеттілігі мен ізгілігінің деңгейіне байланысты. Қоғамдық өзара қатынастардың дамуы мен күрделенуі социумның адамның мінез-құлқына қоятын талаптарының көлемінің де өсуіне әкеп соғатыны белгілі, оның үстіне қылмыстық құқық саласында құқыққа қарсы әрекеттердің криминализациялануының арқасында әлеуметтік теріс мінез-құлықтардың жаңа формалары көбейіп келеді. Сонымен қоса, қоғамдық өмірдің барлық салаларының ізгіліктенуі қылмыстық заңдылықтардың жазалау және репрессиялау әлеуетінің әлсіреуіне әкеп отыр. Осылайша, қылмыстық заңның қағидалық ережелері қоғамның даму дәрежесіне, оның мәдени және адамгершілік деңгейіне қарай анықталады, оны қылмыстық заңдылықтың әлеуметтік сипаттамасының бірінші деңгейі деуге болады. Келесі деңгейлерінде қылмыстық-құқықтық нормалардың өзіне тән факторлары маңызды рөл атқарады. Ондай факторға балаға деген қоғамның тарихи қалыптасып қалған қарым-қатынасы жатады. Ол, өз кезегінде, мемлекеттегі демографиялық жағдай, ол туылған балалар санын анықтайды; өндірістің қарқындылығы, ол жасөспірімдерді еңбек қатынасынан шығаруға ықпал етеді; тәрбиелеуден тұратын, кәметке толмағандарды әлеуметтендіру үдерісінің жүргізілуі туралы ғылыми түсініктердің даму деңгейі.

Қылмыстық заң социумда оның тарихи дамуының белгілі бір кезеңінде қалыптасып қалған қатынастарды қорғайды. Бұл талаптар отандық заң шығарушылар тарапынан үнемі сақтала бермейді, оған тарихи даму үдерісінде қалыптасқан нормалар, яғни тыйымдарды жатқызуға болады. Оны қоғамда сақтамайды, себебі қоғам ол тыйымдарды қабылдамайды, олардың әлеуметтік және жеке тұлғалық қажеттілігін сезінбейді. Кейбір ғалымдар ол нормаларды «өлі туған» деп атайды. Бұл құбылыстан қоғамдық өмірдегі шындыққа заң тарапынан сәйкес келмейтіндіктен бірден бас тартуға болмайды. Танымал югославтық зерттеуші Радомир Лукич 1981 жылы былай деп жазған екен: «құқықты құрастырушы қоғамның, үстем таптың

саяси-құқықтық санасына сәйкес белсенді емес тіркеуші болмауы керек. Ол оның қалыптасуына ықпал етуі керек, яғни алға ұмтылуы керек»²¹. Бұл ереженің философиялық негізіне ресейлік теоретик Д.А. Керимов былайша анықтама береді: «құқықтық жүйе тура және кері реттегі жүйе ішлік және жүйе аралық байланыстарға ие; ол экономикалық, саяси және әлеуметтік жүйелерді бекітеді, өзінің жалпыға міндетті нормативтік-реттеушілік құрылымымен ықпал етеді, олардың қозғалысын, өзгерісін және дамуын бағыттап отырады»²². Ал бұл жөнінде А.И. Коробеев: «Әрекеттегі қылмыстық құқық өзінің құндылыққа бағдарланған және бағалау қызметінің арқасында қоғамдық құқықтық санаға қалыптастырушылық ықпал етеді», – деген²³.

Осылайша, қылмыстық заңға қолдана отырып, біздің ойымызша, ол қоғамдық қатынастарды дамытып қана қоймай, осы дамудың бағдарын сақтауы керек. Әлеуметтік өзгерістер қарқынының барынша өскен бүгінгі күндері, заң шығарушы «мықтылық қорымен әрекет етуге» құқылы және міндетті. ҚР ҚК шынайы жасалған қылмысты жазалап қана қоймай, мүмкін қоғамдық қауіпті әрекетті ескертуі де керек. Сондықтан, кәметке толмағандарды қорғау туралы қылмыстық құқық нормаларының жүйесін қарастыра отырып, кәметке толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстардың жалпы қылмыс құрылымында саң жағынан аз болуы ондағы проблеманың жоқтығын білдірмейді немесе қылмыстық заңдылықтың сапасыздығының көрсеткіші емес. Қылмыстық заңдылық қылмыспен күресудің қылмыстық-құқықтық моделін анықтады, оны сапалы жүзеге асыру заңның мазмұнына ғана емес, көптеген факторларға, соның ішінде осы модельдің теориялық негізіне де байланысты.

²¹ Лукич Р. Методология права / Перевод с сербскохорватского В.М. Кулистова. Под ред. и с вступит. ст. Д.А. Керимова. — М., 1981.

²² Керимов Д.А. Философские проблемы права. — М., 1972.

²³ Коробеев А.И. Уголовная наказуемость общественно опасных деяний (основания установления, характер и реализация в деятельности органов внутренних дел). — Хабаровск, 1986.

2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

2.1 Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық түсінігі және оның мәні

1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында отбасы қоғамның табиғи және негізгі ұясы болып табылады және ол қоғаммен мемлекет тарапынан қорғалуға құқығы бар деп атап көрсетілген.

1959 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданған Балалардың құқықтары туралы декларациясының 2-тармағында балаларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етілуі қажет, олардың дене, ақыл-ой, рухани дамуына жағымды әсерін тигізетін мүмкіндіктер мен қолайлы жағдайлар жасалған, ал әлеуметтік тұрғыдан дені сау және дұрыс, еркін және абыройлы болып өсуін қамту қажет деп бекітілген. Балаларды қорғау және оларға қолайлы жағдайлар туғызуға қатысты әлеуметтік және құқықтық ұстанымдармен келісілуін мақсат еткен.

Барлық әлемде соңғы онжылдықта балалардың жағдайы үрей туғызады: кері әсерін тигізетін әлеуметтік тенденциялар күшеюде, құқықтық қорғандың деңгейі төмендеп келеді, қылмысқа тартылып, бақытсыздыққа ұшыраған балалар мен жасөспірімдердің саны көбеюде.

1989 ж. 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 44 сессиясында Балалардың құқықтары туралы Конвенция қабылданды. Конвенцияның басты идеясы неде? Мұнда ең алдымен бала жеке адам, қоғамдағы қатынастың жеке субъектісі ретінде қарастырылады. Жеке адамның мәртебесі қоғаммен өзара байланысты екенін анықтайтын оның бостандығы, заңды мүдделері мен құқықтарының үлкенге де, балаға да қатысы бірдей. Әрине, адамдарды қорғау және олардың құқықтары мен мүдделерін іске асыру басым болған.

1994 ж. 8 маусымда Қазақстан Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясына қосылды. Аталған Конвенцияны біздің мемлекетіміздің бекітуі кәмелетке толмағандардың тәрбиесімен ата-аналар мен педагогтар айналысуы қажет екендігі туралы ақиқаттың аса маңыздылығын дәлелдеп берді. Ал құқық қорғау органдары кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту бойынша іс-шараларды, (бұрынғы қабылдау-бөлу орындары), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары, олардың мүдделері мен бостандықтарын қорғауды тиісті қылмыстық-құқықтық

нормаларға сәйкес жүзеге асыруы қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп кепілдік береді.

Неке мен отбасы, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау құқықтың көптеген салалары арқылы, солардың қатарында қылмыстық құқық арқылы да қамтамасыз етіледі.

Астана қаласында 2003 ж. 10 қыркүйекте өткен қылмыстылықпен күрес және заңдылықты сақтау мәселелері бойынша мәжілісте барлық әлемде адамдарды нәпсіқұмарлық сипатта, еңбекке және басқа да пайдалану мақсатымен заңсыз әкету және сату мәселесі өзекті болып отыр деп атап көрсетті. Қазақстанда қазір мұндай қылмыстық әрекеттің түрін болдырмауға бағытталған, заңды сипаттағы белгілі қадамдар жасалды. Ендігі жерде құқық қорғау органдарының міндеті – жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын тәжірибе жүзінде қамтамасыз ету атап өтілді.

Кез келген нормалар жиынтығының жежеленуінің теориялық негізі болып Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің жеке тарау түрінде қылмыс объектісі туралы, яғни қылмыстық әрекеттің нәтижесінде зиян келген немесе осындай қатер тууы мүмкін қоғамдық қатынастар туралы ілім табылады. Бұл ілім қатысушысының бірі болып кәмелетке толмағандар, басқаша айтқанда, мемлекет тарапынан ерекше қамқорлықты қажет ететін, біздің еліміздің болашағы – өскелең ұрпақ өкілдері болып табылатын қоғамдық қатынастар тобын көруге мүмкіндік береді. Бұл қатынастарды қылмыстық-құқықтық жолдармен қорғаудың басты мәні кәмелетке толмаған азаматтың мүддесін қорғау, жеке адамның қалыпты дене дамуы, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу жағдайларын жасау деген түсінікке әкеледі.

Кәмелетке толмағандардың дұрыс даму жағдайларының шешуші кезі отбасының сәтті болуына байланысты, яғни некеге, туыстыққа, балаларды асырап алу немесе тәрбиеге алуға негізделген адамдардың одағына тәуелді және олардың өмірі, мүдделері, өзара қамқорлығы, сондай-ақ екі жақтың құқықтары мен міндеттерінің ортақтығына байланысты екені жалпыға мәлім. Сондықтан кәмелетке толмаған адамды қорғау туралы мәселе отбасылық қарым-қатынастармен, оның ішінде қылмыстық құқықтық тәсілдермен де тікелей байланысты.

2014 жылғы Қазақстан Республикасының ҚК 1-бабы, 2-бөлігінде заң шығарушы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидағтары мен нормаларына негізделеді. деген ережені бекітті.

Аталған бұл ережелерінің бірі отбасы мен кәмелетке толмағандарды

қылмыстық- құқықтық қорғау болып табылады. Атап өту керек, 1959 ж. Қаз. ССР ҚК-де отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар бөлек тарауларда орналасқан. Айталық «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту» (ҚК 201-бабы) «Қоғамдық қауіпсіздікке және халық денсаулығына қарсы қылмыстар» деп аталған 9-тарауда берілген, ал «Балаларды асырау және тәрбиелеуден жалтару» (112-бап), «Қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану» (113-бап) және «Ата-анасына немесе жұбайына көмек көрсетуден жалтару» (114-бап) сияқты құрамдар «Жеке адамның өміріне, денсаулығына, бостандығы мен қадір-қасиетіне қарсы қылмыстар» тарауында жазылған.

1997 ж. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде новеллалар пайда болды: «Кәмелетке толмағандарды саудаға салу» – 133-бабы үшін жауапкершілік белгіленді, жекелеген баптарда «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту» – 131-бап және «Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту» – ҚК 132-бабы үшін жауапкершілік қарастырылды.

2014 ж. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде новеллалар пайда болды: 137-бап. «Бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет», 143-бап. «Кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету», 144-бап. «Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту» үшін жауапкершілік қарастырылады.

Көрсетілген тарауда қарастырылған қылмыстардың құрамын зерделеу кезінде, мұнда объектісі мағыналық тұрғыдан әр түрлі, бірақ өзара тығыз байланысты қарым-қатынастар болып табылатын 2 топ шоғырланғанына назар аудару қажет, осыдан барып «Отбасына қарсы қылмыстар» және «Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарды» бөлу қажет.

ҚК екінші тарауына кірген қылмыстардың тектік объектісі отбасын, ата-аналардың (асырап алушылардың) заңдық құқықтарын, кәмелетке толмағандардың қалыпты дене дамуын, зияткерлік және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қорғау бойынша қалыптасқан қоғамдық қатынастар болып табылады.

Тікелей объектісі кәмелетке толмағандардың адам ретінде қалыптасуын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету бойынша нақты қоғамдық қатынастар болып табылады.

Жәбірленушілер: жас балалар, кәмелетке толмағандар, ата-аналар немесе асырап алушылар болуы мүмкін. Жәбірленушілердің заңдық мүдделері олардың жасына, зияткерлік даму деңгейіне, денсаулық жағдайына тәуелсіз қорғалады.

Қылмыстардың басым көпшілігінің объективтік жағы кінәлілердің іс-

әрекеттерімен жасалады. Тек екі қылмыс: «Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау» – 140-бабы және «Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау» – ҚК 141-бабы, олар әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалады. Сонымен қатар, «Балаларын күтіп-бағауға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағауға арналған қаражатты төлеуден жалтару» – ҚК 139-бабы қылмыстық әрекетсіздікке жатады. Қылмыстардың құрамы негізінен формальды түрде құрастырылған.

ҚР ҚК 140 және 141-баптарынан басқа қылмыстар құрамының субъективтік жағы тікелей пиғылмен сипатталады. Бұл қылмыстардың себептері әр түрлі: пайдакүнемдік және басқа да арам ниеттер (ыза, кек, қызғаныш, өшпенділік және т. б.).

Отбасы және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың субъектісі қылмыс жасалған сәтте 16-ға толған адамдар болуы мүмкін. Аталған тараудың ҚК кейбір баптары бойынша қылмыстың субъектісі болып ата-аналар (асырап алушылар) — ҚК 132 және 133-баптары, ал ҚК 139-бабы, 2-бөлігі бойынша кәмелетке толған еңбекке жарамды балалар табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған басқа да бірқатар нормаларды қарастырады. Олардың біреулері қылмыстардың негізгі құрамындағы кәмелетке толмағандарды жақтайды, мысалы, «Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі» – ҚК 100-бабы; «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау» – ҚК 122-бабы; «Жас балаларды азғындық жолға түсіру» – ҚК 124-бабы; басқалары кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарды жасағаны үшін қатаң жауапкершілікті қарастырады: «Қинау» – ҚК 110-бабы, 2-бөлігі, «1»-тармағы; «Соз ауруларын жұқтыру» – ҚК 117-бабы, 2-бөлігі; «Адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыру» – ҚК 118-бабы, 3-бөлігі; «Адам ұрлау» – ҚК 125-бабы, 2-бөлігі, «5»-тармағы, «Бас бостандығынан заңсыз айыру» – ҚК 126-бабы, 2-бөлігі, «5»-тармағы. Аталған барлық жағдайларда бұл қылмыстар қастандық әрекеттердің жеке тікелей объектісі болып табылады, сондықтан Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 2-тарауынан тыс жатыр.

Көбінесе кәмелетке толмағандар топтың құрамында тұрғын үй-жайға немесе бөлмеге кіріп, алғаш рет ұрлық жасайды. Олар тұтқынға алынады да, өкім шыққанша айлап қамауда жатады, ал шын мәнісінде не анықталады? Бұл жасөспірімдердің көпшілігі 14-15 жаста, ата-аналарымен тұрады, мектеп оқушылары болып саналады, мінеземелері жақсы, қылмыстық

жауапкершілікке бірінші рет тартылып отыр, бұдан бұрын ешқандай айып-тайтын қылық жасамаған, кінәсін мойындаған, жасаған әрекетіне өкінген, келтірілген материалдық шығынды ата-аналары өтеген. Мұндай жағдайда оларды қоғамнан шеттеудің қажеттігі күмән тудырады, өйткені шығарылған үкімдер бұған дәлел, осыған сәйкес, кәмелетке толмағандардың көпшілігіне бас бостандығынан айырудан бөлек жазалау шаралары тағайындалады.

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы шешімді тек айыптау үкімі шыққан кезде сотта іс қаралғаннан кейін сот қабылдауы мүмкін. Ешқандай жағдайда тәрбиелік ықпал етуші шараларды қылмыстық жазамен алмастыру мүмкіндігі заңда қарастырылмайды.

2.2 Қылмыстық құқық бойынша кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының ұғымы және оның мәні

Қазақстандық қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасының ҚК 4-бабында, «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды», деп айтылған ереже негіз болғанда ғана орын алады.

Сөйтіп, заң қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі деп нақты бір қылмыстық-құқықтық нормамен қарастырылған қылмыс құрамының белгілері бар адамның белгілі бір мінез-құлық әрекеті танылады. Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлімінің нормалары нақты белгілерін суреттей отырып, қоғамға қауіпті қандай іс-әрекеттің қылмыс болып табылатынын анықтайды. Адамды қылмыстық жауаптылыққа тартып және оны кінәлі деп тану үшін оның қоғамға қауіпті жасаған іс-әрекетінде қандайда бір қылмыс белгілерінің бар-жоқтығын анықтау керек. Адам қылмыстық жауаптылыққа тергеушіге, прокурорға және сотқа қауіпті болып көрінгендігінен емес, қылмыстық-құқықтық нормаларда белгіленген қылмыс белгілері бар қылық жасағаны үшін тартылады. Қылмыстық құқық ғылымында мұндай белгілердің жиынтығын қылмыс құрамы деп атау орын алған.

1959 жылғы Қаз.КСР Қылмыстық кодексі өзінің «Қылмыстық жауапкершілік негіздемелері» деген 3-бабында дәл сол жөнінде сөз болып отырғанымен, нормаға «қылмыс құрамы» терминін қоспаған. «Қылмыс құрамы»

термині Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің басқа баптарында пайдаланылған (Мысалы, Қаз.КСР ҚК «Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту» деген 16-бабы). Бұның өзі қылмыстық құқық ғылымындағы қылмыстық жауаптылық мәселелерін біркелкі шешуге мүмкіндік берместен, қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімі бойынша барлық оқулықтардан көрініс тапты.

Ғалымдардың көпшілігі, 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейін қылмыстық жауаптылықтың негіздемесі жалғыз ғана қылмыс құрамы болып табылады деп санады. Авторлардың біразы қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде қылмыс құрамынан басқа мән-жайларды да санады, мысалы қоғамдық қауіпті іс-әрекетті жасаудағы субъектінің тұлғалық қасиеттері. Басқа бір авторлар екі түрлі негіздеме: объективті – іс-әрекет және субъективті – кінә, себеп болады деп санады. Кейбір ғалымдар қылмыстық жауаптылықтың екі негіздемесін атады, бірақ олар бұларды басқа өлшемдер бойынша; қылмыс құрамын заңдық абстракция ретінде және қылмыстың өзін материалдық негіздеме ретінде бөліп көрсетті. Осы соңғы айтылған қылмыстық жауаптылық мәселелері жөніндегі түсінік шын мәнінде назар аудартады, бірақ дегенмен кейбір нақтылауды қажет етеді.

Шындығына келгенде, 1959 жылғы Қаз КСР Қылмыстық кодексінің 3-бабында екі негіздеме турасында айтылды. «Негіздеме» сөзі көпше түрінде қолданылады. Бір негіздеме адамның қоғамға қауіпті іс-әрекет жасауы болып табылса, екіншісі – осы іс-әрекеттің қылмыстық заңмен қарастырылуы болып табылады. Дегенмен, «қылмыс құрамы» термині бап мәтінінде көрсетілмеседе, әңгіме сол жөнінде болып отырғаны белгілі жай. Мұндай бекім, қылмыстық жауаптылықтың негіздемесі қылмыс құрамы деп танылған Қаз.КСР ҚК басқа да баптарын қорытындылау мен талдауға сай келеді (мысалы, 1959 жылғы Қаз. КСР ҚК «Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту» деген 16-бабы). 1959 жылғы Қаз. КСР ҚК 3-бабымен қарастырылған нормадағы «қылмыс құрамы» термин сөзінің болмауы, заң шығару техникасын жетілдіру сияқты болып көрінген сияқты.

Сөйтіп, қылмыстық жауаптылық негіздеменің екі түріне ие болды деп айтуға болады: іс жүзіндегі – қоғамға қауіпті іс-әрекеттің болуы (адамның қылмыстық әкiсi) және заңдық – адамның осы қоғамға қауіпті әрекетінде қылмыс құрамы белгілерінің болуы. Бұл екі негіздеме бір бірімен тығыз байланыста болады, өйткені бұл екеуі де қылмыс деген бір ұғымды құрайды. Сондықтан оларды 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 4-бабында қылмыстық жауаптылықтың бірыңғай негіздемесіне біріктірген орынды болар еді.

Сөйтіп, адамның шындығында қоғамға қауіпті жасаған әрекеті, егер Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген қылмыс

құрамдары болатын болса қылмыс деп танылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде құрамдарының толық тізілімі берілген. Әділ сот органдары адамның қылығында қоғамға қауіпті әрекет болып тұрса да, сонымен бірге ол Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген болса, оны іс-әрекет жасағаны үшін кінәлі деп санап, өзінің қарауынша қылмыстық жауаптылыққа тарту алмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол беріледі (ҚР ҚК 10-бабы).

Адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті — бұл шынайы шындық, ал құрам — қылмыстық құқықтық нормалардың диспозицияларында берілетін қылмыс туралы сияқты заңдық ұғым. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 175-бабында мемлекеттік опасыздық Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабында — бұзақылық, ҚР ҚК 188-бабында бөтеннің мүлкін жымқыру белгілері болады. Адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің осы баптарында қарастырылған қылмысты жасағаны үшін, егер мемлекеттік опасыздық белгілері (шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы жасаған қасақана әрекет), немесе бұзақылық (қоғамды анық құрметтемеуін білдіретін азаматтарға қарсы күш қолданумен не оны қолданымын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз іс-әрекет жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық), немесе ұрлық (бөтен мүлікті жасырын жымқыру, яғни пайдакүнемдік мақсатта бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру) құрамының белгілері анықталған болса, қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Аталған белгілердің біреуінің өзінің осы құрамда жоқ болуы бүкіл қылмыс құрамының бойында болмайтынын білдіреді, демек адамның жасаған әрекетінде қылмыс болып табылмайды. Қазақстан Республикасының ҚК 175, 293 және 188-баптарындағы көрсетілген құрамдардың өзі өздігінен қылмыстық құқық ғылымында жиі түсіндірілетініндей қылмыстық жауаптылықтың жалғыз және жеткілікті негізі бол алмайды. Мемлекеттік опасыздық, бұзақылық, ұрлық үшін жауаптылық туралы норма бар, ал бірақ адамның қылығы болмайынша нағыз қылмыстық жауаптылық басталмайды. Қылмыстық жауаптылықты шынайы түрде қылмыс құрамының белгілері бар адам қылығы ғана тудырады. Сөйтіп, ғылыми абстракция ретіндегі қылмыстық құрамы емес, ақты қылмыс құрамының белгілері адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі ғана осы қылмыс үшін қылмыстық

жауаптылық негіздемесі болып табылады.

Қылмыс құрамы — бұл қоғамдық қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын, заңмен белгіленген, міндетті түрдегі объективті және субъективті белгілердің жиынтығы.

Қылмыстың нақты құрамы соның көмегімен заң шығарушының Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің нақты нормасында қылмыстықтылықты ғана анықтап қоймайтын, сонымен бірге әрекеттің жазалауға жататындығын, яғни осы қылмыс үшін соттың қандай жаза және оны қандай шекте тағайындайтынын көрсететін міндетті түрдегі белгілердің жиынтығы. Осыған орай, қандайда бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адамдар емес, тек сот қана адамның жасаған қылмысы үшін кінәлілігін және қандай қылмыстық жаза тағайындалатынын немесе басқа да қылмыстық шара белгіленетінін анықтайды деп білу керек. Мұндай негізді ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлігіндегі 1-тармағында «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» деп белгіленген.

Сөйтіп, қылмыс құрамының мәні оның: а) қылмыстық жауаптылықтың заңдық негіздемесімен; б) дұрыс саралану шартымен; в) соттың жазаның түрі мен мөлшерін немесе қылмыстық-құқықтық сипаттағы басқа шараларды анықтау үшін негіздемесімен; г) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерімен, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау мен нығайтуға жағдай жасауымен көрінеді.

Кәсіпкерлікке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамының ұғымы мен оның ара қатынасын қарастырып көрейік.

Қылмыс туралы ілімнің барлық мәселелері — қылмыстың әрекет және соның нәтижесі туралы мәселелер, жазалауға жататын әрекеттер және оларды тудыратын элементтері төңірегіндегі мәселелер – қылмыс құрамының жалпы проблемаларын шешумен тығыз байланысты. Қылмыстық құқықтың – кінә, қатысу, дайындалу және оқталу сияқты маңызды институттарын жете зерттеу қылмыс құрамы мен оның элементтерін айқын тануды талап етеді.

Қылмыстық құқық теориясының күрделі мәселелерінің бірі қылмыс құрамы ұғымы мен қылмыс ұғымы арақатынасын туралы мәселе болып табылады. Осы екі ұғымының екеуінде өдерінің мазмұндары жағынан да және құқықтық мәні жағынан да бір біріне өте жақын. Сондықтан оларды іс жүзінде айыру мүмкін емес. Алайда олар бірдей тең емес.

Осы мәселені айқындаудың бастапқы ұстанған жолы нақты қылмыс және оның құрамдары бір біріне адам қылығының актісі ретінде, яғни

қылмыс туралы объективті шындық құбылыс және заңдық ұғым туралы ереже болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың талданған түрінің ұғымы, яғни жеке қасиеттерінсіз барлық қылмыстар туралы жалпы ұғым Қазақстан Республикасының ҚК 10-бабында беріледі. Бұл бапта қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамқа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаз көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Демек, кез келген қылмыс – әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік), адамның ойы немесе көңіл-күйі емес, тек қана қылығы. Бұл қылық өмірдің маңызды мүдделеріне: адамға, қоғамға немесе мемлекетке қол сұғатын болғандықтан қоғамдық қауіптілікке ие болады. Заңда сонымен бірге Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің нормаларында қоғамға жат іс-әрекеттерді жасауға тыйым салу белгіленгендіктен, мұндай қылықтың заңға қайшы (құқыққа қайшы) сипаттары көрсетіледі. Бап барлық қылмысқа тән кінәлілік және жазаланушылық деген екі белгілерді қарастырады.

Сөйтіп, қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы ұғымы олардың негізгі әлеуметтік қасиеті адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіретін немесе зиян келтіру қатерін төндіретінін көрсете отырып, қылмыстың мазмұнын ашады. Қылмыс ұғымы қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің белгілерін анықтай отырып сипаттама береді. Сол бойынша адамның тиісті қылығы қоғам үшін неге қауіпті болып танылатынын және сол арқылы қылмысты басқа құқық бұзушылықтан айыруға болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлі құрамдарын сипаттау кезінде заң шығарушы олардың белгілерін мейлінше нақтылай түсуге ұмтылады. Құрамның жалпы ұғымы өзіне бұл белгілерді жалпылама түрінде енгізеді, яғни барлық қылмыс құрамдары туралы абстрактілі көрініс береді. Соны-

мен қатар қылмыстық құқық ғылымы Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің ғана емес, Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінің де ережелерін пайдаланады. Сөйтіп, қылмыс құрамының жалпы ұғымы Қылмыстық кодекстің қандайда бір нормасында беріле бермейді, ол қылмыстық құқық ғылымымен қалыптастырылып және қылмыстың заңдық сипаттамасына ие болады. Қылмыс құрамы — бұл белгілі бір әрекетті сипаттайтын объективті және субъективті белгілердің заңдық мәні бар жиынтығы.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты құрамдарының белгілерін талдай келе, оның Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің нақты нормаларындағы жиынтығы біркелкі екендігін аңғаруға болады. Бір жағдайларда заң шығарушы белгілердің едәуір санын қолдана отырып, қылмыс деп танылатын қоғамдық қауіпті әрекеттерді нақтылап сипаттаса, ал енді бірінде мұндай белгілердің ең аз санын пайдаланады. Қылмыстық құқық ғылымы қылмыстың барлық нақты құрамдарының белгілерін қорытындылай келе, қылмыс құрамы туралы жалпы ілімді құрды және қылмыс құрамының жалпы анықтауын қалыптастырды. Құрамның жалпы ұғымы өзіне міндетті және факультативті белгілерді қосады.

Міндетті белгілер бұл — қылмыстың барлық нақты құрамдарына тән белгілер. Қылмыстық құқық ғылымы бүкіл қылмыс құрамы белгілерінің жалпы санынан іріктеп алу жолымен заң шығарушының кез келген қылмыс құрамын құрастыру кезіндегі қажетті белгілерді ғана бөліп алады. Жеке-леген құрамдардың немесе осындай құрам топтарының ерекшеліктерін анықтаушы белгілер осы жиынтыққа енбей оның сыртында қалып қояды. Қылмыс құрамы ұғымын аша отырып, қылмыстық құқық ғылымы қылмыстың барлығы үшін міндетті белгілерді пайдаланады. Бұл белгілер қылмыстың барлық түрі мен барлық нақты жағдайында бәрінде бірдей ортақ болып табылады. Міндетті белгілер Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлімнің нақты баптарында қарастырылады, не Қазақстан Республикасы ҚК Жалпы бөлімінің нормаларында көрсетіледі.

Факультативті белгілер — бұл құрамының бәріне бірдей емес, тек қана кейбіреуіне ғана тән белгілер. Заң шығарушы факультативті белгілерді тек қана жекелеген құрамдарды құрастыру кезінде осы қылмысқа тән нақты қасиеттерін бөліп көрсету үшін негізгі белгілерге қосымша ретінде пайдаланады. Бұл жерде мұндай белгілер факультативті деп тек қана қылмыс құрамының жалпы ұғымында аталатынын көрсете кеткен жөн. Қылмыстық құқықтың нақты нормаларында бұл арнайы белгілер факультативті бола алмайды, ола заңдық тұжырымдарға қосылғандықтан міндетті деп табылады.

Факультативті белгілер қосымша қылмыс құрамының барлық элемент-

терін сипаттауы мүмкін: а) объекті үшін – қосымша объекті, қылмыстың заты; объективтік жағы үшін – қоғамдық қауіпті зардаптар, себепті байланыс, қылмыс жасау әдісі, уақыты, орны, жағдайы, қаруы мен құралы; в) субъективтік жағы үшін – себебі, мақсаты, жан толғанысы; субъекті үшін – арнайы субъекті.

Қылмыс өмірдің әр саласында жасалуы мүмкін, демек соған орай қоғамдық қатынастардың мазмұны мен маңызына қарай әркілі шығын келтіруі мүмкін. Кейде қылмыс бірнеше біртектес немесе әртектес қоғамдық қатынастарға қол сұғуы мүмкін. Мұндай жағдайда кейбір қоғамдық қатынастар қылмыстың негізгі объектісіне айналуы мүмкін де, ал қалғанда қосымша болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 120-бабы зорлау үшін жауаптылықты қарастырады. Зорлаудың объектісі әйелдердің жыныстық бостандығы немесе жыныстық қол сұғылмаушылығы болып табылады. Қазақстан Республикасы ҚК 120-бабының 2-бөлігі құрам элементтерінің сипаттамасына жататын, соның ішінде объективтік жағы мен объектіге жататын ауырлатушы мән-жайларды тізіп көрсетеді. Заң мынадай ауырлататын мән-жайларды көрсетеді: жәбірленушіге сөз ауруын жұқтыруға алып келген (ҚР ҚК 120-б. 2-бөл. «3» тар.); абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге, оның АИТВ жұқтырып алуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғуы (ҚР ҚК 120-б. 3-бөл. «2» тар.). Мұндай жағдайда негізгі тікелей объекті әйелдердің жыныстық бостандығы немесе жыныстық қол сұғылмаушылығы, ал қосымша объекті – жәбірленушінің денсаулығы мен өмірі. Қылмыс сыртқы дүниенің белгілі бір затына ықпал ету жолымен жасалған жағдайда, заң шығарушы құрамның белгілері ретінде қылмыс затының нақты сипаттамасын қосады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жалған банкноттары мен манеттерін, мемлекеттік бағалы қағаздарды немесе Қазақстан Республикасының валютасындағы басқа бағалы қағаздарды не шетел валютасы мен шетел валютасындағы бағалы қағаздарды сату мақсатында жасау немесе сақтау, сол сияқты сату (ҚР ҚК 206-бабы).

Қылмыс жасау әдістерінің, уақыты, орны, жағдайы, қаруы мен құралдарының ерекшеліктері бірқатар жағдайларда қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне елеулі түрде әсер етеді, осыған байланысты заң белгілер ретінде жеклеген қылмыс құрамдарын көрсетеді. Мысалы, орын – кеден шекарасы – экономикалық контрабанданың міндетті белгісі болып табылады (ҚР ҚК 231-бабы); қылмыс жасау әдісі – күш қолдану, қирату, өртеу, бұзу, мүлікті жою – жаппай тәртіпсіздік үшін жауаптылық туралы нормада қарастырылған (ҚР ҚК 272-бабы).

Қасақаналықпен жасалған қылмыстың жекелеген құрамдары субъективтік жақтардың сипаттамасына кінәнің қасақаналық немесе абайсыздық

түрлерін қосып қана қоймай, сонымен бірге себеп пен мақсат сияқты басқа да белгілерді қосады. Ауырлатушы мән-жайлардағы жауаптылықты белгілейтін Қазақстан Республикасының ҚК 99-бабының 2-бөлігі субъективтік жақтардың сипаттамасына жататын қосымша белгілердің мынадай бірнеше түрін көрсетеді: пайда табу мақсатымен, сол сияқты жалданып не қарақшылықпен, қорқытып алушылықпен не бандитизммен ұштасқан, бұзақылық ниетпен, басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатымен жасалған, сол сияқты зорлауға немесе жыныстық қатынас сипатындағы күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық не қанды кек себебі бойынша жасалған қылмыс.

Жекелеген қылмыстардың субъектілеріне сипаттама бергенде заң шығарушы қосымша белгілерді олардың жеке тән қасиеттерін бөліп көрсету үшін пайдаланады. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚК 317, 320-бабында қарастырылған – заңға сәйкес немесе арнайы ереже бойынша көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелді себептерсіз науқасқа көмек көрсетпеу қылмысының субъектісі: дәрігер, фельдшер, медбике, дәріхана қызметкері болуы мүмкін.

Қылмыстың факультативті белгілері қылмыстық құқықта екі ұшты мағына береді.

Бірінші мағынасы, заң шығарушымен негізгі құрам белгілерінің қатарына енгізілгендіктен, яғни Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің қылмыстық-құқықтық нормаларының диспозицияларында көрсетілгендіктен саралау үшін міндетті болып табылады.

Қазақстан Республикасының ҚК 361-бабында қарастырылған (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану) қылмыс белгілерінің бірі мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы болып табылады. Бұл белгі негізгі белгіге қасақаналық кінә ретінде қосымша түрде енгізіліп, қылмыстың субъективтік жағын сипаттайды және осы қылмыстың құрамы үшін міндетті болып табылады.

Факультативті белгілердің екінші мағынасы құрамның құрылысында, атап айтқанда негізгі құрамда да, негізгі құрамға шартты түрде де (ауырлататын немесе жеңілдететін мән-жайлар құрамына) енгізіліп көрсетілгендіктен қылмысты саралауға ықпал ете алмауымен көрінеді. Мұндай қосымша белгілер факультативті болып табылады (толық мағынасында). Мұндай жағдайда жауаптылықтың негіздемесі қылмыстық-құқықтық нормада көрсетілгеніндей, жинақталуы аздау құрам болып табылады. Бірақ заң

жеке белгілердің саны, яғни қосымша құрамдар талап ететіндей нақты жасалған қылмыста қосымша белгілердің көп болатынына немқұрайлы қарамайды. Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінің 53, 54, 55-баптарында соттардың «артық» белгілерге беретін бағасының тәртібі қарастырылған. Сот оларды жаза тағайындау кезінде, егер олар қоғамдық қауіптілік дәрежесіне ықпал ететін болса, төмендетеді немесе керісінше жоғарлатады. Қазақстан Республикасының ҚК 53-бабы соттың жаза тағайындау кезінде ескеретін жеңілдететін мән-жайларын тізіп көрсетеді, ал Қазақстан Республикасының ҚК 54-бабында жазаны ауырлататын мән-жайлар берілген. Жалпы бөлімнің басқа нормаларында (ҚР ҚК 55-бабы, «Белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза қолдану») осы мән-жайларды ескере отырып жаза тағайындаудың тәртібі реттеледі. Қазақстан Республикасының ҚК 53-бабының 1-бөлігі қылмысты саралауға әсер етпейтін қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды келтіре отырып, жазаны жеңілдетуге негіз болуы мүмкін мән-жайларды да (қылмыс үшін жауаптылық көделген баптардың санкциялары шегінде) атайды, олар: мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасау; айыпкердің кәмілетке толмауы; айыпкердің жас балалары болуы; шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу және басқалар. Ең маңыздысы, соттарға жаза тағайындау кезінде ҚР ҚК 53-бабының 1-бөлігінде көзделмеген жазаны жеңілдетуші ретінде өзге де мән-жайларды пайдалануға заңның құқық беруі болып табылады, сондай-ақ жекелеген жағдайларда заңда көзделмеген жазаны жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, сондай мән-жайлар жиынтығы да ерекше мән-жай деп танылуы (ҚР ҚК 55-б. 2-бөл.) немесе шартты түрде сотталуы мүмкін (ҚР ҚК 63-б.).

132-бабы, Кәмілетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың қоғамдық қауіптілігі кәмілетке толмағандарды тәрбиелеуге зиянын тигізумен қатар, біреудің ықпалына өте бейім жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерге араластыру болып табылады.

Кәмілетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартудың қылмыстық құқық бойынша объектісінің ұғымы мен мәніне тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде азаматтарың құқықтары мен бостандықтарын, меншікті, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекет мүдделерін қорғау міндеттері қарастырылған. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру қоғамдық қатынастарды қорғаудың барлық ғылыми-құқықтық пробеламаларын зерттеуді талап етеді. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі мен пәнінің проблемалары қылмыс объектісінің көп жоспарлы қылмыстық-құқықтық маңызына негізделген.

Ол іс-әрекеттің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қауіптілігін анықтайды. Қылмыс объектісінің ерекшеліктері мен қасиеттері қылмыстың әлеуметтік бағытылығын, оның заңдық белгілерін сипаттайды. Біздің ойымызша, қылмыс объектісі мен пәні проблемалары қылмыстық құқық ғылымында одан әрі зерттелуін қажет етеді.

Енді кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға тартудың объектісін толығырақ қарастырайық.

Қылмыстық құқықтық әдебиеттерде кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын заңдық тұрғыдан талдау қылмыстың объектісіне талдау жасаудан басталатыны белгілі, сондықтан, қылмыстың объектісі қылмыс құрамы элементінің бір бөлігі болып саналады. Құқықтық құқық теориядағы объектінің белгілері қозғалмалы болғандықтан қылмыстың объектісі құрамнан тыс қарау жөніндегі ойлар заңгерлер арасында қолдау таппаған болатын. Соған байланысты, қылмыстың объектісін дәстүрлі түрде қабылдап, қылмыс құрамының міндетті элементі ретінде таныған дұрыс. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объектісі кінәлі адамның қылмыстық әрекеті бағытталған, қылмыстан зардап шеккен немесе зардап келтіруге қауіп төндіретін әрекетті деп танылады.

Қылмыс объектісінің мазмұнының проблемасын ерте кезден, сонау кеңестік ғылымда қарастыра бастаған, сондай-ақ 1924 жылдағы ғалымдардың көпшілігі (А.А. Пионтовскийдің атақты еңбегінен) қоғамдық қатынасты қылмыс объектісінің негізгі мазмұны ретінде тану туралы ойды ұстанды. Бірақ, соңғы уақытта қылмыс объектісінің теориясын қайта қарауға тура келі. Сонымен, А.В. Наумов қылмыстық заңмен қорғалған және қылмыстық әрекетті қастық ойлау, қызығушылықтарын, қылмыс объектісін мойындаушылық туралы тезисін дәйекті түрде қолдайды²⁴. Г.П. Новоселов кез-келген қылмыстың объектісін адамдар, кейбір жағдайларда жеке тұлға ретінде, кейде – заңды тұлғалық мәртебесі жоқ немесе бар көптеген адамдар, үшіншіден әлеумет (қоғам) ретінде санайды²⁵. С.И. Никулин қылмыстық құқық бойынша қылмыстың объектісі деп әртүрлі әлеуметтік және жеке қызығушылық, қоғамдық қатынас және осы қатынасқа қатысушы – тікелей адам деп тану керек деп сенеді²⁶. Толық

²⁴ Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть: Курс лекций. Изд. 2-е. — М., 2000.

²⁵ Новоселов Г.П. Учение об объекте преступления: Методологические аспекты. — М., 2001.

²⁶ Уголовное право Российской Федерации: Учебн. / Под ред. М.П. Журавлева, А.И. Рапога. — М., 1996.

ғылыми талдау позициялары қылмыстың объектісінің мазмұны біздің зерттеуімізге енбейді, бірақ, біз соңғы кезде ұсынылып жүрген қоғамдық қатынас – субъектілері (адамдар) сол немесе басқа да бөлігі, олардың құқығы (қызығушылығы), заттық қатынасы (игілігі) қылмыстың объектісін анықтау негізі болатын теория екенін ескеру керек деп санаймыз. Осыған байланысты Б.С. Никифоровтың 1956 жылы «Қоғамдық қылмысқа қатысушылар, тиісті мүмкіндіктерді тасымалдаушы (субъектілер) белгілі бір құқықпен күзетілетін қызығушылықтар, сол мемлекеттік және қоғамдық белгілеулер: мемлекет, жеке тұлға, мемлекеттік аппарат, қарулы күштер және тағы басқалары қамтитын ұғым, зиян, шығын келтіретін қылмыс объектісін қамтитын ұғым: өздерінің осы қызығушылықтарымен бірге олар қылмыс объектісінің құрама бір бөлігін құрайды» -деп жазған позициясы дұрыс екендігін айта кеткен жөн²⁷.

Қорыта келгенде, біздің ойымызша қоғамдық қатынасты қылмыс объектісінің мазмұны деп танитын дәстүрлі теориясынан бас тарту негізсіз.

Қылмыс объектісінің теориясы шеңберіндегі «Тігінен» объектілер үдемесі болатын мәселелер маңызды емес. ҚК Ерекше бөлігінің құрылымының қылмыстық қол сұғушылық объектілерін жіктеу мәселесін теориялық түрде қайта қарауға мүмкіндік береді. Осы мәселені қарастыра келе ғалымдар осы мәселені шешудің бірнеше жолдарын ұсынды. Сонымен, Р.Р. Галиакбаров жалпы объектісін ұсынды; жалпы бөлігі болатын тектік, оларға ҚК Ерекше бөлігінде анықталады; тектіктің бөлігі болатын түрлік (топтық) ҚК Ерекше бөлігінің басында анықталды және қылмыстық қастық ойлау басты бөлімнің баптарында қарастырылған; нақты қылмыстың тікелей объектісі²⁸. Бірақ бұндай тәсіл әртүрлі объектілері бар, қылмыста қарастыратын жауапкершілік, көбінесе басты бөлімнің баптарын біріктіру фактілерін ескермейді; мысалы, экономикалық қызмет саласындағы жауапсыз бәсекелестікпен және тағы басқасымен байланысты қылмысы, салық қылмысы туралы бөлімі. Сонымен қатар, автор, «бөлік-бүтін» қағидасы бойынша жалпы, тектік және түрлік объектілерінің арақатынасы туралы айтқанда, өкінішке орай түрлік және тікелей объектілердің болуы мүмкін еместігі туралы атап өтпейді. Г.Н. Борзенков, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға түсінік бере отырып 21, 22, 23-бөлімдерін бір бөлімге біріктіру (VIII), бұл жаңа бір тектілік объектісінің пайда болуын білдірмейтінін айтады²⁹. Бұл оймен В.И. Динека, келіспейді, оның ойынша

²⁷ Никифоров Б.С. Об объекте преступления по советскому уголовному праву //Советское государство и право. — 1956. — № 6.

²⁸ Галиакбаров Р.Р. Уголовное право. Общая часть: Учебн. — Краснодар, 1999.

²⁹ Новое уголовное право России: Особенная часть. Учеб. пос. / Под ред.

РФ ҚК Негізгі бөлімінде кіріктірілген (топтастырылған) объект бекітілген³⁰. В.Е. Мельникова кейбір жағдайларда бөлімдер тектік объектілер бойынша ерекшеленеді, ал ішкі бөлімде бөлімнің түрлік объекті бойынша бөлінуі мүмкін деп айтады. Басқасында – бөлім қиын объектілер бойынша, ал басты бөлімі – тектік бойынша ерекшеленеді³¹. Бірақ ұсынылып отырған вариантта терең методологиялық қателік жатыр, немесе бір жіктеу шеңберінде тең буындарға бөлу үшін әртүрлі негіздерді қолдануға болмайды, сондай-ақ әртүрлі бөлімдерді анықтау үшін бір негізді қолдануға болмайды (түрлік және тектік объект – бөлімді анықтау үшін, тектік және қиын – тараулы бөлу үшін). ҚР ҚК Ерекше бөлімінің нормасында бекітілген түрлік объектіні ерекшелей отырып, бір бөлім шеңберінде біріктірілген қылмыс объектілерінің белгілері бойынша бір-бірінен шектеу мүмкін емес, өйткені ол онда біртұтас деп жазады³².

Қылмыстық қол сұғушылық объектілерін жіктеу мәселесінің түрлі оқулар тізімін әрі қарай жалғастыруға болады. Бірақ мәселе мұнда емес. Жас өспірімдерді қылмыс жасауға тарту объектісін зерттеуді жалғастыру үшін анықтау қажет, біріншіден, «тігінен» объектілерді бөлу сипаттамасы үшін жіктеу түсінігін қолдану мүмкін емес, себебі бұл жағдайда бөлімнің мүшелері біртұтас негіздеу бойынша ерекшеленуі керек, бір бірін шығару, ал бөлімнің өзі үздіксіз болуы керек, ол қылмыс объектілерін түрлерге бөлу қарастырылған варианттарда көрсетілмейді; екіншіден, қылмыс объектілерінің біртұтастығы анықталғанын тек бөлім мен баптардан ғана көруге болады. Себебі, ҚР ҚК Ерекше бөлігі біздің ойымызша, ҚК Ерекше бөлігіндегі тараулар шеңберінде қылмыстық объектіні біріктіру жаңа бір қылмыстық объектінің пайда болуына әкелмейді. Аталғандарды ескере отырып кәметке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту тектік (ҚК Ерекше бөлігінде белгіленген) және түрлік (ҚК 132-бабында белгіленген) объектілерінің мазмұнын анықтаймыз.

Талданатын қылмыстың тектік объектісі жас өспірімдер мен отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастардың қылмыстық қол сұғушылықтан заңды түрде қорғау жиынтығы қойылған болатын

Отбасы мен кәметке толмағандар мүддесі бір бірімен тығыз

Н.Ф. Кузнецовой. — М., 1996.

³⁰ Уголовное право. Общая часть: Учебн. / Под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. — М., 1997.

³¹ Уголовное право Российской Федерации: Учебн. / Отв. ред. Б.В. Здравомыслов. — М., 1996.

³² Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2014.

байланысты. Отбасы, қазіргі қоғамдық жүйесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, бір мезгілде тұлғаның әр түрлі жеке қажеттілігін қанағаттандыру үшін құрал ретінде және де көптеген қоғамдық үдерістерге тікелей әсер ететін әлеуметтік феномен ретінде болып келеді. Екінші көрсеткіш отбасы баланы әлеуметтендіруде алғашқы құрал ретінде көрінеді, ол «жеке тұлғаның интеллектуалды дамытады адамгершілік үрдісін реттейді, жақсы жақтарын белсендіреді, сыртқы теріс факторларды залалсыздандырады». Осы қылмыстық жағдай отбасында жас өспірімдерді тәрбиелеуде ықпал етеді және де керсінше, отбасы функцияларының бірі бұзылып жеке тұлғаның қалыптасы үрдісіне кері әсер етуі мүмкін. Қаралып отырған әлеуметтік құндылықтар сол отбасындағы кәметке толмағандар үшін негізгі тіршілік көзі болып келеді, көп жағдайда олар жасаған құқық бұзушылық отбасына жауапкершілік заңды түрде жүктеледі. Сондай-ақ отбасы мен жас өспірімдер мүшесінің осындай бір бірімен байланысты мүддесі әркез байқалуы мүмкін. Кейде, егер жас өспірім әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленген жағдайда отбасының мүддесі мен бала мүддесімен қайшы келуі мүмкін.

Тектік объектінің кәметке толмағандарды қылмыс жасауға тартуда жас өспірімдердің қалыпты дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар тобы шығады. Кәметке толмағандардың қалыпты дамуына бірқатар қалыпты физикалық, психикалық және адамгершілік дамуына, кәметке толмағандарды заңды сақтап және оны құрметтеуге тәрбиелеуде қоғамдық қатынастарды кешенді түрде қамтиды. Толықтыра келгенде, біріншіден, жас өспірімнің қалыпты дамуына олардың әлеуметтік қалыпты дамуы да шартты, яғни баланы дербес және толыққанды қоғамның бір мүшесі ретінде бекіту, оған жүктелген жауапкершіліктерді жүзеге асыру және оған ұсынылған құқығы мен бостандығын делдал арқылы баланы қанағаттандыру; ал, екіншіден, «әдеттегілік» тек қана заңдарды сақтауды дамытуды ғана жобаламайды. Тіпті жас өспірімдерге арналған тәрбиелеу колонияларында да Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігінің Кәметке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемеде сотталушылармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда тәрбие жұмыстары «оларды түзеу мақсатында сотталушыларға мақсатты бағытталған ықпал ету және жоспарлауға, адамға, қоғамға, еңбекке, нормаға, адамзат қатынасындағы ереже мен салт дәстүріне олардың құрметін қалыптастыру, жалпы білім және мәдениет деңгейін көтеру, қоғамда дербес құқықтық тілағғышты тәрбиелеу бекітіледі». Қорыта келгенде, қарапайым өмірде де заңды сақтауға, адамды және оның еңбегі мен қарым-қатынас салтын құрметтеуге тәрбиелеу және қалыпты дамуын да тану керек.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып біз тектік объектінің Қазақстан

Республикасының заңы мен Конституциясын сақтау сарынымен, он сегіз жасқа толмағандарға қалыпты әлеуметтік және адамгершілік, психикалық, физикалық дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың жинақтығы ретінде жас өспірімдерге қылмыс жасауға тартуын; адамды және оның құқығы мен еңбегін құрметтеуге; қоғамдық қатынасты, адамзаттың ережесі мен салт-дәстүрін құрметтеуін; кәмелетке толмағандарды қоғамдық қатынаста, өзінің құқығы мен бас бостандығын дербес қолданатын толыққанды, субъект ретінде тануды анықтауға болады.

Кәмелетке толмағандардың дамуы тек өзін өзі тәрбиелеу мен өзін өз оқыту үрдісінде ғана болмайды, сондай-ақ, көбінесе ересектердің де белсенді тәрбие беру әсерінен де болады. Тәрбиелеу ісін «әлеуметтік жеке организмнің дамуында (онтогенезе) әлеуметтік филогенездің, жеке индивидтердің дамуында адамзаттың дамуын қысқартылған жаңғырту үрдісі» ретінде ұсынуға болады.

Жеке тұлғаның даму жағдайы ретінде тәрбие қоғамда әртүрлі деңгейде өтеді: шағын әлеуметтік топтар деңгейінде және толық әлеумет негізіндегі деңгейде. Бұл тәрбие желісі әртүрлі мақсаттар ұсынып отбасылық тәрбие идеалдары қоғамдық моральдық нормаларда бекітілген қоғаммен сәйкес келмеуі мүмкін. Мемлекет жалпы әлеуметтік деңгейде қалыптасқандарды өз қарамағындағы құндылықтармен қорғауға алуға, және де өз азаматтарының жеке өмірін сақтауға шақырылған. Отбасы тәрбиесінің идеалдары қоғамға сай келетіндігімен заң жүзінде қорғауға алынған. Сондықтан, объектімен жас өспірімдердің қылмыс жасауға тартылуы, олардың әлеуметтік-мәнді шектерінің дамуы, соңғы қоғамдық тәрбиелеу идеалына сәйкес келетін жас өспірімдер дамуы болып келеді. Қоғамның саналы түрдегі іс-әрекеті белгілі бір бағытталған, алдын ала болжанған идеологиялық және психологиялық нәтижелерін алуға отбасының қарым-қатынас тәрбиесі мен өзін өзі тәрбиелеу деңгейі бойынша екінші рет құрылады. Ұсынылған бағыттың іс әрекеті ол тұлғаның қалыптасуы үшін ең қолайлы факторлардың нәтижесін анықтау және күшейту болып табылады. Адами қалыптасуын едәуір жеңілдететін әртүрлі жеке девиациялары өзінен өзі жас өспірімдер жағдайында қызмет етеді, олардың бұл жаста өмірлік танымы мен дүние танымының тұрақсыздығы ерекшеленеді. «Мен» – деген меншікті белсенді іздеуі, өзін өзі тануда, өзін өзі дамытуға әрекет етуі, биологиялық деңгейде өтетін өзгерістермен жанамалауы, жас өспірімдердің жеке басының әртүрлі негізгі дамуына әрекеттің негіз болуы мүмкін. Осындай зиянды жағдайда ересектердің айналмалы ықпал етуі қоғамға ерекше қауіп төндіреді, бұл кәмелетке толмағандарды қылмыс жасауға тартылуына әкелетінің түсіндіреді.

Бала құқығын зиянды ақпараттардан қорғауды халықаралық және

ұлттық нормативтік деректерді растайды. Осылай, бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясының 17-бабында (1989) мемлекет – Конвенцияға қатысушылар, баланың физикалық, психикалық дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, рухани және моральді амандығына көмектесуге бағытталған балаға халықаралық және ұлттық әртүрлі материалдарға және ақпараттарға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттің міндегі дәл осындай ақпараттарды таратуға көмектесу керек. Баланың денсаулығына адамгершілік және рухани дамуына зиян келтіретін ақпараттардан, үгіт-насихаттардан қорғау үкіметтің мемлекеттік органдары баланың денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына зиян келтіретін ақпараттан, үгіт-насихаттан қорғау, сонымен қатар ұлтшылдық, таптық, әлеуметтік шыдамсыздықтан, алкогольдік, ішімдік пен темекі бұйымдарының жарнамаларынан, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни теңсіздікті насихаттаудан, сондай-ақ қоғамға қайшы келетін қатыгездік пен зорлықты, порнография, нашақорлықты, токсикоманияны насихаттайтын аудио-видео өнімдерін, баспа өнімдерін таратудан қорғау белгіленеді.

Келеңсіз ақпараттардан баланы қорғау БҰҰ Конвенциясының бала өз ойын еркін жеткізуге құқылы деп белгіленген бала құқығы туралы 13-бабының талаптарынан ақпарат тарайды; бұл құқық кезкелген түрдегі ақпараттар мен ойларды шектеусіз, еркін іздеу, табу, алу және ауызша, жазбаша немесе баспа түрінде, қолөнер шығармашылығы түрінде немесе баланың тандап алуы бойына басқа да құралдардың көмегімен тарату анықталған. Бірақ, ұсынылып отырған баптың 2-тарауына сәйкес осы құқықты жүзеге асыру барысында кейбір шектеулерге ұшырауы мүмкін, бірақ та, мұндай шектеулерге тек шектеуге қажетті және заңда қаралған шектеулер болуы мүмкін: а) басқа адамдардың құқығы мен беделін құрметтеу; б) қоғамдық тәртіп пен мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау немесе халықтың денсаулығы мен құлықтылығын қорғау. Осындай шектеулердің қатарына қылмыс жасауға қажеттілік, қол жетімділік туралы жас өспірімдер арасында ақпарат таратуды шектеу ҚК 132-бабында бекітілген. «Ересек адамдардың қылмыс жасауға кәмілетке толмағандарды тарту қоғам үшін қоғамдық қауіпсіздіктің нығаюын көрсетеді, сол себепті ғана құқық бұзушылардың қатары көбеюде, себебі осындай әрекет жас өспірімдердің әлі де қатаймаған психикасына айналмалы әсер етуі, олардың рухани-адамгершілік қалыпты дамуын, бұзады, оларға құндылық бағыттарын бұрмалануына дағдыландырады».

Қорыта келгенде, қоғамдық қатынас баланың дамуына зиян келтіретін ақпараттардан қорғауды қамтамасыз ететіні, жас өспірімдерді қылмыс жасауға тартатын негізгі объект деп тану керек. Жас өспірімдерді формальды қылмыс құрамымен тарту құрамын ескере отырып, талданған қылмыс-

ты жіктеу барысында заңға қайшы әрекеттерін анықтау жолымен қамтамасыз етуші объектіні анықтау, ал қоғамдық қатынаспен келтірілген нақты зияны жинақталады және де презумпция бұл көбінесе жоққа шығарылмайтын жағдай. Бұл ескерту әсіресе қаралып отырған қылмыс объектіні құрайтын қоғамдық қатынастың дамуына қандайда бір материалдың, объективтік өзгерістердің жоқтығына байланысты жас өспірімдердің дамуына келтірілген зиян түрі мен көлемі іс жүзінде қызметте анықтау ерекше маңызды. Сонымен қатар, криминологиялық зерттеулерде жас өспірімдерді қылмыс жасауға тарту арасында көп пайызы қылмыс жасағанға дейін қоғамға қайшы өмір сүргендер (қылмыс жасауға тартылған жеткіншектердің жартысы қылмыс жасамай тұрып ішкі істер бөлімінде есепте тұрғандар) көрсетіледі. Бұл жас өспірімдердің дұрыс дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастардың көпшілігі оларды қылмыс жасауға тарту кезінде ісі залалды болғанын дәлелдейді. Дегенмен сот тәжірибесінде жас өспірімнің алдында болған мінез құлқын саралау мүлде әділ қойылмайды. Қорыта келгенде, сотта әр нақты жағдайда жасөспірімнің тартуымен оның дамуын қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастар қаншалықты терең қозғалғанын, оған қандай зиян келгенін, ол зиян рас болды ма, тарту фактісі жасөспірімнің жеке даму бағыттылығына әсер етудің анықтаудың қажеттілігі жоқ. Тек ересек адамдардың заңға қайшы істегенін анықтау ғана жеткілікті. Ересек адамдардың жас өспірімдерге теріс әрекетінің дәрежесі тек соттың қылмыстық жазалауды жекелеу барысында болуы мүмкін.

Зиянды ақпараттардан балаларды қорғауды қамтамасыз ету қатынасын жас өспірімдерді қылмысқа тартудың негізгі объектісі деп танып, «әрбір қылмыстық тек бір ғана емес бірнеше қоғамдық қатынасқа қол сұғушылығын» немесе «қылмыстық кодекстің бөлімдері бойынша топтық қылмыс ұсынылып отырған қылмыстың негізгі бағыттылығын ескеріп, ол қол сұғушылықтан қоғамдық қатынастың бір бөлігінен басты объектіні бөлетінін» айта кеткен жөн.

Осы байланыста жас өспірімдерді қылмысты қоқыту немесе зорлықты қолдану арқылы қылмыс жасауға тартуға; сондай-ақ жас өспірімдерді қылмыстық топқа тартуға жауапкершілікті қарастыратын жіктеу құрамында қылмыс объектісін анықтауды қажет етеді. Тектік объектісінің басқа тұрғысына жататындар, ол әрқашан басты объектімен қатар өзгеретініне төзеді, оны қылмыстық қосымша объектісі деп санауға негіз береді.

Қазақстан Республикасы ҚК 133-бабының 3-бөлігінде зорлықтың бағыттылығы анықталмаған демек, ол кәмілетке толмағандарға да және басқа тұлғаларға да қолданылуы мүмкін. Ақырғы аталған қылмыста кәмілетке толмағандарды жеке тұлғаға қарсы күш көрсету, қорқыту немесе

зорлықпен қылмыс жасауға тартуды қылмыстың жинақтығы бойынша жіктеуді білдіреді, осындай қылмыс түрлері жасалғанда екі бірдей ерікті объектіге зиян келтіріледі. Қылмыс объектісі анықталғанда қылмысқа тартылған кәметке толмағандарға зорлық қолданылған жағдайда оның мінездемесінде қолданылған зорлық көлемі көрсетілуі керек. Зорлықпен тартылғандарды нақтылы талдау бізбен жасалынады, осы жерде кәметке толмағандардың физикалық және психикалық денсаулығы, денеге қол сұғушылық ұсынылып отырған қылмыстық қосымша объектісі екендігін айта кеткен жөн.

Кәметке толмағандарды топтық қылмысқа тарту, біздің көзқарасымызша ұсынылып отырған қылмыстың қосымша объектісі ретінде қоғамдық қауіпсіздік деп тану керек, себебі бірқатар қылмыстық топ құру (қылмыстық қоғамдастық, заңсыз қарулы құрамалар және т. б. қарақшылар тобы) шын мәнінде ішкі және сыртқы қауіптен мемлекет пен қоғам, жеке тұлғаның өмірлік мүддесіне зиян келтіру қауіпін келтіреді.

Кәметке толмағандарды қылмыс жасауға тарту объектісін анықтау мәселесін қарастыру барысында, теория жүзінде қылмыс объектісінің факультативтік белгілері деп саналатын, осы қылмыстан жәбірленуші сипатына тоқтала кеткен жөн. Сонымен қатар ғылым мен тәжірибе егер заң шығарушы қандайда бір факультативтік белгіні қылмыстың негізгі құрамының қатарында көрсетсе, онда ол қылмыстық құрамның міндетті белгілерін алады. ҚК 132-бап 1-бөлік диспозицияда кәметке толмағандарға бағытталған ересек адамның әрекеті нақты көрсетілген. Демек, қаралып отырған қылмыс құрамының құрылымында кәметке толмағандар қылмыс объектісінің міндетті белгілері, дәлірек айтқанда жәбірленуші деп танылады.

Қылмыстық-құқық әдебиеттерінде жәбірленуші деп (жеке тұлға ретінде) «қылмыс жасау арқылы жеке тұлғаға моральдық, физикалық немесе материалдық зиян келтірілген, немесе оның заңды құқығының бұзылуы», тұлға, «қылмыс жасау арқылы оған моральдық, физикалық немесе материалдық және психикалық зиян келтірілген жағдайда» түсіндіріледі. Әдебиеттерде «жәбірленуші» қылмыстық-құқықтық түсінігінің базалық элементі де қаралған. Оларға келесідей факторлар жатады:

1 – жәбірленуші құқық субъектісі, яғни қоғамдық қатынас заңын қорғаушы болуы керек;

2 – нақты зияны немесе оны келтіру мүмкіндіктері болуы;

3 – қылмыстық жауапкершілікке тартылған айыпталушы жасаған дәл осындай нормада келтірілген зиянға тыйым салынуы.

Біз зерттеп отырған істің санатында осы үш элементі көрініп тұр, ал сондықтан да Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабында қарастырылған

қылмыс құрбаны қылмыстық-құқықтық және іс жүргізуінде осы ұғым жәбірленуші деп танылуы мүмкін. Тұлғаны жәбірленуші деп тану актісі аталған тұлға үшін шынымен де қылмыстан зардап шеккен иемденуші дәлелдеу үшін қолданады, дәлелді жинап бағалауға құқығы бар өзіне тән құқықтық процессуалдық кешенді алу үшін заңды алғы шарты болып қызмет етеді. Зерттелген қылмыстық істе кәмелетке толмағандарды қылмыстан жәбірленуші деп тану туралы қаулысы жоқ болса кәмелетке толмағандарды жәбірленушілер құрбанына тарту мәртебесін беру қиындық туғызады. Бірден бір елеулісі, тартылған жеткіншектерге ересек адамдардың әрекетінің нәтижесіне байланысты қылмыс жасайды, бұл оларды жауапкершілікке тарту және оларға айыпталушы айыбын тағу үшін негіз болады. Осы фактіде оларды жәбірленуші ретінде қарау жеткіліксіз. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабында қаралған әділ сотты жүзеге асыруда гуманизм және кепілдікті сақтау қағидасы болып келетін, оларға жәбірленуші мәртебесін беру бөлімінде қылмыс құрбаны болған кәмелетке толмағандардың процессуалдық құқығын сақтау мәселесіне тергеу прокурорлық және сот қызметкерлері ерекше көңіл бөлуі керек.

Ғылымда кәмелетке толмағандарды қылмыстан жәбірленуші болып тартылуын тану мүмкіндіктеріне байланысты әртүрлі ұсыныстар ұсынылған. Онда, мұндай таным кез келген жағдайда болуы керек деген тұжырыммен келісу мүмкін емес. Әбден үзілді-кесілді ал сол себепті де әбден мүмкін емес, егер қылмысқа немесе басқа да қоғамға қайшы іс әрекетке тартылған жас бала (14 жасқа келмеген) болса, оны ересек адамдардың әрекетінен жәбірленуші ретінде әдеттегідей орынды қарау керек. Ал егер қылмыс жасауға тартылған жасөспірім 14 жасқа толған болса онда оны кейбір жағдай да ғана жәбірленуші деп тануға болады. Бұл оның ересек адамның ықпалына қарсы келе алатын жас өспірімнің жас ерекшелік мүмкіндігімен байланысты деген дұрыс емес. Жәбірленуші деп қойылған кәмелетке толмаған тартылған қылмысқа қарсы келді ме, егер қарсы келсе онда ықпал етуші ересек адам ықпалы қаншалықты деп ойлаймыз. Қылмыс жасауға тартылған кәмелетке толмағандарды жәбірленуші деп тану үшін (егер ересек адамның әрекетінде зорлық байқалмаса) қарастырылып отырған қылмыс объектісін анықтап, қаралған қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін құрайтын нақты фактілердің бұзылғандығын анықтау қажет. Ол үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту кезінде кәмелетке толмағанның даму деңгейі мен бағыттылығын біліп алған дұрыс.

2.3 Қылымыстық құқық бойынша қылмыс құрамының объективтік жағының ұғымы мен мәні

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тартудың объективтік жағы қылмысқа тартушының іс-әрекеттер (әрекетсіздік) сипатының көмегімен анықталады.

Қылмыстың объективтік жағы — бұл қылмыстық қол сұғушылық барысының сыртқы жағын сипаттайтын заңмен белгіленген белгілердің жиынтығы.

Әрбір нақты қылмыс көптеген жекелендіруші, соның ішінде объективтік белгілерге ие болады. Әрбір нақты қылмыстың объективтік белгілері субъектінің іс-әрекетін (әрекет немесе әрекетсіздік), келтірген шығынын және қоғамдық қол сұғушылық барысында өріс алатын сыртқы жағдайларын сипаттайды. Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы өзіне қылмыстық заңмен қатаң анықталып, белгіленген белгілерді қосады.

Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы қоғамға қауіпті деп саналатын іс-әрекеттерді сипаттауға, оларды сондай қылмыс құрамының белгілерінен шектеуге қажетті белгілердің ғана жиынтығына ие болады. Мәселен, кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тартудың кез келген — бұл ересектің кәмелетке толмаған адаммен араласу үдерісі. Қылмысқа тартушының іс-әрекеттері жасөспірімдердің өмір сүруін, қалыпты дамуы және дұрыс адамгершілікке тәрбиеленуін бұзуға үздіксіз бағытталады, яғни қылмыс жасауға ынтасының оянуы, жеке адам мәртебесінің қалыптасқан жағдайының өзгеруіне әкеледі.

Тарту дегеннің мағынасын кәмелетке толмағандардың қылмыстық іске орындаушы немесе көмектесуші ретінде қатысуға итермелейтін түрі — іс-әрекеттер деп түсіну керек. Кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тарту дегеніміз — кәмелетке толмаған адамның бір немесе бірнеше қылмыстарға қатысуға ықылас көрсетуін, ұмтылысын туғызуға бағытталған іс-әрекеттер. Қылмысқа тарту күшпен зорлық жасау және психикалық әсер етудің барлық түрлерін болжайды, мысалы: сендіру (белгілі пайда табу мүмкіндігі туралы), қорқыту (соққыға жығу қаупі, нұқсан келтіретін мәліметтерді жария ету), алдау (жалған ақпарат беру), кек алу сезімін тудыру (күшпен жәбірлеу арқылы әсер ету), қызғаныш немесе басқа да арам ниетін ояту (беделді орын алуға ұмтылу), қылмыс жасауды ұсыну, ұрланған затты сатып алу немесе өткізуге уәде беру, қылмыстың орны мен тәсілдері туралы кеңес беру немесе қылмыстың іздерін жасыру және т.б.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы және оларды қылмыстық және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту туралы істер

жөніндегі сот тәжірибесі туралы» Нормативтік қаулысының 24-тармағында берілген түсініктемеге сәйкес, кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту деп қылмысқа тартушы адамның кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттерін тану қажет. Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен (ұру, көндіру, қауіп туғызу және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т. б.) ұштасуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары және соттар кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту мақсатында ересектердің қандай нақты әрекеттер жасағанын көрсетуге міндетті. Ересек адамның кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыстық құқық бұзушылық жасау туралы өздігінен жәй ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту болып табылмайды.

Аталған Нормативтік қаулының 27-тармағында кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқан және оған қатысқан ересек адамның әрекеттері жасөспіріммен бірге нақтылы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қоса қатысқаны және оны қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқаны үшін жауапкершілікті көздейтін ҚК-нің баптарының жиынтығы бойынша сараланатыны түсіндіріледі. Мұндайда қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа толмаған адаммен бірге жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобымен жасалған деп саралауға болмайды. Айта кету керек, мұндай жағдайда ҚК-нің 28-бабының екінші бөлігіне сәйкес кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқан ересек адамды қылмыстық құқық бұзушылықты орындаушы деп тану қажет.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабында көзделген қылмыс егер де кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске әдейі тартудың бір дәйегі болса ғана орын алады. Біз қарастырып отырған қылмыстың құрамы мазмұны жағынан көлемді болып келеді, яғни оған тек дайындық қана емес, қылмыстық және қоғамға қарсы тәртіпке үйрету де енген.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабында көзделген қылмыс құрамының болуы үшін кәмелетке толмаған адамның ересек адамның қылмысқа тартқанға дейінгі тәрібінің қатысы жоқ. Бұл бірқатар жағдайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, ересек ұйымдастырушы немесе арандатушы кәмелетке

толмаған адамның әлеуметке қарсы бұрынғы тәжірибесі туралы анық ақпаратты біле бермейді. Екіншіден, ересектің қылмыстық әрекеті кәметке толмағандардың әлеуметке қарсы бағдарының күшеюіне бағытталған, яғни оларды әлеуметке қарсы өмір салтына енгізуге жеткізу. Үшіншіден, қылмыс жасау кәметке толмағандардың жеке басының жас, психикалық ерекшеліктерімен түсіндіріледі, жаңа бір нәрсені сезіну, тану, кей кезде балалық себептермен де жасалады.

Қылмыс құрамының объективтік жағын бөліп және негізді түрде қарау теориялық зерттеулермен ғана мүмкін болады.

Қылмыс құрамының барлық объективтік және субъективтік белгілері бір-бірімен байланысқандағы соншама, тіпті ең болмағанда олардың біреуінің болмауы қарастырылатын қылмыс құрамының жоқ екендігін білдіреді.

Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімімен оқып-зерттеледі, ал қылмыстың барлық құрамдары үшін ортақ немесе қылмыс құрамының елеулі санына тән объективтік белгілері қылмыстық құқықтың Жалпы бөлімімен оқып-зерттеледі.

Қылмыс құрамының объективтік жағы өзінің қатырына мыналарды қосып алады: а) іс-әрекеттің сыртқы (іс жүзіндегі) жағын; б) қоғамдық қауіпті зардаптарын; в) іс-әрекет пен зардаптардың арасындағы себепті байланыс; г) қылмыс жасау орны, уақыты, әдісі, жағдайы, қаруы мен құралы.

Қылмыс құрамының құрылысына қарай (материалдық және формальды құрамдары) қылмыс құрамының объективтік жағы тек қана әрекеттен (әрекетсіздіктен) көрінуі мүмкін, не сонымен қатар белгілілі бір зардаптарды, демек соған орай іс-әрекет пен зардаптың арасындағы себепті байланыспен көрінуі керек. Сондықтан қылмыстық құқық теориясында іс-әрекет қылмыс құрамының объективтік жағы міндетті белгісі деп атанса, ал зардап пен себепті байланыс қылмыс жасау орны, уақыты, әдісі, жағдайы, қаруы мен құралы сияқты факультативтік болып атанады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыс құрамының объективтік жағы қандай белгілерден құралатыны жөніндегі мәселені шешуге байланысты бірыңғай пікір жоқ. Авторлардың еләуір тобы қылмыстың құрамының объективтік жағына қоғамдық қауіпті зардаптарды, себепті байланысты және қылмыс жасау орны, уақыты, әдісі, жағдайы, қаруы мен құралын сипаттайтын мән-жайларды жатқызады. Басқа авторлар бұл тізімдердің қатарын не көбейте түседі, не оған жекелеген мән-жайларды жатқызу заңдылығы үшін дауласып таласады. Мәселен, қылмыс нақты құрамының объективтік жағы туралы ілімді қоғамдық қауіптілік – қылмыстық әрекеттің объективтік белгісі болып саналатындықтан қоғамдық қауіпті (заңға қайшы) іс-әрекет ретінде қарастыру ұсынылады.

Мұндай көзқарастар әлі де даулы күйінде қалып отыр. Қоғамдық қауіптілік шындығына келгенде объективті категория болып табылады. Ол – соттық бағалаудың нәтижесі емес, сотпен ашылатын және зерттелетін іс жүзіндегі шындық. Алайда, бұдан қоғамға қауіптілік сипаттамасы қылмыс құрамының объективтік жағы туралы ілім туындайды деген ой пайда болмаса керек. Терминдердің тура келуі («қоғамдық қауіптілік объективтілігі» – «қылмыс құрамының объективтік жағы») мұның негізі бола алмайды. Қылмыстың қоғамға қауіптілігі ғана объективті сипатқа ие болып қалмайды, объективті белгілермен қылмыс субъектілері де объективті белгілер мен сипатталады, объекті белгілері мен басқалар да объективті, алайда бұның өзі қылмыс құрамының объективтік жағы туралы ілімде қылмыс құрамының барлық элементтерін осыған негіз болады деп санауға себеп бола алмайды.

Қылмыс құрамының объективтік жағына айналасындағы шындықтарға өзгеріс беретін іс-әрекеттердің сыртқы тұрқы енеді. Олардың қатарына заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды жатқызуға болады, ал қылмыстың жасалу әдісі, орны мен жағдайы «қылмыскердің іс-әрекетін (әрекетін немесе әрекетсіздігін) ғана сипаттайтын болғандықтан объективтік жағының дербес элементі болып табылмайды». Мәселенің бұлай шешілуі қарсы пікір тудырады. Мұндай белгілерді қылмыстың объективтік жағының шегінен шығарып тастау, сөз жоқ жалпы қылмыстық құрамынан шығарып тастайды. Әрине, орын, уақыт және жағдай іс-әрекеттің емес, іс-әрекет пен оларға келетін зардап ұғымдарына қарағанда қылмыс белгілерінің кеңірек ұғымының белгісі болып табылады. Қылмыстың орны, уақыт және жағдайы оның сыртқы жағының құбылысын қаншалықты сипаттайтын болса, қылмыс құрамының элементтерін сипаттау кезінде бұл белгілер соншалықты орынды және қылмыс құрамының объективтік жақтарын талдау кезінде қарастыру қажет.

Сөйтіп, қылмыстың объективтік жағы — бұл белгілі бір жағдайда, орында және уақытта өтетін және қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін қоғамдық қауіпті қол сұғушылықтың сыртқы жағы, көрінісі.

Қылмыстың объективтік жағы қылмысты саралауда маңызды орын алады. Заңмен қарастырылған қылмыс түрлері көптеген жағдайларда әрекет немесе әрекетсіздік немесе оның пайда болу жолдарының сипаты және басқа сыртқы белгілері бойынша анықталады. Кезінде «Нағыз тұлғаның «ойлаған ойы мен сезімінің» айқындығын қандай белгілермен бағалауға болар еді? – деп жазған еді В.И. Ленин, – мұндай белгінің біреуі ғана екені түсінікті: ол осы тұлғалардың әрекеті, ал қоғамдық «ой мен сезім» туралы сөз қозғайтын болсақ онда, тұлғаның қоғамдық әрекетін,

яғни әлеуметік фактілерді алуға болар еді»³³.

Бұл келесідей түсіндіріледі, құрамның басқа элементтері, мысалы, субъекті мен субъективтік жақтар көптеген қылмыстардағы өзінің басты белгілеріне тура келеді. Қылмыстардың үлкен тобы тектік объектісі бойынша және көбінесе тікелей объекті бойынша тура келеді. Демек, көптеген жағдайда қылмыстың нақты түрлерін айыруға болатын құрамның элементі – бұл объективті жақтары. Қылмыстың мазмұнын анықтаушы ретіндегі белгінің маңызы қол сұғушылықтықтардың арасын айырумен көрінеді. Осы шектік аралықтарда жасалған қылмыс үшін жауаптылық белгіленіп, анықталады. Мәселен, бөтеннің мүлкін ұрлау аяқталған қылмысты құрайды және қалаған нәтиже бөтеннің мүлкін ұрлап алуға, тартып алуға қол жетпесе де ол солай болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысының 17-тармағында «Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 52-бабында көрсетілген жағдайлардан басқа олардың тұрмыс және тәрбие алу жағдайларын (отбасындағы сәтсіз жағдай, ата-ананың, басқа туысқандардың кәмелетке толмағандарға дөрекілікпен, кейде қатыгездікпен қарауы және т. б.), психикалық дамуы деңгейін, жеке басының ерекшеліктерін (психикасының бұзылуы, сабырсыздық, қызбалық және т. б.), қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың себептерін (тентектік, «елмен бірге», қызғанушылық, кек алушылық және т. б.), кәмелетке толмағанға ересек адамдардың әсер етуін ескеруге міндетті. ҚК-нің 53-бабына сәйкес айыптының кәмелетке толмауы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай болып табылатынын соттардың ескергені жөн» деген.

Аталған нормативтік қаулының 21-тармағында былай деп бекітілген: ҚК-нің 81-бабының бірінші бөлігінің мазмұны негізге алына отырып, кәмелетке толмаған жаста қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға мүлкті тәркілеу түрінде қосымша жаза қолданылуға тиіс емес. Егер ҚК-нің ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы мүлкті тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде көздесе, онда соттар оның қолданылмауын, ҚК-нің 81-бабына сілтеме жасай отырып, үкімде дәлелдеулері қажет.

Мұнан басқа, нормативтік қаулының 22-тармағында ҚК-нің 14-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кәмелеттік жасқа толмай тұрып жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін бұрынғы соттылықтар, қылмыстық

³³ Ленин В.И. Толық шығармалар жинағы. Т. 1.

құқық бұзушылықтың қайталануын тану және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде ескерілмейтіні түсіндірілген.

Бұл қылмыс субъектісінің жастық ерекшеліктерінің себептері, бәлкім, ең алдымен талдап отырған әрекеттің объективтік жағының ерекшелігінде деген ұстаным. Өйткені бұл қылмыстық-құқықтық норма кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тартқаны үшін жауаптылықты қарастырады, ал норманың өзі кәмелетке толғандарға қатысты екені анық.

Кәмелетке толмағандарды қылмысқа тартудың субъективтік жағы ересектің әрекеттеріндегі пиғылды белгілеу – соңғы өзінің әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын және оның қоғамға қауіпті салдарын алдын ала білгенін ұғынуды анықтау деп болжайды.

Жоғарыда аталған 2002 жылғы 11 сәуірдегі нормативтік қаулыда былай делінген: ҚК 132 және 133-баптарында көзделгені қылмыстар тек тікелей пиғылмен жасалады. Бұл жерде, егер кінәлі қылмысқа тартылған адамның жасы кәмелетке толғанын анық білген жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылатынына негізделу керек.

Осылайша, барлық көрсетілген әрекеттер мазмұны жағынан да, мақсаттық бағыты жағынан да, ал кей кездерде ниеті бойынша әлеуметке қарсы сипатталады: осыған сәйкес, бұл әрекеттерді жасайтын адам олардың қоғамға қауіпті екенін ұғынады, оны өз еркімен орындайды, белгілі бір салдарын тілейді. Сонымен, кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тарту кезіндегі қылмыстық істер тек тікелей қасақана пиғылмен жасалады.

Қылмыстардың себептері әр түрлі болуы мүмкін. Ол жазаларды жекелеген кезде ескереді.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабы қылмыстың сараланған және ерекше сараланған түрлерін қарастырады.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабының 2-бөлігі кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту қылмысының қоғамға қауіптілігін жоғарылатып көрсететін саралау белгісі ретінде аталған әрекетті ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған жасауын қарастырады. Жасөспірімдерді қылмыстық іске тартқаны үшін жауаптылыққа тартылатын адамдар ортасының кенеюі әбден орынды, өйткені мұндай жағдайларда жасөспірімдердің адамгершілік, рухани, дене және жыныстық дамуы мен денсаулығына едәуір нұқсан келтіріледі. Кәмелетке толмағандарға қамқор болу міндеттері жүктелген басқа да адамдар дегеніміз, мысалы, интернаттардың тәрбиешілері, спорт командаларының жаттықтырушылары және т. б.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабының 3-бөлігі бұл қылмыстың аса қауіпті түрін қарастырады: күш қолданып немесе күш қолданамын деп

қорқытып қылмыстық әрекетке тарту. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі қаулысының түсініктемелеріне сәйкес 26-тармағында былай делінген: ҚК-нің 132-бабының үшінші бөлігінде, 133-бабының үшінші бөлігінде және 134-бабының екінші бөлігінде көзделген кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту кезінде күш қолдану деп кәмелетке толмағанның денесін ауыртумен, денсаулығына жеңіл және орташа дәрежедегі зиян келтірумен байланысты ұрып-соғуды, өзге де күш қолдану әрекеттерін түсінген жөн. Егер кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылықтарды немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тарту оның денсаулығына ауыр зардап келтірумен немесе дербес қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайтын өзге әрекеттермен ұштасса, онда бұл әрекеттерді қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралауға жатады.

Психикалық күш қолдану — кәмелетке толмаған адамның қылмысқа қатысудан бас тартқаны үшін бірден соққыға жығу немесе денсаулығына зиян келтіру дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабының 4-бөлігінде кәмелетке толмаған адамды ауыр немесе аса ауыр қылмысқа тартқаны үшін жауаптылықты қарастырады. Ауыр қылмыстар деп Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер танылады (ҚК 10-б. 4-б. сәйкес). Аса ауыр қылмыстар – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер танылады (ҚК 10-б. 5-б.).

2.4 Қылмыстық құқық бойынша қылмыс субъектісінің ұғымы

Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тартудың субъектісі қарастырып отырған қылмыс құрамының элементі ретінде адам өзінің жасаған іс-әрекеттеріне қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығының заңмен қатаң белгіленген нышандарының жиынтығы болуын көздейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 132-бабы бойынша 18 жасқа толған есі дұрыс тұлға қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуір «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-

әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» № 6 нормативтік қаулысының 2-тармағында былай деп атап көрсетілген: «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот ісін жүргізуге қатысты заңмен бекітілген талаптар мен ережелерді қатаң сақтау, осы санаттағы істерді уақытылы және сапалы қарау қажеттілігіне соттардың назары аударылсын. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі — ҚК) 15-бабында көрсетілген. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасын (туған жылын, айын, күнін) дәл анықтау жөнінде шара қолдануға міндетті. Бұл орайда адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен бастап есептеледі. Адамның жасын растайтын құжаттар болмаған жағдайда немесе ол құжаттар күмән тудыратын болса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі — ҚПК) 271-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағына сәйкес сараптама тағайындау қажет. Мұндайда сараптамашылар белгілеген жылдың соңғы күні туған күн болып есептеледі. Сараптамашылар жастың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерін жылдар санымен белгілесе (мысалы, 14-тен 15-ке дейін), онда сараптама ұсынған жастың ең төменгі мөлшері есепке алынуы қажет».

Аталған нормативтік қаулының 21-тармағында былай деп бекітілген: ҚК-нің 81-бабының бірінші бөлігінің мазмұны негізге алына отырып, кәмелетке толмаған жаста қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға мүлікті тәркілеу түрінде қосымша жаза қолданылуға тиіс емес. Егер ҚК-нің ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы мүлікті тәркілеуді міндетті қосымша жаза ретінде көздесе, онда соттар оның қолданылмауын, ҚК-нің 81-бабына сілтеме жасай отырып, үкімде дәлелдеулері қажет.

Мұнан басқа, нормативтік қаулының 22-тармағында ҚК-нің 14-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кәмелеттік жасқа толмай тұрып жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін бұрынғы соттылықтар, қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануын тану және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде ескерілмейтіні түсіндіріледі.

Бұл қылмыс субъектісінің жастық ерекшеліктерінің себептері, бәлкім, ең алдымен талдап отырған әрекеттің объективтік жағының ерекшелігінде дегенді ұғыну керек. Өйткені бұл қылмыстық-құқықтық норма кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тартқаны үшін жауаптылықты қарастырады, ал норманың өзі кәмелетке толғандарға қатысты екені анық.

Қылмыс субъектісі — бұл қауіпті іс-әрекет жасаған және сол үшін заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық арқалауға қабілетті адам.

Әрбір нақты жағдайда қылмыс субъектісінің ерекшеліктерін, оған тән

қасиеттерді анықтау қылмыстарды саралау мәселесінде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық кодексте қылмыстық жауаптылық белгіленген жасқа толған жеке адам ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Қылмыс субъектісі қасақаналықпен немесе абайсыздықта қылмыстық заңмен қарастырылған қоғамдық қауіпті іс-әрекет жасаған адам бола алады, егер ол заңмен белгіленген жасқа толған, есі дұрыс болса, жекелеген жағдайларда тиісті нормаларда көрсетілген кейбір арнайы белгілерге ие болады.

Осы айтылғандарға байланысты қылмыс субъектісінің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

1. Жеке адам.
2. Есі дұрыстық.
3. Белгілі бір жасқа жетуі.

Қылмыстың жалпы субъектісінің белгілерінің бірі ретінде Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабы жеке адамды атайды. Бұл қылмыс субъектісі тек қана адам болатынын білдіреді. Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 1-бөлігінде айтылған жеке адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары, азаматтығы жоқ және шетелдік азаматтар болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасы ҚК 7 және 8-баптарының мазмұнынан туындайды.

Қылмыстық құқық қылмысты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, қылмыстың субъектісі деп ақыл-есі дұрыс және біршама бостандық еркіне ие болған адамды ғана таниды. Бұл қылмыстық заңнамалардың міндеттеріне, оның қағидаларына, қылмыстың ұғымы мен қылмыстың мақсатына сай келеді.

Адамдар түрлі қылықтар, соның ішінде қылмыстар жасай отырып, өздерінің күштерін біріктіріп және ұжымдасып шешім қабылдауы да мүмкін. Алайда, бұл жерде қылмыстық жауаптылық қатаң түрде дербес екедігін ұмытпау керек.

Сөйтіп, егер байлаудағы итті шынжырынан босатып жібергенде, ол адамды қауып алса, онда жауаптылық итке қатысты емес, сол иттің қожайынына қатысты азаматтық-құқықтық немесе әкімшілік жауаптылық туралы мәселе көтеріледі. Ал қожайын тарапынан қасақана ниет болып, итті арандатып босатып жіберген болса, қожайынға қатысты денсаулыққа қасақаналықпен зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселе қозғалады. Ит қылмыс субъектісі болып таныла алмайды.

Заң ережелеріне байланысты ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар мен басқа да заңды тұлғалар қылмыс субъектісі болып табылмайды. Қандайда бір кәсіпорында адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтырған

еңбекті қорғау қағидалары өрескел бұзылған жағдайда, қылмыстық жауаптылыққа кәсіпорын емес, осы қағидаларды сақтауға жауапты лауазымды адам жауаптылыққа тартылатын болады (ҚР ҚК 156-бабы – «Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу»).

Дегенмен, қылмыстық жауаптылыққа заңды тұлғаларды тарту мәселесі қылмыстық құқық теориясында бірнеше дүркін көтерілген.

Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеу мәселелерін профессор И.Ш. Борчашвили зертеуде.

«Қылмыстық құқық ғылымы мен заңдық қоғамдастықтардың арасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселелер өзектіге айналып отыр, – деп атап өтеді И.Ш. Борчашвили. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізудің жақтаушылары да, қорсыластары да бар. Оның ішінде республика көлеміндегі ғалымдардың арасында қылмыстық жауаптылықты енгізуге қарсылылық білдірушілер асып түседі. Біздің ойымызша, экономикалық өрлеудің арқасында заңды тұлғалардың небір меншіктегі түрлерінің көбеюі және олардың қоғамдық өмірдегі беделінің өсуі олардың қызметтерін қатаң реттеу мен бақылау қажеттілігі пайда болады»³⁴.

Шындығына келгенде, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын заңнамаларда белгілеу үшін қазіргі заманғы отандық қылмыстық құқықтық тұжырымдамаларды және әсіресе қылмыс, қылмысқа қатысу, субъективті айып тағу қағидалары туралы ілімдерді және басқаларды толығымен қайта қарап шығу қажет.

Өзгеше жағдайларда мұндай құқықтық ой-болжамдар қолданыстағы заңдық қағидалармен сыйыспайтын сияқты болып көрінеді.

Заңды тұлғаларға қатысты қылмыстық жауаптылық енгізуге қатысты қарсы пікірлерді Е.И. Қайыржанов та қолдайды.

«Қылмыстық құқық бірқатар қағидалардың негізінде құрылған. Солардың арасында жеке тұлғалардың жауаптылық қағидасы, есі дұрыстық (психикалық жай-күй, денсаулық) және дербес, адамның белгілі бір жеке қылығына мейлінше жеке жауап беру қағидалары бар. Осылар ғана емес, қылмыстық құқықтың басқа да қағидалары заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы ұсынысты мәселелеріне жауап бере алмай келеді. Міне сондықтан мұндай ұсыныстар не іс жүзіндегі, не заңды негіздерге ие бола алмай отыр»³⁵.

³⁴ Борчашвили И.Ш. Экономические преступления: понятие и квалификация. — Караганда, 1995.

³⁵ Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть). 2-ое изд. дополненное. — Алматы, 1998.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын жақтаушылар заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылығын заңды түрде бекіту кезінде олардың жасаған қылмыстарының өзіндік ерекшеліктерге ие болатынын ескеру қажет деп санайды.

Заңды тұлғаларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың жалпы негіздемесі заңмен қарастырылған қылмысты жасау болуы тиіс. Қылмыстық заңнамада қандай заңды тұлғаның қылмыс субъектісі болып табылатындығы жөнінде айтылуы тиіс. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне заңды тұлғалардың жауаптылығын қарастыратын норма енгізу қажет және оның жаңа редакциясы мынадай болуы керек: Жеке адам заңды тұлғаның мүдделері мен мақсаттары үшін қасақаналықпен немесе абайсыздықта қылмыстық әрекет жасай қалған жағдайда ол жөнінде жеке адам хабарланбаған болса және оны тоқтатуға шара қолданылмаған болса қылмыстық жауаптылыққа заңды тұлға тартылатын болады. Мұндай норманы ҚР Қылмыстық кодексінің 15-бабына орналас-тыру қажет сияқты.

Заңда міндетті түрде жауаптылыққа тартылатын заңды тұлғалардың жауап беретін қылмыстарды көрсетіп және олардың тізімін беру керек.

Заңды тұлғалардың жауаптылығы келтірілген зардап пен заңды тұлғаның мүддесін қорғаған жеке адамның құқыққа қайшы әрекетінің арасындағы себепті байланыстар болған жағдайда ғана туындауы тиіс.

Заңды тұлғалардың құқыққа қайшы қылығы, біздің ойымызша, оның мүшелерінің немесе заңды тұлғаның мүддесі мен мақсаты үшін түрлі жұмыс атқаратын адам арқылы көрінуі мүмкін. Демек, заңды тұлғалардың кінәсі олардың құқықтық қабілеті бар қасақана да және абайсыздықта да әрекет жасауы мүмкін өкілдері арқылы көрінеді.

Дегенмен қылмыстық заңнамаларда заңды тұлғалардың жауаптылығы туралы мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр және қылмыстық құқық ғылымындағы осы мәселе жөніндегі пікірталас күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

2.5 Қылмыс субъектісінің бір белгісі – жас мөлшері. Кәмелетке толмағандардың жауаптылығы. Қылмыстың арнайы субъектісі

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Заңмен анықталған белгілі бір жасқа толу қылмыстық жауаптылыққа

тартудың негізгі шарттарының бірі. Кәметке толмаған адам, өзінің жас шамасына қарай жеткілікті дәрежеде өз әрекетіне есеп бере алмайтындықтан және өзінің қылықтарын басқара алмайтындықтан қылмыс субъектісі бола алмайды.

Жас шамасын анықтау негізінде сана-сезімі кәметке жеткендердің деңгейіндегі, болып жатқан оқиғаның мәнісін ұғына білетін және соған сәйкес ұғынып, ойлап әрекет жасау қабілеті жасы кәметке толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Осыған байланысты әлі мұндай қасиеттерге ие болмаған әлі жас адамдар қылмыстың субъектісі деп танылмайды. Өзінің қылығының мағынасын ұғыны білу қабілеті тәрбиелеу мен өмір бойғы қадағалаудың нәтижесінде біртіндеп қалыптасады. Кейбір қылықтар жас өспірімдер үшін ата-аналарының, тәрбиешілердің және басқа ересек адамдардың жас баланың ерте бастан: біреудің нәресіне тиіспе, алма, адамға тас лақтырып, таяқ жұмсама, рогақтамен атпа, отпен ойнама деген сияқты есіне салып, тәрбие ісін жүргізуіне байланысты болады. Пайдалы кеңес беру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына қылмыстық қолсұғу, бөтеннің мүлкін ұрлау, қоғамдық тәртіпті бұзудың қоғам үшін қауіпті екенін баланың санасына ерте бастан құя беру олардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Белгілі бір жасқа келгенде жас өспірімдердің бойында өмірлік тәжірибе жинақтала бастайды, өз қылықтарының мәнін ұғына білу және өз қылықтарын басқарудың дұрыс таңдаудың дұрыс жолдарын іздестіру қабілеті басталады.

Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қылмыс жасаған адамдар Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстар үшін ған қылмыстық жауапқа тартылады. Заңгерлердің біраз бөлігінің арасында заңда 14 жастан бастап жауаптылық қолданылатын қылмыстардың арасында кейбір негіздемелерге байланысты неғұрлым ауырырақ қылмыстар қарастырылған деген қайшы пікірлер де орын алған. Шындығында Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының аталған бөлігіндегі қарастырылған қылмыстардың дені ауыр және аса ауыр қылмыстар. Бірақ, заң шығарушы осы қылмыстық-құқықтық норманы қалыптастыруда оның ауырлығын ойластырмаған сыңайлы. Біріншіден, олай дейтініміз, егер қылмыстың ауырлығын ескеретін болсақ, онда Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 2-бөлігінде бірінші кезекте бандитизм (ҚР ҚК 268-бабы), жаппай тәртіпсіздік (ҚР ҚК 272-бабы), конституциялық құрылыс негіздеріне қарсы қылмыстар үшін жауаптылық қарастырылған болар еді, алайда бұл қылмыстар үшін жауаптылық он алты жастан басталады.

Екіншіден, назар аударатын мәселе, қарастырылған қылмыстардың біраз бөлігі ауыр қылмысқа жатпайды, атап айтқанда: Қазақстан Республикасы ҚК 194-бабының 1-бөлігіндегі қорқытып алушылық, ҚР ҚК

294-бабындағы тағылық орташа ауырлықтағы қылмыстарға жатады.

Мұндай іріктеу заңның тек қана 14 жасқа толған адамның өз жасаған іс-әрекетінің қоғамдық қауіптілігін ұғына білуімен түсіндіріледі. Мұндай қол сұғушылық әрекеттің қауіптілігі мен мәні, мамандардың пікірінше, жас өспірім үшін көзге көрініп тұруы және қолдан келетіндей болуы керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 2-бөлігінде қарастырылған тізімнің қатарына бұзақылық (ҚР ҚК 293-б. 1-бөл.) құрамының енгізілуімен тек қана осымен түсіндіруге болады. 14-15 жастағы жас өспірім әлі де болса тентектікті, шалдуарлықты, сотқарлықты, дөрекілікті қарапайым бұзақылықтан айыра білмейді. Жай ғана бұзақылыққа қоғамдық орындарда жаман сөз айтып, балағаттау, төбелес кезінде күш көрсету жас өспірімдердің өзін-өзі көрсетуі, өзін танытуы, өтпелі жас кезеңіндегі балаларға тән албырттық басым болады.

Қылмыстық жауаптылыққа тартуға жасы толмағандардың қылмыс құрамын талдау (ҚР ҚК 15-б. 2-бөл.) 14-15 жастағы жас өспірімдерді абайсызда жасаған қылмысы үшін жауаптылыққа тартуға болмайтындығын көрсетеді.

16 жас бастап қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жалпы жасты белгілеу дәл осы жасқа толғанда Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 2-бөлігінде көрсетілмеген қылмыстардың кез келгенін жасаса жауаптылық басталады дегенді білдірмейді. Кодексте ерекше субъективті белгілері мен объективті жақтарының ерекшеліктеріне қарай тек кәметке толғандар ғана жасай алатын қылмыстар да бар. Кейде бұл жөнінде Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің өзінде де айтылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚК 132-бабы бойынша кәметке толмаған адамды қылмыстық іске тартқаны үшін тек қана он сегіз жасқа жеткен адам жауаптылыққа тартылады. Қазақстан Республикасы ҚК 139-бабында кәметке толған еңбекке жарамды адамның сот шешімі бойынша өзінің еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтарғаны үшін жауаптылық белгіленген.

Кәметке толмаған жасты анықтағанда сот міндетті түрде олардың туған жылы, айы және күнін нақты және дәлме-дәл көрсетуі тиіс. Бұл жерде жас өспірім заң белгілеген жасқа туған күнінің келесі күнінен бастап тиісті жасқа толған деп саналады. Адам белгілі бір жасқа толды деп дәл туған күнінен бастап емес, келесі күнгі нөл сағаттан бастап саналады. Дәл 16 жасқа (немесе 14 жасқа) толған күні жасаған қоғамға қауіпті іс әрекеті қылмыс ретінде қарастырылмайды және қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Әдетте тиісті құжаттар (төл құжат, тууы туралы куәлік) бойынша жас шамасы тез әрі жеңіл анықталады. Егер жас жамасын анықтайтын құжаты

жоқ болатын болса, онда жас шамасы тіпті сот-дәрігерлік сараптама сияқты басқа да дәлелдемелер арқылы анықталады. Егер сарапшылармен тек туған жылы ғана анықталатын болса, туған күні сол жылдың соңғы күнімен есептелетін болады, ал жазының ең аз және ең көп мөлшерін анықтау қажет болатын болса, онда сот мұндай адамның сарапшылар ұсынған ең аз мөлшердегі жасымен тоқталады.

Кәмелетке толмағандардың ісін қарастыра отырып соттар айыпталушының тұлғасы туралы мәліметтерді, оның өмір жағдайы мен тәрбиесін, қылмыс жасау ниетін, себебі мен шарттарын оған ересектердің тигізген әсері мен ықпалын анықтап және оларды жаза тағайындау немесе тәрбиелік сипаттағы шара қолдану туралы шешім қабылдауда ескеру керек.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көзделген жасқа толса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысты жасау кезіндегі өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық көлемінде түсіне алмаса не оған ие бола алмаса, қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс емес.

Мұндай жағдайда әңгіме іс жүзінде жас шамасына қарай денесі мен санасының жетілмеу, психикалық ауруға қатысы психикалық дамуының кешеуілдеуі туралы болады.

Кәмелетке толмағандардың психикасы мен дене мүшелері дамуының кешеуілдеуі оның психикасының бұзылуына емес, олардың жасының өтпелі кезеңдеріндегі даму қасиеттеріне байланысты болады. Мұндай жағдайда оның есінің дұрыс еместігі жөнінде сөз қозғауға болмайды, өйткені оның есі дұрыс еместіктің медициналық негіздемелері өзінен өзі-ақ көрініп тұрады.

Профессор И.Ш. Борчашвили бұл жөнінде жеткілікті түрде негізделген және дәлелденген пікірлерді айғаққа тарта отырып, былай дейді: кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігіндегі ережені қолдану қылмыстық құқық пен қисынға сыйыспайтын қағида болып табылады. Қылмыстық заңнамаға осы бөлікті енгізе отырып, заң шығарушы оны құрудың негізіне қылмысты санатқа бөлуді (кішігірім немесе орташа ауырлықта) емес, қылмыс жасаған адамның ең алдымен психикалық ауруына қатысы жоқ психикалық дамуының кешеуілдеуін, яғни адамның өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық мәнде ұғына алмайтын, не оны басқара алмайтын жағдайын алған. Осыған байланысты мынадай әдеттен тыс ереже туындайды: егер олар кішігірім

немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған болса, қолданыстағы заңнама бойынша мұндай адамдар қылмыстық жауапқа тартылмайды. Олармен ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасала қалған жағдайда қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар ең алдымен психикалық ауруына қатысы жоқ психикалық дамуының кешеуілдеуіне, яғни адамның өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық мәнде ұғына алмайтын, не оны басқара алмайтын жағдайына қарамастан қылмыстық жауаптылық жалпы негізде қолданылады. Қарап отырсақ, бір жағдайда психикалық дамудың кешеуілдеуі қылмыстық жауаптылыққа әсер ететін болса, енді бірінде ондай жоқ. Мұндай көзқараста заңдылық, әділеттілік, адамгершілік, заң алдында адамдардың бәрі бірдей тең деген қылмыстық заңдылық қағидалары бұзылатын сияқты.

Осы жоғарыда айтылғандардан келіп, Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігіндегі қылмыс жасаудың кішігірім және орташа ауырлығын көрсетуді алып тастау орынды саналып, қылмыстық құқық заңы мен қағидаларының талаптарына сай жауап берген болар еді»³⁶.

Қазақстан Республикасы ҚК 15-бабының 3-бөлігінде заң жүзінде былай деп бекітілген, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында тең.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылыққа белгіленген жасты анықтау, бұл қылмыстық жауапқа тартуға болатын жасқа жеткен адамның қылмыстың субъектісі бола алатындығын және өзінің жасаған қоғамдық қауіпті әрекеті үшін қылмыстық тәртіп бойынша жауаптылық арқалайтынын білдіреді. Бірақ осыған қарап, заң мұндай адамдарды толық мәнде әлеуметтік жетілген деп таниды деген ұғым тумаса керек. Олар 18 жасқа толғанша бәрібір кәмелетке толмаған болып саналады. «18 жасқа толмаған адам» мен «кәмелетке толмағандар» деген ұғымдар синонимдік болып саналады. Кәмелетке толмағандар да қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бірақ бұл оларда ересектер бірдей жауаптылыққа ие болады дегенді білдірмесе керек. Адамгершілік, жауаптылықты жекелендіру және қудалауды ұтымды пайдалану қағидаларының

³⁶ Борчашвили И.Ш. Резерв для совершенствования Уголовного кодекса Республики Казахстан. Материалы международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан». — Қарағанды, 2005.

мазмұны кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау, олардың жазаны өтеу шарттары мен тәртібін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату мәселелерін реттеуші нормалармен ұштасады.

Профессор Е.И. Қайыржанов былай деп атап өтеді, кейде қылмыс субъектісінің белгілеріне субъекті тұлғасының сипаттамасын телу ұмтылысы байқалады. Бірақ бұны дұрыс деп тануға болмайды. Қылмыстық заң қылмыскердің тұлғасын жаза тағайындаудың жалпы бастауында, көбінесе жауаптылықты жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлар ретінде ескеруді қажет деп санайды. Кінәлінің тұлғасы туралы деректер және де адамды қылмыстық жауаптылықтан босату, шартты түрде соттауды қолдануда, шартты-мерзімінен бұрын босату және басқа жағдайларда қолдану мүмкіндіктерін анықтауда ескеріледі³⁷.

Өмір тәжірибесі мынаны көрсетеді, сот-тергеу органдары көптеген жағдайларда қылмыс субъектісінің тұлғасын анықтауға тиісті мәнде тиісті назар аудары бермейді. Сонымен бірге сот та бірнеше рет қылмыс жасаған түзелмес әккі қылмыскердің тұлғасы мен қылмысты бірінше рет жағдайдың ауыртылғанына қарай, әлде басқа да жағдайлармен амалсыздан жасап алған қылмыскердің тұлғасын бірдей бағалай қоймауы тиіс. Соған орай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысында соттардан жазаның түрі мен мөлшерін анықтау үшін сотталушының тұлғасы туралы деректерді жан-жақты, толық және объективті зерттеуін талап етуі тегін емес. Көбінесе, денсаулығының жайын, еңбекке жарамдылығын, еңбекке, оқуға көзқарасын, соттылығы туралы мәліметтерді анықтап алу өте қажет.

Қылмыстың арнайы субъектісі. Қылмыстың субъектісі занда тура атап көрсетілгендей кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тартқан жасы 18-ге толған адам. Кәмелетке толмаған адамның екінші бір кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тартуы бұл қылмыс құрамына жатпайды.

Ата-анасы, педагог не кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген өзге адам жасаған нақ сол әрекет — осы қылмыстың ауырлататын түрі болып табылады (ҚК-тің 132-бабының 2-бөлігі). Көрсетілген адамдардың кәмелетке толмаған адамдар жөніндегі құқықтық жағдайын пайдаланып, осы іс-әрекеттерді істеуі қылмыстың қоғамға қауіптілігін едәуір ұлғайтады. Ата-аналарды анықтау Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» № 518-IV Кодексіне

³⁷ Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть). 2-ое изд. дополненное. — Алматы, 1998.

сәйкес шешіледі.

Педагог деп тәрбие немесе оқу процесімен айналысатын адамдар танылады. Педагогті қылмыстың субъектісі деп тану үшін оның жұмыс істейтін оқу орындарының түрі (жоғары оқу орындары, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес), нысаны (күндізгі, сырттай, кешкі) ешқандай есер етпейді.

Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер өзіне жүктелген езге де адамдарға қорғаншы, қамқоршы, асырап алған ата-аналар, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің тәрбиешілері, бұлардан басқа заңмен тәрбиелеу міндеті тікелей жүктелген — жақын-туыстары, ағасы немесе апасы, әжесі немесе атасы жатады.

Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, күш қоданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалған әрекеттер (132-баптың 3-бөлігі) — осы қылмыстың тағы бір ауырлататын түрі болып табылады. Мұндағы күш керсетуге жеткіншекті қылмыс істеуге ықтимал ететін тәсілдерді қолдану жолымен, яғни оны сабау, оған жеңіл және орта дәрежелі жарақат келтіру арқылы қылмыс істеуге көндірулер жатады. Егер мұндай тәсілмен жәбірленушіге ауыр дене жарақаты келтірілсе немесе өлімге әкеліп соқса, онда кінәлінің әрекеті қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануға жатады. Күш қолданамын деп қорқыту — өлтіремін, дене жарақат келтіремін, жаныңды қинаймын, өртеймін деген шын мәнінде іске асатын нәрсе жәбірленушіге тікелей психикалық әсер ететін сөздерді кінәлінің айтуы жатды.'

Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген кәмелетке толмаған адамды ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға тартуға байланысты әрекеттер (132-баптың 4-бөлігі) керсетілген қылмыстың ауырлататын түрі болып табылады. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген, кәмелетке толмаған адамды қылмыстық топтың қылмыстық әрекетіне тартуға байланысты іс-әрекеттер (132-баптың 5-бөлігі) қылмыстың аса ауырлататын түрі болып табылады. Ауыр немесе аса ауыр қылмыстардың түсінігі ҚК-тің 11-бабының 4, 5-тармақтарында берілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің баптарында қылмыс субъектісінің жалпы белгілерімен бірге қосымша белгілерін анықтайтын нормалар бар. Қылмыстық құқық теориясында мұндай қосымша белгілері бар қылмыс субъектілері қылмыстың арнайы субъектілері деп аталады. Сонымен қатар, адамның жасаған қылмысында қосымша белгілердің болмауы, мұндай адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бермейді.

Мамандардың көпшілігі, қылмыстың арнайы субъектісі — субъектінің жалпы белгілерімен бірге (есі дұрыстық пен қылмыстық жауаптылыққа

тартуға болатын жасы) өзге де заңдық маңызы бар белгілер деп санайды.

Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚК 345-бабында (Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы) қарастырылған қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған кез келген жеке адам ғана емес, тек қана заңда қарастырылған ерекшеліктерге ие болған – автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын басқара алатын адам болуы тиіс.

Бұл жағдайдағы субъектінің ерекшеліктері жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану саласындағы қызметімен байланысты (жүргізуші, көлік құралдарын басқарушы адам) болуы керек.

Арнайы субъекті ұғымына оны қылмыс құрамы шеңберінде сипаттайтын және жасалған қылмысты дұрыс саралау үшін қажетті елеулі белгілерді ғана қосқан жөн болар еді.

Жалпыға белгілісі, қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қылмыстың жалпы субъектісінің заңдық белгілері ретінде саналатын есінің дұрыстығы мен қылмыстық жауаптылық белгілеуге болатын тиісті жасқа толғандығы болуы керек. Дегенмен, бірқатар қылмыстар үшін жауаптылыққа жалпы субъекті белгілерімен қатар (есінің дұрыстығы мен қылмыстық жауаптылық белгілеуге болатын жасқа толуы) Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінің нақты баптарының диспозицияларында көзделген басқа да заңдық белгілерге ие болған адамдар ғана тартылады (мысалы, дәрігер, лауазымды адам, көлік қызметкері, сарапшы, куә, көлік құралдарын жүргізуші адам, әскери қызметкер және басқалар).

Бұл белгілер қылмыстың арнайы субъектілерін де сипаттайды, сондықтан оларды қылмыстың арнайы субъектісінің белгілері деп атау да орынды. Кейбір ретте заң әдебиеттерінде орынды түрде факультативті, қосымша, арнайы, ал кейде өзгеше немесе ерекше деп атайды.

Қылмыс құрамы туралы жалпы ілім тұрғысынан алғанда арнайы субъектінің белгілерін дәстүрлі түрде «факультативті» деп атау қолайлырақ сияқты, өйткені қылмыс құрам туралы ілімінде барлық қылмыс құрамына барлық белгілер тән бола бермейді, тек қана кейбіреулері ғана факультативті деп аталады.

Олар көзделген қылмыстың нақты құрамында олар басқаша орын алады. Мұндай құрамдарда арнайы субъектінің белгілері есі дұрыстықпен және қылмыстық жауапқа тартуға жататын жаспен бірге міндетті болып табылады. Оған қоса қылмысты саралау кезінде бұл белгілер ең бірінші кезекте орын алады. Арнайы субъектімен жасалған қылмысты саралаудың ерекшелігі мынады, ол тәртіп бойынша арнайы субъектінің белгілерін анықтаудан басталады, содан кейін барып осы субъектінің ерекшеліктеріне қарай оған тартылатын қылмыстық жауаптылықтың қылмыстық-құқықтық

нормалары іздестіріледі. Мұндай жағдайда арнайы субъекті белгілері субъектінің басқа белгілерімен (есінің дұрыстығы мен қылмыстық жауаптылық белгілеуге болатын жасқа толуы) салыстырғанда басты (негізгі) «жүкті» көтеретін болады.

Қылмыстың нақты құрамында қарастырылған арнайы субъекті белгілерінің болмауы тіпті субъектінің жалпы белгілері болғанның өзінде де осы қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықты болдырмайды. Бір жағдайда бұл қылмыстың болмағандығын білдірсе, ал енді бір жағдайда жауаптылық басқа норма бойынша белгіленеді. Мысалы, лауазымды болып табымайтын адамның өз міндеттерін лайықты орындамауы, мұндай салақтық қызметі үшін тек қана лауазымды адам ғана жауап беретін болғандықтан, жауаптылыққа тартылмайды (ҚР ҚК 371-бабы).

Арнайы субъектілер оның өзінің сипатына жататын бірі немесе одан да көп белгілерге ие болады.

Көптеген арнайы субъектілер, мысалы жаңа туған сәбидің анасы (ҚР ҚК 100-бабы), Қазақстан Республикасының азаматы (ҚР ҚК 175-бабы) бір ғана белгілерге ие болады. Қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін қылмыс құрамының басқа да элементтерімен бірге, субъектіні арнайы деп сипаттайтын бір ғана белгіні анықтап алу да жеткілікті.

Сонымен бірге, көп белгілермен сипатталатын арнайы субъектілер де болады. Оларды арнайы субъектілерді сипаттаудың белгілі бір амалдарына (үйлесуіне) жататын болғандықтан құрама деп атауға да болады. Мысалы, ҚР ҚК 361-бабының 2-1, 3-бөлігінде (Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану) көзделген қылмыс субъектісі құқық қорғау органының қызметкері жасаған, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған адам (екінші белгі), сонымен бірге міндетті түрде құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған адам (4-белгі 4-тармағы) бола алады.

Қылмыстың арнайы субъектісінің белгісі заңда сипатталған немесе заңның тура өзінен туындайды. Арнайы субъектілердің белгілері, тәртіп бойынша Ерекше бөлімнің диспозицияларында көрсетіледі. Кейбір жағдайларда, Е.И. Қайыржанов атап өткендей, арнайы субъектінің белгілері қылмыстық заңды ашық түсіндіру жолымен белгіленеді³⁸.

Заң шығарушы, заңға қылмыстың арнайы субъектілерінің белгілерін енгізе отырып, мұндай қылмысты кез келеген адам емес, арнайы белгісі бар адамдар ғана жасай алатынын анықтайды. Кезінде А.Н. Трайнин, ережелерді бекіте отырып, былай деп жазған, «қылмыс субъектісіне сипаттама

³⁸ Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан. (Общая часть). 2-ое изд. дополненное. — Алматы, 1998.

беру үшін қылмыс құрамына заңмен енгізілген белгілер келесідей мақсаттарға бағытталған: заң шығарушы осы белгілердің көмегімен белгілі бір қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық артылуы мүмкін адамдардың немесе қылмыстың белгілі бір топтарының шеңберін тарылтады, сөйтіп, кез келген есі дұрыс адам қылмыстың осы түрінің немесе тегінің субъектісі бола алмайды... Қылмыстың субъектісі болуы мүмкін жеке және есі дұрыс адамның кең шеңберін, заң шығарушы құрамға шектеуші – арнай және нақты белгілерді енгізу жолымен тарылта түседі»³⁹.

Сөйтіп, айтылғандардың негізінде қылмыстың арнайы субъектісі — бұл есі дұрыстығымен және қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына толғандығымен бірге қылмыстық заңмен қарастырылған немесе одан тікелей туындаған, осы заң бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін және сонысымен оның дұрыс қолданылуы анықталатын өзге де қосымша заңдық белгілерге ие болған жеке адам.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде арнайы субъектілердің бірнеше түрінің сипаттамасы бар. Сірә, арнайы субъектілердің тиісті түрлерін біртектес топтар мен топтамаларға біріктіру мүмкіндігі болуы да мүмкін.

Арнайы субъектілерді мұндай топтарға бөлу тек оларды жіктеу жолымен ғана мүмкін болады. Бұл мәселе қылмыстық құқық теориясында әлі жетікілікті ойластырыла қойған жоқ және ол түрлі жолмен шешілуде.

Мәселен, өткен жүз жылдықтың 60-жылдарының аяғына дерлік жалпы алғанда қандайда бір жіктеу ұсынылған жоқ, тек қана Қылмыстық кодекстің бірқатар баптарында арнайы субъектінің сипаттамасы ғана белгіленді. Негізінен бұл субъектілердің мынадай түрлері айырықша көрсетілді: лауызмды адамдар ретінде – әскери қызметшылер мен әскери міндеттілер, сондан кейін көлік қызметкерлері. Алғаш рет жіктеу жолымен арнайы субъектілердің түрлерін жүйелендіруді 1968 жылы Н.С. Лейкина мен Н.П. Грабовский қолданған. Жіктеу үшін негіздеме ретінде олар мыналарды сипаттайтын арнайы субъектілердің белгілерін бөліп алды:

Адамның мемлекеттік-құқықтық жағдайы (шетелдік, азаматығы жоқ адам);

Кәсіптік жағдайы;

Лауазымдық жағдайы, атқаратын жұмысының ерекше қасиеті;

Демографиялық белгілері – жынысы, жасы, туыстық жағдай⁴⁰.

Біздің ойымызша, арнайы субъектінің белгілері мынадай ретте жіктелуі мүмкін:

³⁹ Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. — М., 1946.

⁴⁰ Курс советского уголовного права. Часть Общая. — 1968. Т. 1.

1. Мемлекеттік-құқықтық жағдайы бойынша: Қазақстан Республикасы азаматы (ҚР ҚК 175-бабы,) мемлекеттік опасыздық, (ҚР ҚК 176-бабы,)

2. Демографиялық белгілері – жынысы бойынша (ҚР ҚК 120-бабы, Зорлау); жасы бойынша (ҚР ҚК 132-бабы Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту)

3. Отбасылық, туыстық жағдай бойынша – ата-аналары, олардың орнын басатын адамдар, балалар (ҚР ҚК 139-бабы Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару)

4. Әскери міндеттілігі бойынша: әскерге шақырылушы, әскери қызметші және әскери міндеті (ҚР ҚК 18-тарауы Әскери қылмыстар);

5. Лауазымды қызметтік жағдайы бойынша: мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті не оған теңестірілген адам (ҚР ҚК 361-бабы Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, ҚР ҚК 366-бабы Пара алу);

6. Арнайы мемлекеттік жүйеде қылмет атқаратын адамның лауазымдық жағдайы бойынша: анықтаушы, тергеуші, прокурор, судья (ҚР ҚК 412-бабы Көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту, ҚР ҚК 416-бабы Дәлелдемелерді және жедел-іздістіру, қарсы барлау материалдарын бұрмалау);

7. Кәсіби міндеттері бойынша: дәрігер, басқа да медициналық және дәріхана қызметкерлер (ҚР ҚК 317-бабы Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамау);

8. Орындайтын жұмыс сипаты бойынша: қызмет немесе жұмыс бабымен сеніп тапсырылған мемлекеттік құпия (ҚР ҚК 186-бабы Мемлекеттік құпиялары бар мәліметтер жеткізгіштерді жоғалту), сайлау комиссиясының мүшесі (ҚР ҚК 151-бабы Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеу), теміржол, су және әуе көлігі қызметкерлері (ҚР ҚК 344-бабы Теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу);

9. Лауазымдық қызметі бойынша: кеме капитаны (ҚР ҚК 357-бабы Кеме капитанының апатқа ұшырағандарға көмек көрсетпеуі), әуе кемесі командирі (ҚР ҚК 360-бабы Халықаралық ұшу қағидаларын бұзу);

10. Мемлекетке қатысты азаматтың міндеттік сипаты бойынша: куә, жәбірленуші, сарапшы, аудармашы (ҚР ҚК 420-бабы Сарапшының, маманның көрінеу жалған айғақтары, қорытындылары немесе қате аударма).

Ұсынылып отырған жіктеулерді жанжақты, толық және қылмыстық құқық ғылымында жалғыз ғана деп айтуға болмайды. Заң ғылымында осы мәселе бойынша басқадай да пікірлер айтылып жатады.

Қылмысты саралау кезінде арнайы субъектінің белгілерін анықтау

елелулі мағызға ие болады.

Біріншіден, арнайы субъекті белгілері шешуші болғанда, яғни заң оны қылмыстың негізгі құрамына қосады. Сонда арнайы субъекті белгілері міндетті болып табылады. Көрсетілген нақты қылмыстық-құқықтық нормада арнайы субъекті талаптарына сай келмейтін адам осы норманың диспозициясында қарастырылған қылмысты жасағанымен осы бап бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс емес.

Екіншіден, субъектінің қосымша белгілері негізгі құрамының құрылымына емес, ауырлатушы мән-жайлар құрамына енгізіледі. Бұл жағдайда қылмысты саралау үшін міндетті болып табылады.

Үшінші, факультативті белгілердің маңызы арнайы субъекті белгілері заңда мүлдем, негізгі құрамда да, ауырлатушы мән-жайлардағы құрамда да қарастырылмаған жағдайда пайда болады. Бұл жағдайда субъектінің ерекшелігі құрамның шеңберінен тыс көрінеді. Олар қылмыскер тұлғасының сипаттамасына жатады және егер олар ҚР ҚК 54-бабымен қарастырылған болса, жаза тағайындау кезінде сотпен ауырлатушы мән-жайлар ретінде ескеріледі.

2.6 Қылмыстық құқық бойынша қылмыс құрамының субъективтік жағының ұғымы мен мәні

Қылмыс формальдық құрамға жатады. Және ол кәмелтке толмағандарды қылмысқа тартқан уақыттан (яғни 18-ге толмаған адамның оған келіскен сәтінен бастап) аяқталған деп табылады. Қылмыстық кодекстің 132-бабының 1-тармағы бойынша онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстарды істеуге кәмелетке толмағандарды тартқаны үшін ғана жауаптылық көзделген. Субъективтік жағынан ҚК-тің 132-бабында көзделген қылмыс тек қана тікелей қасақаналықпен істеледі. Кінәлі адам әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып жасы 18-ге толмағаны өзіне анық адамды қылмыстық іске тартқанын ұғады, біледі және соны жүзеге асыруды тілеп әртүрлі әрекет жасайды. Қылмыстық ниет және мақсат әртүрлі (кек алу, қызғаныш, пайдакүнемдік, басқа да зұлымдық ниеттер) болуы мүмкін. Бұлардың іс-әрекетті саралауға әсері болмайды, бірақ жаза тағайындағанда есепке алынады.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет түріндегі қылмыс объективті және субъективті белгілерге негізделе отырып, нақты бір жағдайда жасалады. Объективтік белгілерге объекті, объективтік жақтары, субъективтік белгілер қатарына субъекті және субъективтік жақтары кіреді. Қылмыстың объективтік және субъективтік жақтары жалпы тәртіп бойынша бір ғана құбылысты

қамтиды, бірақ объективтік жаққа әрекет жасаушы адамның санасынан тыс объективті дүниедегі өтіп жатқан істер, ал субъективті жаққа адамның санасындағы істер кіреді.

Теориялық тұрғыдан қарағанда қылмыстық әрекеттің объективтік және субъективтік жақтарын, олардың байланыстарын, ішкі бірліктерін жеке-жеке қарастыру мүмкіндігі бар.

Субъективтік жақтарды талдай бастағанда, қылмыстың субъективтік жағының мазмұны туралы мәселені дәлірек айтқанда, оның заң әдебиеттерінде даулы мәселеге айналып отырған кінәмен арақатысын ескеру қажет. Осыған орай айтылған пікірлерге байланысты үш көзқарасты бөліп алып қарауға болады:

1) біріншісі, кінә мен субъективтік жақ бірдей ұғым дегенге келіп саяды. Қылмыстың субъективтік жағы кінәмен шектеліп қана қоймайды, оған қылмыстың объективтік жағы (кінә) мен қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын қылмыс құрамының белгілері (қасақаналық, абайсыздық, себебі, мақсаты, жан күйзелісі, көрінеулігі және т. б.) араласуы, сондай-ақ кінәнің нысаны мен мазмұны ұғымдарының араласуы туралы көзқарасты меңзейді;

2) екіншісі, кінә өзіне қылмыстық әрекеттің субъективтік және объективтік жақтарын, сондай-ақ жасалған қылмыстың басқа да барлық «жауаптылық үшін елеулі» қасиеттерін қосады деп санайды;

3) үшіншісі, қылмыстың субъективтік жағының психикалық мазмұны адамның психикалық белсенділігінің түрлі нысандарын сипаттайтын кінә, себеп, мақсат сияқты заңдық белгілерімен ашылуына байланысты көрінеді.

Үшіншісі кеңірек тараған және отандық заңгер ғалымдар да осы ойды бөліседі.

Сөйтіп, қылмыстың субъективтік жағы — бұл адамның жасалған қылмыс пен оның зардаптарына психикалық қатысы.

Қылмыстың субъективтік жағын сипаттайтын белгілерге кінә, қылмыстың себебі мен мақсаты жатады. Бұл белгілердің барлығы қылмыс жасайтын адамның психикасындағы ішкі процестер туралы түсінік береді және адамның санасы мен еркінің жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетімен байланысын көрсетеді. Дегенмен, бұл белгілердің қылмыстық-құқықтық мән-мағынасы бірдей бола бермейді. Қасақаналық пен абайсыздық ниетер нысанындағы кінә кез келген қылмыстың субъективтік жақтарының ең қажетті белгілері болып табылады. Кінәсіз қылмыс құрамы болуы, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылуы мүмкін емес.

Қылмыстың жасалу себебі мен мақсаты сияқты субъективтік жақтарының белгілері басқаша мәнге ие болады. Олар факультативтік белгілер болып табылады және заң шығарушымен кейбір қылмыс құрамдарын құрау

кезінде ғана қылмыстың субъективті жақтарының қажетті белгілері ретінде қарастырылады. (Мысалы, ҚР ҚК 185-бабына сәйкес, мемлекеттік құпияларды жатқа беру Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында ғана мемлекеттік опасыздық деп саналады).

Қылмыстың субъективтік жақтарын дұрыс анықтап белгілеуде кінәнің нысаны, қылмыстың жасалу себептері мен мақсаттары ерекше құқықтық келесідей мәнге ие болады: қылмысты қылмыс емес әрекеттен айыра білуге, қылмысты дәлме-дәл саралауға, объективтік жағынан ұқсас құрамдарды бір-бірінен айыруға, қылмыстық әрекет жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауға және жазаны жеке даралауға мүмкіндік туғызады.

Бұлардың бәрі де, өз кезегінде қылмыстық заңға тікелей бекітілген заңдылық, әділеттілік, адамгершілік қағидаларын жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Қылмыстың субъективтік жақтарының мазмұнын тиянақты зерттеу қажеттілігі іс жүзінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты Пленумының барлық қаулылары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік құжаттарында айтылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы»; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» № 1 Нормативтік қаулыларында; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» № 8 нормативтік қаулысында қылмыс жасаудың басқа да мән-жайларымен бірге кінәні де анықтау қажеттігі айтылады.

Субъективтік жағының белгілері қылмыстық заңда әрқилы ашылады.

Бір жағдайда ол заң мәтінінің өзінде тікелей көрсетіледі. Мысалы, Қазақстан Республикасы ҚК 106-бабындағы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірумен жасалған қылмыста, Қазақстан Республикасы ҚК 204-бабындағы бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіруде кінәнің түрі тура көрсетілген. Қазақстан Республикасы ҚК 369-бабындағы қызметтік жалғандық жасаудың қажетті белгісі ретінде өзі, не басқа адамдар немесе ұйым үшін пайда келтіру мен иеленіп алу, не адамдар мен ұйымдарға зиян келтіру мақсаты аталған.

Дегенмен, көптеген жағдайда заңда қылмыстың субъективті жағын сипаттайтын белгілер көрсетімейді. Мұндай жағдайларда тиісті белгілер іс-әрекеттің объективті белгілерін түрлі түсіндірме әдістерінің көмегімен

талдау негізінде анықталады. Мысалы, ұрлық құрамын анықтауда (ҚР ҚК 188-б.) заң бөтеннің мүлкін жасырын алуды тілге тиек етеді. Бұл іс-әрекеттің сипатынан оның тек пайдакүнемдік мақсатпен қасақана жасалатыны анық болады.

Қылмыстық құқықта кінә — бұл адамның өзінің жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және қоғамға қауіпті зардабына қасақаналықпен немесе абайсыздықтағы нысанмен көрінентін психикалық қатынасы. Кінә субъективтік жақтың негізін құрайды.

Жауаптылықты кінә болғанда ғана белгілеу қылмыстық құқықтың аса маңызды қағидасы болып табылады. Бұл қағида Қазақстан Республикасы ҚК 19-бабында анық айқындалған. Қазақстан Республикасы ҚК 19-бабының 1-бөлігіне сәйкес, адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Субъективтік жағын анықтап алмайынша адамның әрекетінде қылмыстың құрамының бар екендігі жөніндегі мәселені дұрыс шешу мүмкін емес, демек, қылмыстық жауаптылық негізінің бар екендігі жөнінде қылмысты дұрыс саралау мүмкін емес, ең соңында мұнсыз қылмыстық жазаны жеке даралауға, әділетті және орынды жаза тағайындау да мүмкін емес.

Қылмыстық құқыққа объективті айыптау, яғни адамның, қоғамның немесе мемлекеттің мүлкіне зиян келтіргені үшін ғана жауаптылыққа тарту келіңкіремейді.

Қазақстан Республикасы ҚК 19-бабының 2-бөлігінде объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейтіні айталған.

Кінә туралы ілім әлеуметтік және құқықтық өзекті проблемалардың бірі болып саналады. Өзінің табиғатына қарай кінә құқықтық санат болып қана табылмайды, сонымен бірге қоғамдағы жауаптылықтардың бәрін негіздеу кезіндегі қолданылатын моральдық-этикалық санат болып танылады.

Кінә мәселелері, оның қалыптасу ерекшеліктері мен сыртқы құбылысы құқық ғылымының ғана емес, философия, этика, әлеуметтану, психология, педагогика сияқты басқа да ғылымдардың зерттеу пәнін құрайды.

Қылмыстық-құқықтық ғылымда кінә ұғымы жеткілікті түрде нақтырақ зерттеліп, оқылады.

Қылмыстық құқықтағы кінәнің анықтамасында түрлі көзқарастар да болды.

Кінә — бұл психикалық қатынас. Психикалық қатынас ұғымы құқықтық емес, адам психологиясы ғылымның пәні болып табылады. Сондықтан қылмыстық-құқық ғылымында психологиялық қатынас ұғымы психологиялық ғылыммен жетілдірілген ережелермен, саранттармен анықталады.

Психологиялық ғылым деректеріне сәйкес, адамға негізгі деген психикалық құбылыстардың төрт нысаны тән:

- а) психикалық істер (сезіну, қабылдау, есте сақтау және ойлау);
- б) психикалық күй (белсенділікті, сергектікті, селкостықты, қажушылықты және басқаларды сипаттайтын жалпы функциональдық дәреже);
- в) адамның психикалық қасиеті (қызбалық, мінез, қабілет, ынта, ерік, жігер);
- г) психикалық қатынасы (талғамды, жағымды, жағымсыз).

Адамның осы сияқты психологиялық қасиеттері қылмыстық құқық ғылымында қылмыстың ішкі мазмұнының сипаттамысын ашу үшін қызмет етеді.

Қылмыстық акт құрылымында субъектінің объектіге деген психологиялық қатынасы нақты белгіленеді және оның қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен қоғамға қауіпті зардаптарының психикалық қатынасы көлемінде анықталады. Субъектінің қоғамға қауіпті іс-әрекеті мен қоғамға қауіпті зардаптарының психикалық қатынасын сонымен бірге нақты қылмыстық актінің болуы сипаттайды. Бұл қылмыстық актіде адамның кез келген ерікті қылығындағы сияқты теориялық ғылымда бірыңғай психологиялық процестің құрамдас үш бөлігі қарастырылады: дербес (танымдық), ерікті, әсерленгіш.

Әрбір қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауда адамның өзінің белгілі бір бағыт алған еркі болады. Қылмыскердің еріктілік актісі қылмыстық жауаптылық пен жазалаудың барлық мәселелерінің шешілуі негізінде жатады. Дегенмен, адамның еркін ойлаудан алшақтағын психикалық қабілет деп қарастыруға болмайды. Кез келген еріктілік адамның жасайтын белгілі бір әрекеті туралы ойлауына байланысты болады. Бұл ереже заңды әрекеттерге де қоғамға қауіпті әрекеттерге де сай келеді деп айтуға болады. Кінә ұғымы өзінің психологиялық мазмұнына қарай еріктілікті ғана емес, жеке дербес сәтін де қарастырады.

Жеке дербес сәт кінәлінің өзінің жасайтын немесе жасағалы тұрған әрекетінің қоғамға қауіптілік сипатын сезінуімен және соған байланысты қауіпті зардаптардың болатынын және одан қашу мүмкіндігінің бар екендігін білуімен білінеді.

Еріктілік сәті қоғамға қауіпті зардаптардың болуын тілеумен немесе біле тұра соған жол берумен немесе сол зардаптың болатынына не болмайтынына немқұрайлықпен қарауымен көрінеді.

Қылмыс жасау кезіндегі жеке дербес және еріктілік сәттерінің арасындағы әрқилы арақатынас кінәні қасақаналық және абайсыздық деген екі нысанға бөлуге негіз болады.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

3.1 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері

Құқықтық мемлекеттің заманауи қоғамының даму кезеңінде мемлекет саясатының басты бағыты қылмыстылықтың алдын алу болып табылады. Қылмыстылықты ескерту — бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды тудыратын шарттар мен оны жасауға жағдай жасайтын себептерді анықтап, жолын кесуге бағытталған мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың белгілі бір қызметі. Бірақ, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тәжірибелік қызметке бағытталған әрекеттері, алдына қойған мақсаттары тек, тиянақты ғылыми зерттеулер тұжырымына сүйенгенде ғана өзінің нәтижесін бере алады.

Бала құқықтың ерекше субъектісі болып саналады. Кәмелетке толмағандарға, ересектерге қарағанда зиян келтіру әлдеқайда жеңіл. Балаларға күш қолданудың жеңілдігін олардың физикалық, психикалық және әлеуметтік жетілмегендігімен, соған қоса, ересектерге, ата-аналарына, қараушы, асыраушысы, тәрбиешісі немесе мұғаліміне тәуелділігі мен бағынушылық жағдайымен түсіндіруге болады.

Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесі бірыңғай жалпы қылмыстылық заңдылықтарына және қылмыстылықтың алдын алудағы мемлекеттік саясат қағидаларына сүйенгенімен, еліміздің барлық өңірлерінде бірдей нәтиже бере бермейді. Сондықтан, оның ерекшеліктеріне зерттеушілердің пікірлеріне, субъектілердің аумақтық ерекшеліктері мен экономикалық жай-күйіне: әлеуметтік, демографиялық, этностық, аумақтық ерекшеліктеріне, соған қоса, тарихи, мәдени және ұлттық дәстүрлеріне назар аудару қажет.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу қылмыстылықпен әсерлі күрес жүргізу жолы арқылы нәтижелі болады. Әлеуметтік теріс құбылыстарды анықтап, оларды қалыпқа (залалсыздандыру, жолын кесу) келтіру арқылы, қылмыстық жазаланатын әрекеттерге жол бермеумен қол жеткізіледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу — қылмыстылық шарттары мен себептерін залалсыздандыруға арналған мемлекеттік және қоғамдық әсер ету шараларының жүйесі. Алдын алу — бұл адамның

өмір сүру кезеңінде қалыптасқан мінез-құлқындағы ауытқуларға әкеп соғатын себептер мен шарттарды жоюға бағытталған мемлекеттік-қоғамдық процесс. Онда үкен бір институттардың және жеке адамдардың қызметіне негізделеді.

Қылмыстылықтың алдын алу және басқа да әсер ету шаралары деп – теріс қылықтардың жасалуына әкеп соғатын теріс мінез-құлық пен факторлардың себептеріне қоғамның, әлеуметтік қадағалау институттарының, жеке азаматтардың әсер етуі деп түсіну керек.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу — бұл бір жағынан, жалпы қылмыстылықты ескерту бойынша тұтас жүйенің құрамдас бөлігі болса, ал, екінші жағынан – қазіргі кезеңдегі өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстарының бөлінбес бөлшегінің бірі.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу — мемлекет жүргізетін әлеуметтік, экономикалық, саяси, идеологиялық, тәрбиелік, құқықтық және басқа да қарсы тұру шараларының кешені. Ескерту қызметінің басты мақсаты криминалды әрекеттер тудыратын, қылмыстық құқық бұзушылыққа әкелетін немесе оның болуына жол ашатын әлеуметтік процесстерге, құбылыстарға әсер ету болып саналады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың құндылығы әлеуметтік құндылықтары қандайда бір теріс әрекеттің қылмыстық жазаланатын әректке немесе криминалды қызметке айналғанға дейінгі кезеңде, яғни қылмыстық нәтижеге жеткенше бар мүмкіндіктерін болдырмауды қамтамасыз етумен өлшенеді. Ол қылмыстылықпен күресуде тек құқықтық, экономикалық, мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік-психологиялық, медициналық, техникалық, басқа да әдіс тәсілдермен ғана емес, олармен қоса әлеуметтік, материалдық және басқа да шығын түрлерімен жүзе асаруды көздейді.

Алдын алу — селекциялық жұмыс сияқты, жеке басты қалыптастырып, өсіру кезінде, алқапта өсіп кеткен арам шөпті жұлып тастағандай, адам бойындағы теріс қылыққа әсер ететін себептерді жою. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу белгілі бір әлеуметтік процесстердің әлеуметтік субъектілерге және олардың әрекеттеріне жалпы әсер ету мақсатына, оның негіздеріне әсер етуден тұрады. Кейбір авторлардың пікірлері бойынша – қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – қылмыстылыққа тиімді әсер етудегі қызметтің сан алуандығы, оны шешуге бағытталған сн қырлы тәсілдер деп қарастырады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – жеке адамның құқықтары мен бостандығы, жеке меншігі мен басқа да ерекше әлеуметтік құндылықтары мен игіліктерінің қауіпсіздігіне сенімді кепіл болатын адам қызметінің ерекше түрі болып танылады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды қылмыстылықты ескертудің тұтас бір құрамы ретінде қарастырып, оны жалпы, арнайы және жеке деп бөліп қарастыруға болады. Бұл алдын алудың деңгейлері жекелей, ерекше, жалпы ұғымдарына сәйкес келеді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы алдын алуына кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға материалдық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан пайда болуды болдырмаудың алғышарттары іспеттес түрін құрайды. Жалпы алдын алудың объектісі болып кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға әсер ететін құрылымы мен қозғалысына, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке түріне және топтарына, қылмыскердің жеке басына әсер ететін түрлі деңгейдегі криминогендік құбылыстар танылады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жалпы алдын алу — бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақтың түрлі өмір жағдайындағы криминогендік сипатының құбылыстарына мақсатты бағыттағы әсер ету шаралары. Жалпы алдын алу басқа да ескертудің әсер ету құралдарымен, соған қоса, жеке алдын алудың шараларымен үйлесімді жүзеге асқанда ғана өзінің нәтижесін береді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жүйесі құрылған және өзінің қызметін мемлекеттік, отбасылық, жастар және қылмыстық саясат саласындағы республикалық, облыстық деңгейде түрлі бағдарламалармен, отбасы мен балаларға экономикалық және түрлі көмек беру арқылы, кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарын және қараусыздықтарын ескертумен, олардың ортасындағы қылмыстылықпен күресумен, жеке заңшығару негіздерімен, кешенді халықаралық, конституциялық, республикалық және жүйелік байланыстағы, бірін бірі толықтырушы заң актілерімен, балалар мен жастарға тәрбие беру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын әлеуметтік, мемлекеттік білім беру, тәрбие, емдеу, құқық қорғау органдарымен және мекемелермен, қоғамдық, діни ұйымдармен жүзеге асыруда.

Арнайы алдын алу жалпы алдын алуды толықтыра келе, атқарылатын қызметтің түрін нақтылай түседі, олардың шекарасын белгілей отырып, атқарылатын шаралардың түрлерін анықтап береді. Арнайы алдын алу шараларының шеңберінде қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және виктимологиялық түрлері бөліп қарастырылады.

Көп ғалымдар виктимологиялық алдын алуды қылмыстылыққа әсер етудің ең өзектісі және ескерту жүйесінде болашағы мол бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Виктимологиялық алдын алу нақты қылмыстық

құқық бұзушылықтардың нақты себеп жиынтықтары мен олардың санаттары мен түрлеріне негіз болатын виктимогендік факторларды, құбылыстарды, процесстерді бәсеңдететін шаралар кешені ретінде анықталады.

Аталған қылмыстық құқық бұзушылыққа жеке виктимологиялық алдын алу шараларын жүргізу үшін оның мақсаты мен міндеттерін нақты анықтап алу керек. Жәбірленушіге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігін жоюға бағытталған қызмет осындай болады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке алдын алу — өзінің құқыққа қарсы мінез-құлықтарымен жан-жалды жағдайлар туындатуға үгіттейтін және соның салдарынан өзі қылмыстың құбанына айналатын адамдарды дер кезінде анықтауды қарастыратын; жәбірленушілерді профилактикалық есепке алатын; олардың мінез-құлықтарын тұрмыста қадағалау жасайтын; қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрбанына айналып кетпес үшін осындай адамдарға тәрбиелік әсер студия шараларын қарастыратын; құрбанның бойында жан-жалдық жағдайларда заңдық негіздермен шеше алатын жеке адами қасиеттерді тәрбиелеу мен бекітетін қызмет танылады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алуда ерекше мәнді әлеуметтік алдын алу атқарады. Әлеуметтік алдын алу кешенді сипатқа ие және өзінде отбасылары мен әлеуметтік мұқтаж топтардың балаларына әлеуметтік-құқықтық, дәрігерлік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмек беру жүйесін қамтиды.

Жалпы қылмыстылықтың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу, оларды оңалту жұмыстарын кең көлемдегі психологиялық көмексіз, соған қоса, әлеуметтік көмектің түрлі әдіс, тәсілдерінсіз жүзеге асыру мағанасыз болады.

Әлемдік және отандық тәжірибеде жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларында балаларға алғашқы тиімді көмек «мұқтаж отбасыларында» адамды тәрбиелеуде және өмір жағдайында, жеке адам ерекшеліктерін саралауды қоса алғанда, қиын өмір жағдайына тап болған кәмелетке толмағандарға көмектің барлық түрін беруге мүмкін болатын, балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік мекемелерде кеңес жүргізу торабы болып саналу керек.

Жеке алдын алудың бір бөлігі арнайы алдын алу танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жеке алдын алу нақты адаммен әлі қылмыстық ниетінің пайда болмағаны, бірақ, оның мінез-құлқы әрекеттерінің қылмыстыққа айналып кетуге жоғары мүмкіндігі бар екендігін дәлелдейтін қылмыс жасау себептері мен шарттарын болдырмау бойынша арнайы қызмет. Сонымен қатар, әдебиеттерде қылмыстық құқық бұзушылықтың жеке алдын алу ұғымына қылмыс жасауға әкеп соғатын объективтік және субъек-

тивтік факторларды анықтауға, жоюға, залалсыздандыруға немесе әлсіретуөге бағытталған қоғамға қарсы ұстанымдары бар адамдарға қатысты сендіру, көндіру, мәжбүрлеу және көмек берудегі мемлекеттік-құқықтық және қоғамдық шаралардың кешенді жүйесі ретінде ғылыми негіздеме берілген.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке алдын алу — бұл, қылмыс жасайды деп күтілетін адамдарды анықтауда, аталған ортада бар, криминогендік факторларды жою немесе залалсыздандыру бойынша осы тұлғаларға қатысты жақсы жаққа түзету мақсатында, қоршаған ортасына байланысты әсер ететін мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, ұйымдардың және олардың өкілдерінің қызметі. Бірақ, әсер етудің жеке алдын алуының басты объектісі болып мінез-құлқында кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартуға мүмкіндігі дәлелденген ересектер танылады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы жеке алдын алудың ерекшелігі кәмелетке толмағанның мінезі мен қылмыстық құқық бұзушылыққа тартқан ересек адамның мінезінің арасындағы ажырамас байланысы саналады. Жеке алдын алу жұмыстарында нақты осы байланыстарды дұрыс бағалап, шаралар қолданғанда өзінің нәтижесін бере алады. Әдетте, бұл жұмыстар ереже бойынша кәмелетке толмағандармен басталады.

Жеке алдын алу шаралары жалпы алдын алудан айырмашылығы, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды нақты жасауы мүмкін, өмір сүру салты мен мінез-құлқы анық куәландыратын белгілі бір ортаның барлық тұлғаларына қатысты жүргізіледі. Жеке алдын алу шаралары кәмелетке толмағандардың қоршаған ортасына тікелей бағытталады.

Тәжірибеде қылмыстық құқық бұзушылықты жеке алдын алу мен жалпы алдын алу бір бірімен ажырамас байланыста жүзеге асырылады. Жалпы алдын алу қызметі жеке алдын алу жұмыстарының тиімді жүзеге асуы үшін жалпы алдын алу түрінің жеке шарттарын нақтылай түсіп, шығармашылық тұрғыдан дамытады.

Алдын алу шараларын қолданудың көлемі мен мақсатына қарай, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың үш деңгейін қарастыру қабылданған: жалпы әлеуметтік, арнайы-криминологиялық және жеке алдын алу. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың жалпы әлеуметтік деңгейінің айырмашылығы, оның шаралар құрамында жасөспірімдер ортасында адамгершіліктік-психологиялық және жалпы рухани жағынан жетілдіруді, білім беру мен тәрбиені әлеуметтік тұрғыдан дамытудың қажетті элементтері болуы қамтылады.

Қоғамдық көлемінің деңгейінде әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени сипаттағы біздің қоғамды әлеуметтік сауықтыру, экономиканы сауықтыру бойынша, қоғамдық-саяси құрылымдарды демократияландыру, түрлі санаттағы тұрғындардың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасау, түрлі әлеуметтік құрылымдар мен институттардың қызмет жасауы, өсіп келе жатқан жас ұрпақты білім беру және тәрбиелеу саласында әлеуметтік саясатты қамтамасыз ету, отбасылар мен балаларды әлеуметтік қорғау міндеттері шешіледі.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың арнайы-криминологиялық деңгейі қылмыстылықтың жалпы себептерін немесе нақты туындаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жоюға тікелей бағытталған шаралар жиынтығын сипаттайды.

Алдын алудың жеке деңгейі кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы мүмкін жеке адамдарға қатысты жалпы әлеуметтік және арнайы-криминологиялық шараларды нақтылай түсуді қарастырады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар – бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасауға детерминдеуші факторларға, осы факторларды жоюға, төмендетуге және залалсыздандыруға әсер етуге бағытталған, соған қоса, олардың туындауына шектеу қоятын арнай және арнай емес субъектілердің әсер етуі.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу субъектілерінің бірі — ол аумақтық әлеуметтік көмек беру, психологиялық-педагогикалық көмек беру орталығы, жедел психологиялық көмек беру орталығы (сенім телефоны). Ең бастысы, олардың жұмыстары кәмелетке толмаған қараусыз қалғандар және қаңғыбастармен, қиын өмір жағдайына тап болған жас адамдармен жеке, мазмұнды алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған. Осы жұмыстар қатарына тегін әлеуметтік қызмет көрсету, отбасылармен тығыз байланыстар, жастардың бос уақытын ұйымдастыруға көмек беру де жатады.

Ғалымдар мен практиктердің айтуы бойынша алдын алу органдары жүйесінің басты звеносы әлеуметтік жұмыстар орталығы болып, отбасы мен балалардың тәуекел топтарын анықтап, қолдау қызметтерін жүзеге асыратын әлеуметтік қызмет атқаратын жұмыскерлер болуы тиісті. Әлеуметтік жұмыстар орталығы отбасы мен балаларға жергілікті бөлімдерде (комитеттерде) құрылымдық бөлімдер ретінде құрылады. Кәмелетке толмағандарға қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қорғаудың мемлекеттік жүйенің жаңа моделін құру, әлеуметтік ортада балалардың нақты құқықтарына лайықты өмір сүруіне қажетті кепілдік бере алатынымен сипатталады. Жасөспірімдер мен жастарға арналған әлеумет-

тік-оңалту орталықтарының, әлеуметтік-психологиялық орталықтарының, кәсіби бағыт-бағдар беру мен еңбекпен қамту орталықтарының, жастар клубтары мен жастар ісі бойынша басқа да мекемелер органдарының қызметі кәмететке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға тікелей немесе қосалқы тұрғыдан әсер етеді.

Осы арнайы мекемелердің ершеліктері қиын өмір жағдайларына тап болған кәмететке толмағандарға шұғыл түрде көмек бере алатындығында. Бұндай мекемелерге: әлеуметтік-оңалту орталықтары, әлеуметтік баспаналар, ата-анасының қарауынсыз қалған балаларға көмек беру орталықтары жатады. Қараусыздық пен қаңғыбастық проблемаларын шешу үшін республикада негізгі мақсаты балаларға қандайда бір көмек көрсету болып табылатын арнайы мекемелер торабы құрылған. Республика көлемінде мұндай мекемелердің біріне әлеуметтік баспаналар өз қызметтерін атқаруда. Онда ата-анасының қарауынсыз қалып, қиын тағдырдан жан азабын шеккен балаларға арналған баспана жарақталған.

Кәмететке толмағандарды бейімдеу орталықтары 3 жастан 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдердің уақытша тұрақтауына және әлеуметтік оңалуына арналған. Орталықтың ашылғанынан бері мындаған балаларға қолұшы берілді. Өкінішке орай орталыққа кейінгі жылдары келіп түсетін балалардың санының артып отырғанын атап өтуге болады. Егер 2015 жылы 7648 кәмететке толмағанға қатысты қызмет көрсетілсе, 2016 жылы – 7109, 2017 жылы – 7539, 2018 жылы – 6953, ал 2019 жылы 6137 кәмететке толмаған болды. 2020 жылы әлеуметтік-оңалту орталығына 2639 бала қабылданған⁴¹.

2020 жылы орталыққа келіп түсетін балалардың контингентінің жағдайлары қиын және ауыр. Бұлардың басым бөлігі қараусыз қалғандар мен қаңғыбастар (қабылданғандардың 2111 құрайды), өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар (25), девиантты мінез-құлқы бар балалар (28), ата-аналардың қамқорынсыз қалған немесе олардың орнын басатын тұлғаларсыз қалғандар (472). Осыған қатысты орталықтардың қызметі оларды өздерінің күш-жігерін жинақтап, өмірдің қиындықтарына төзе білуге, адамдар арасында өмір сүре білуге бейімдеу, айналасына деген дұрыс көзқарас қалыптастыру, оны қабылдай білуге, оптимизмге бағытталған⁴¹.

2020 жылы кәмететке толмағандарға қатысты ересек тұлғалар жасаған қылмыстық озбырлықтың тіркелген саны (Жетім балалар – жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа дейінгі тұлғалар). Он алты жасқа толмаған тұлғамен жыныстық қатынасқа түсу және сексуалдық сипаттағы басқа әрекеттер – 332, жас балаларды азғындық

⁴¹ <https://bala.stat.gov.kz/kz/tsentry-adaptatsii-nesovershhenoletnih/>

жолға түсіру – 115, кәмелетке толмағанды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту – 11, балаларды немесе еңбекке қабілетсіз ата-анасын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару – 14 әрекет тіркелген⁴¹.

Тәрбиелеудегілерде кешенді тексерістен өткізгенде дерлік барлық балалар келіп түскенде түрлі дәрежедегі психикалық тұрғыдан бұзылған қалпында болып, физикалық әлсіз, жиі созылмалы ауыруға шалдыққандар, ызақор, айналасына сенімдерін жоғалтқан, тәрбиешілермен қиын байланысқа келеді.

Баспанада балаларды қалыпты өмірге қайтару үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысады. Яғни мекемеге келіп түскен барлық балалар оңалту шараларынан өтеді. Бұл жерде балаларды тексерістен өткізіп, денсаулығының топтары анықталатын, созылмалы сырқаттарын анықтайтын, емдеуге жатқызатын, балалардың денсаулығын жақсартып, иммундарының алдын алатын, соған қоса, дер кезінде ауыруларын анықтайтын, емдейтін медициналық оңалту шаралары да кіреді.

Балалар медициналық оңалту қызметінен басқа психологиялық-педагогикалық оңалтудан да өтеді. Баспанада тиімді түзету-оңалту жұмыстарын жүргізу үшін заманауи әдістерді қолдана отырып балалармен жеке жұмыс жүргізетін психологтың психологиялық жеңілдету кабинеті жұмыс істейді.

Баспанаға келген балалардың келуі әр түрлі жағдайлармен сипатталады, кейбірі ата-аналарының өзіне деген сүйіспеншілігін жоғалтып, ертеңіне алаңдаушылық тудырып, соған қоса өмір мәнін қоса жоғалтқандар да бар. Олардың ата-аналарының сүйіспеншілігін қайтару қолдарында болмаса да, оның орнын басқаша толтырып, өздеріне деген сенімділіктерін қайта жаңғыртады, өзіне пайдалы іспен айналысуға тартып, ертең қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін кәсіптің бір түрін игеруге тартады. Осы мақсатпен баспанада қуыршақтар театрының үйірмесі, музыка үйірмесі, қол-өнер үйірмесі, тігін және ұста шеберханалары қызмет атқарады. Бұдан басқа, балаларға арналған заманға сай жаттығу жасайтын құралдары бар спорт залдары, компьютерлік класстар жұмыс жасайды. Баспанада балалар ебек етуге тартылады, көптеген кәсіби мамандықтарды игереді. Бұған балалардың көптеген жылдар бойы түрлі деңгейдегі жарыстар мен конкурстарға («Мейірімділік әлемді құтқарады», өлең оқушылар конкурс және т. б.) қатысып жүлделі орындар алуы куә бола алады.

Әрине, балалармен әлеуметтік-оңалту жұмыстарын жүргізудің басты мақсаты олардың өмірде өздерінің орындарын табу сұрақтарын шешу. Балалар әлеуметтік оңалтудан өтіп жатқан кезінде, әлеуметтік-құқықтық қызметі олардың құжаттарын жинаумен және қайта қалпына келтірумен айналысады, себебі, баспанаға келіп түскен балалардың ешқандай құжаттары болмайды, көп балалардың ата-аналарының тұрғылықты жері белгісіз,

тіпті кей жағдайда, балалар өзінің атын ғана біледі.

Бірақ, тәрбиедегі баланың әлеуметтік оңалуы оның толық әлеуметтену мәселесінің жартысы ғана. Ең бастысы – баланың ата-анасы тірі тұрғанда жетім болып қалмауы. Сондықтан, баспанада отбасылық байланыстарды қайта орнатуға және отбасындағы жағдайдың дұрыс қалыптасуына басты басымдық беріледі. Мекемедегі балалардың арасында сұрау-сауал жүргізгенде отбасында қаншалықты қиын, қатал, жан-жалдық жағдай болса да көпшілігі өз отбасына оралуды аңсайтынын көрсетті, осыған орай, мекеменің қызметкер мамандары өздерінің алдына келесілерді мақсат етіп қояды: баланы ата-анадан алып қою емес, қайта отбасына қайтару; отбасы ішіндегі жақсы қарым-қатынастарын орнатуға жәрдемдесу; үйдегі балаға жайлылық, жылылық; балаға деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті орнату.

Дәстүрлі білім беру мекемелерімен қатар отбасында қараусыз қалудың алдын алу мен зорлықты болдырмау жұмысында қазіргі уақытта білім беру мекемесінің жаңа типі – балаларға психологиялық-педагогикалық және медико-әлеуметтік көмек беру орталықтары өздерінің жұмыстарын белесене атқаруда. Білім берудің жаңа типін құру, бүлінген отбасылары мен балалар тобының көбейуіне байланысты болып отыр. Ол өзінің жұмысын балаларға қоғамның және мекетептің адамгершілікпен қарауды қалыптастыруға бағытталып, баланың жеке басының қалыптасуында жеке, кешенді жүйенің қалыптасуына жол ашады.

Баланың жақсы қасиеттеріне бағдар жасау – адамгершіліктік педагогика белгілерінің басты айырмашылығы. Баланы жан-жақты білу, оның қасиеттерін құрметтеу, оның мүмкіндіктері мен күшіне сену, оның өзіндік дамуына жағдай жасаудың барлығы – К.Д. Ушинскийдің адамгершіліктік педагогика идеяларының негіздері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Адамгершіліктік педагогика қағидалары Астана қаласында қараусыз қалған балалармен әлеуметтік-оңалту орталықтары өздерінің жұмыстарында жүзеге асырады.

Осал топтағы балалармен қараусыз қалуды ескерту жұмыстары бойынша орталықтардың қызметі психологиялық, медициналық, педагогикалық сараптау мен кеңестер беру, шұғыл психологиялық көмек көрсету, жасөспірімдерді әлеуметтік-еңбекке бейімдеу, бұзылған отбасыларымен жұмыс, психологиялық-педагогикалық түзету, жеке бастың дамуына қатысты көмектер беру, әлеуметтік-психологиялық жан-жалдарда тұлға аралық проблемаларды шешу, кәметке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады. Орталықтың басты міндеттерінің бірі дағдарысты жағдайға тап болған балаларға қазіргі уақытқа сай көмек беру. Бұл кезеңде субъектілер арасында педагогикалық әсер ету, жеке психологиялық екшелеіктері басшылыққа алына отырып, есепке алу, түзету, қалып-

тастыру, білім деңгейі негізге алынып, баланың немесе жасөспірімнің мектепте және қоғамдық ортада қалыптасуы жүзеге асырылады.

Бүгінде кем дегенде 625 мың, яғни әрбір оныншы бала аз қамтылған отбасында тұрады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сай, 624,9 мың бала мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алады. 2021 жылдың басында 18 жасқа дейін 6 295 590 бала болса, оның әрбір 10-ы аз қамтылған отбасыдан деу қисынға келеді. Статистика бюросының ақпаратына сай, есепте тұрған әлеуметтік қорғалмаған /тұрмысы қолайсыз/ қиын жағдайдағы отбасы саны, 2020 жылға ақпаратқа сай, 7 210 (2021 жылғы дерек сәуірде жарияланады).

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сай, 2022 жылғы 1 қаңтарда 198,4 мың отбасы атаулы әлеуметтік көмек алған.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпаратына сай, 2021 жылы көмелет жасына толмаған балаларға қатысты барлығы 2 088 құқық бұзушылық ісі тірклеген, яғни күніне 5,7 қылмыс⁴².

Тұрмысы төмен әрбір отбасында зұлым, маскүнем ата-аналардан болса да балалары да сондай, ертен бұзылған, қылмыскер болады деген емес. Бұдай отбасылардың өздерін психологтар жіктеп бөліп қарастырған. Ауытқулары бар отбасын үшке бөлуге болады дейді.

Бірінші, отбасындағы эмоциялық хал-ахуалдың төмендігінен ата-ананың балаға деген қатыгез, қайырымсыздықпен қарауы, баланың еркін аяқ асты етуші;

Екніші, отбасындағы сыртқы сәтсіздіктерден баланың қажеттіліктеріне деген қызығушылықтың жоғалуы, ата-ана мен баланың арасындағы эмоциялық байланыстың төмендеуі;

Үшінші, теріс, адамгершілікке жат ахуалдағы отбасында бала моральға жат өмір салтын кешіп, әлеуметтік жағымсыз қажеттіліктерді меңгереді.

Ювиналды полиция инспекторлары да бір ауыздан – бұндай балалар тіптен теріс мінезді емес, қоғамға жат қылықтар жасамауы да мүмкін. Олар қылмыстылықтың элементтері емес, басқаларға қарағанда біздің көмегімізді көбірек қажет ететін балалар – дейді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2021 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша келесідей қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген. Барлығы – 1515 құқық бұзушылық, қайталап қылмыстық құқық бұзушылық жасағандардың саны – 281, жас ерекшеліктеріне жіктегенде 11 жас-

⁴² <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/kazakstanda-arbir-onynshy-bala-az-kamtylgan-otbasynda-osip-zhatyr-ma/>. factcheck.kz

қа дейін – 569, 12-13 жастағылар – 289, 14-15 жастағы жеткіншектер – 642 құқық бұзушылық жасаған, 16-17 жастағы жасөспірімдер – 724 құқық бұзушылық жасаған екен. Олардың ішінде 119 құқық бұзушылықты қыз балалар жасаған. Айналысу істеріне жіктегенде – 776 оқушы, 714 – жұмыс істемеген/оқымағандар болып тіркелген. Құқық бұзушылықтардың құрылымына келетін болсақ – 454 құқық бұзушылықты топпен жасаса, 194 – құқық бұзушылықты ересектердің қатысуымен жасаған. Барлық құқық бұзушылық жасағандардың 135-і бұрын есепте тұрғандар болып шыққан. Қол сұғу объектісіне қарай жіктегенде ең көп жасалған – 1016 құқық бұзушылықпен меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бастап тұр, оның 624-ұрлық (ҚР ҚК 188-б), 142-тонау (ҚР ҚК 191-б.). Осы жерде қоғамдық тәртіпке қарсықылмыстық құқық бұзушылық – 132 бұзақылықтың (ҚР ҚК 293-б.) болғанын да назадан тыс қалдыруға болмайды. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар қылмыстық құқық бұзушылықтарды 43-алкогольға мас күйінде, 4-есірткіге мас күйінде жасаған⁴³.

Кәмелетке толмағандар арасында маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлықтың алдын алуды жандандыру және ата-аналарының, оларды тәрбиелеумен айналысатын адамдардың есірткі заттарды тұтынатын, спирттік ішімдіктерді қолданатындарын уақытында анықтау мақсатында кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар өз аумақтарында шараларды ұдайы жүргізіп отырады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2015 жылғы 18 мамырдағы «Конституциясының 27-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру және «Балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығына және дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» № 3 нормативтік қаулысы қабылданған.

Елдегі білімсіздік, еңбек ете білмейтін және жалқаулардың пайда болуына, ашулы да агрессиялы адамдардың қалыптасуының, демек, басқа тұрғындарға белгілі бір қауіп тудыратын адамдардың пайда болуының алдын алу, тек қазіргі заманға сай алдын алусыз мүмкін емес.

Балалардың қараусыздығы мен қаңғыбастығының және қылмыстылығының өсуін балаларды әлеуметтік қорғау жұмыстарын күшейту арқылы ғана тоқтатуға болады. Қараусыз қалған және қаңғыбас балаларға бас-

⁴³ Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2021 жылдың 12 ай қорытындысы.

паналар құру, кәмелетке толмағандар үшін мекемелер ұйымдастыру қажет. Онда балалар мен жеткіншектер өз еріктерімен келіп, қалауы бойынша әлеуметтік-құқықтық, медициналық, психологиялық-педагогикалық көмектер ала алатындай болуы керек. Мысалы облыс орталықтарында қараусыз қалған балаларға арналған кадет корпустарын құрса. Тіпті, республика бойынша қыздарға арналған кадет корпусын құрса да артық болмас еді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу субъектілерінің бірі білім беру мекемелері мен білім беру басқармаларының органдары болып табылады. Бұл институттардың құзыретіне балаларды оқыту, тәрбиелеумен қоса отбасыларына көмек беру; кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыру да жатады. Соған қоса, балалар үйі мен жетім балаларға арналған мектеп-интернаттар, қараусыз қалған балаларға да алдын алу қызметін атқаруға жауапты болады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 заңы (өзгерту, толықтырулары болды) қабылданды. Осы заңның 12-бабында Білім беру органдарының құзыреті анықталған:

Білім беру органдары өз құзыреті шегінде:

1) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

5) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) девиантты мінез-құлқты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолай-

сыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шаралары жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмететке толмағандарды тартады;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады⁴⁴.

Балаларды тәрбелеу мен дамытудың дүниетанымдық базасының іргетасы білім беру мекемелері танылады. Онда отандық дәстүрлер мен қазіргі кезеңнің тәжірибе жетістіктері есепке алына отырылып, тәрбиелеу процесінің жаңаруы жүзеге асуда. Бұрынғы штампты, біржақты дәстүрден еркін, теңгермелі білім беру мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін вариативті тәрбелеу жүйесі қалыптастырылуда. Тәрбиелеу жұмысының негізіне бірнеше жаңа тұжырымдар қаралған: жалпы адами құндылықтарға тәрбиелеу, тұлғалық-бағдарланған тәсіл, жеке бас экологиясы, этнопедагогикалық тәрбие беру, полимәдениетті тәрбие.

Кәмететке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір бөлігі білім беру саласының қызметкерлерімен жасалатындығын есепке ала отырып, оның алдын алудың нормативтік құжаттарды (жұмысқа қабылдау алдында балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істеу үшін оның кәсіби және моральдық-психологиялық құзыреттілігін тексеру үшін тестілеу) қабылдаудың реті келіп тұр. Егер мектептің пән мұғалімдері мен тәрбиешілерінде жүйелі түрде қызметінде кемшіліктер болса, жұмысына икемсіздігі үшін, төмен мәдениеттілігіне – тәрбиелік-педагогикалық еңбекке жарамсыз деген шешім қабылдануы тиісті.

Девиантты мінез-құлқы бар қараусыз жасөспірімдермен жұмыс атқара алатын мамандарды жоғары оқу орындарында дайындау және қайта даярлықтан өткізу қажеттілігі туындап отыр. Осы мақсатпен балалар мен жасөспірімдердің қараусыздығымен, құқық бұзушылықтарының алдын алуды жүзеге асыратын мекеме қызметкерлеріне біліктіліктерін арттыруды ұйымдастыру қажет. Республикалық педагогикалық кадрлардың біліктіліктерін арттыру институттарында мұғалімдер, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтарға, қалалық және аудандық ПБ инспекторларына, мектептен және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушыларға, кәмететке

⁴⁴ Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмететке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591_

толмағандармен жұмыс жүргізетін инспекторларға кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алуды өз жұмыстарында енгізу жөніндегі дайындық курсың ұйымдастыруды қолға алған дұрыс.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың келесі бір субъектісі жастар ісі бойынша органдар мен мекемелер, мәдениет және спорт, туризм мекемелері, басқа да қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар. Өздерінің құзыретінің шегінде олар кәмелетке толмағандардың тәрбиесі, демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады. Жастар ісі бойынша органдардың басты міндеттері — жастар ұйымдарының қызметтерін үйлестіру, конкурстық негізде оларға қаржылық көмектер жасау.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың әлеуметтенуінде қамқоршы қоғамдастықтар, қайырымдылық қорлары, патронат қоса алып жүретін қоғамдық қамқорлық институттары ерекше рөл атқарар еді.

Қазіргі уақытта қамқорлық қызметтері өзіндік қоғамдық жеке жүйе ретінде кәмелетке толмағандарға қатысты бағытталып, жұмыстарын жоғарыда аталған Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панаһсыз қалуының алдын алу туралы» № 591 заңына (өзгерту, толықтырулары болды) негіздер еді. Қарауына алу қызметі республикалық заңдармен ғана емес, облыстық субъектілердің заңдарымен, жергілікті өзін өзі басқару органдарының нормативтік актілерімен де реттеле алады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың ерекше субъектілері болып құқық қорғау органдарының қызметі танылады. Аталған субъектілердің кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын алу ісіндегі негізгі қызметі – кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға немесе қоғамға жат әрекеттер жасауға тартатын және өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыпты даму мен оның мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауы мүмкін адамдарды анықтау.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінде алдыңғы рөлді Қазақстан Республикасының прокуратурасы атқарады, олар өздерінің жұмыстарында кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалайды және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіреді. Қылмыстық құқық бұзушылықпен күрестегі прокуратураның басты қызметі – үйлестіру. Үйлестіру құрылымдары формальды түрде аудандарда, қалаларда және облыс орталықтарында бар. Бұл маңызды жалпы мемлекеттік қызметке

қоғамдық жүктеме ретінде қараған дұрыс емес. Бас прокуратура Қазақстан Республикасының тәжірибелік бағыттағы құқық қорғау органдарының басқарушылық субъектілерін ерекше бақылауға алуы тиісті.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды жетілдіру мақсатында келесідей шаралар ұсынылады: 1) прокурорлық қадағалау жүргізу кезіндегі қылмыскердің жеке басы, қылмыс құрбандары, қылмыстың қозғамы, қылмыстық мінез-құлықтың себептері мен шарттары, басқа да жағдайларын, қылмыстық сот өндірісінің есебі бойынша анықталған мәліметтер жөнінде арнайы әдебиеттерді басып шығаруды жүйелі түрде ұйымдастыру; 2) облыс орталықтарында прокуратура қарамағында криминологиялық қызметтерді құру, немесе прокурорлық-тергеу қызметкерлеріне криминологиялық көмек беру мақсатында штатқа прокурор-криминолог лауазымын енгізу; 3) нақты істерді, статистикалық және түрлі мәліметтерді, басқа да құжаттарды талдайтын, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын тұлғалармен, прокурор тергеушілермен арнайы сабақтар бағдарламаларын жасап шығару; 4) құқық қорғау органдарымен жаслатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтап, тергеудің арнайы әдістермелерін өндеуді қарастыру; 5) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты іздеу және алдын ала тергеуді жүргізетін тұлғаларға қатысты арнайы оқытуды енгізу; 6) наркобизнеспен және нашақорлармен және есіркімен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізетін құқық қорғау қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру жүйесін жетілдіру.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу ісінде көптеген міндеттер жергілікті билік органдарының алдында тұр. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінің ерекшеліктері шараларды өткізуге және әсіресе жеке алдын алу жұмыстарында қоғамды кеңінен тартуда қызмет жүйесінің мазмұнына ерекше әсер ететін жергілікті билік деңгейі танылады. Ол атқарылатын міндеттердің көп түрлілігінде, тәрбиелік-алдын алу жұмыстарында, отбасында, тұрмыста, бос уақытта мәдени шараларда, спорт және бос уақытты ұйымдастыру кезінде жан-жақты әрі икемді шараларды қарастырып, өмір жағдайына жеке басты қалыптастыруда жасөспірімдерді өмір шартына тәрбелеуде олардың оң қабылдауларына түрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Орыс криминологы А.И. Долгованың «әлеуметтік бақылау белгілі бір мінез-құлықтарды қадағалап және тіркеп қана қоймайды, өзіне әлеуметтік топтарға қазіргі кезеңдегі, қажетті әлеуметтік көмек беру түріне назар аударуды қоса

қарайды»⁴⁵ – деп дұрыс атаған.

Егер мемлекет қаншалықты тұрақты және бай болса да әлеуметтік бақылауды қоғамдастықтарсыз қажетінше қамтамасыз ете алмайды. Сол себептен, А.Я. Сухарев көп жылдар бойы қалыптасқан «құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі азаматтардың қатысуы» – деген заңдылықтағы кедергіні алып тастау қажет, тұрғындардың құқықтық қорғаудағы өзіндік бастамаларын заңдастырып, алдын алу құрылымдарының басқарып-үйлестіруді жергілікті орталықтарда құру, демеушілік және қайырымдылық қорларына жол ашу қажет⁴⁶ – дейді.

Қазіргі таңда кәмілетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі экстремистік және ваххабиттік ағымдар жолындағылармен жасалатындығын екеруіміз керек. Бұндайда қоғамдастықтар мен жергілікті өзін өзі басқару органдары экстремистік әрекеттерге қарсы тұру шараларына белсенді және тікелей қатысулары дұрыс. Жергілікті өзін өзі басқару органдары экстремизмнің туындауына және олардың әрекеттеріне жедел әрі тиімді әрекет ете бермейді.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» №33 Жарлығы қабылданды.

Құқықтық актілер Қазақстан Республикасында мемлекеттің республикалық органдарының терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында үйлестіру және кенес беруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» № 3 Заңы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» № 483-IV Заңы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» № 344 Заңдарының жарғыларының мақсаттары әділет органдарына қоғамдастық және діни бірлестіктердің қызметтерін бақылау жасау жүктелген. Қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметін қатаң бақылау Қазақстан Республикасының Конституциясымен, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңдарымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен сәйкестігін қамтамасыз етуді көздейді.

Қорытындысында алдын алу жүйесін құраушы субъектілер қызметінің

⁴⁵ Долгова А.И. Криминология. — М., 2002. — 173 б.

⁴⁶ Сухарев А.Я. Проблемы научно-методического обеспечения системы профилактики // Уголовное право. — 1999. — № 4.

тиімділігі барлық аталған функциялық бағыттағы жұмыстарын үйлестіре жүзеге асырғанда өзінің нәтижесін бере алады. Барлық алдын алу шараларын атқаратын субъектілердің міндеті қиын өмір жағдайларына тап болған кәмелетке толмағандарға дер кезінде, білікті, тиімді көмеке беру және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Бұдан әрі кәмелетке толмағандардың өмір сүрудің түрлі кезеңдерінде әлеуметтік қорғаудың әлдеқайда әсерлі және тиімді жолдары мен құралдарын табудың қажеттіліктері туындайды. Осы мақсатпен мамандандырылған және одан басқа да барлық субъектілері жиі, бір-бірімен өзара әрекеттестікте біріге отырып алдын алу жұмыстарын атқаруы керек.

3.2 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда әлеуметтік қорғаудың рөлі

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда мемлекеттің әлеуметтік саясаты мен балаларды қорғау жүйесі ерекше орын алады. Бұл әлеуметтік, құқықтық, тәрбиелік, ұйымдастырушылық жұмыстар және азаматтар мен лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың, оның отбасының тарапынан болатын қол сұғушылықтардан, сонымен қатар, балаларды қылмысқа немесе басқа да әрекеттерге тартудан қорғауды қоса алғанда балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жақсы қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен шаралар заңдарының жыйынтығына негізделген.

Кәмелетке толмағандарға қатысты мемлекеттің әлеуметтік саясатына тиімді құқықтық база қажет. Кейінгі жылдары өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білім алуына және тәрбиелеуде қалыпты жағдай жасау үшін, олардың өмір сүруіне, балаларды қорғау бойынша бірнеше нормативтік құқықтық актілер қабылданған болатын. Балаларды қорғау бойынша қазақстандық заң шығару актілері әлемдік халықаралық құжаттарға қатысты. Балалардың құқықтарын қорғаушы негізгі құжаттардың біріне Қазақстан Республикасының Конституциясы жатады. Конституцияда мемлекеттік немесе жергілікті өзін өзі басқарудың білім беру мекемелерінде тегін білім беру мен жалпы қол жетімділікке кепілдік беріледі.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда әлеуметтік-педагогикалық шарттарын жақсарту заңдық күші бар актілер жүзеге асырады, атап айтқанда, мемлекеттің қаулылары мен президенттің жарлықтары. Оның бірі балаларды қорғаудың және дамуының мәселесі басым бағыттардың бірі болып қаралатын Қазақстан

Республикасы Президентінің 1992 жылғы 1 маусымдағы «90 жылдары балалардың өмір сүруін, қорғалуын және дамуын қамтамасыз ету жөніндегі Бүкіләлемдік декларациясын» іске асыру бойынша бірінші кезектегі шаралар туралы» Жарлығы танылады. Аталғандарды тәжірибеде жүзеге асыру үшін балаларды қорғауға қатысты мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

Әлеуметтік саясатты қамту бойынша қабылданған шешімдер тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, соған қоса, оны күшейте түсу үшін облыс аумағында да қолдау табуда. Қазақстан Республикасында «Қазақстан балалары» атты бағдарлама және балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған басқа да нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Олар үкіметпен, білім беру, еңбек және әлеуметтік даму министрліктерімен, жастар ісі мен туризм, құқық қорғау органдарымен біріге отырып жүзеге асырылады.

Балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының өсуін және ересектердің кәмілетке толмағандар арасында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға әсер етуін тоқтату үшін Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 заңы (өзгерту, толықтырулары болды) қабылданды. Бұл құжаттар кәмілетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жүйесінің біртұтастығын құрайтын заңдық шешім болып табылады. Қазақстан Республикасында жыл сайын «Қазақстан Республикасындағы кәмілетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және панасыз қалуының жай-күйі және оның алдын алудың шаралары» атты қаулы қабылданады. 2014 жылғы қаулыда Қазақстан Республикасының үкіметі кәмілетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың және қараусыз қалудың алдын алу бойынша белгілі бір жүйе қалыптасқандығы жөнінде аталды. Үкіметтің 2002 жылғы 14 қазанда қабылдаған «Кәмілетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алуды күшейту бойынша қосымша шаралар туралы» қаулысын орындау бойынша республиканың министрліктері мен ведомстволары кәмілетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қараусыз қалудың алдын алуға бағытталған бірнеше ұйымдастырушылық-тәжірибелік шараларды жүзеге асырды.

Кәмілетке толмағандар мен жастар арасында нашақорлықтың таралуының алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және шаралар қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметімен қаулылар қабылданды. Онда Қазақстан Республикасының қалалары мен аудандарында спорт, еркін күрес пен шығыс жекпе-жегінің түрлерінен арнайы балалар-жасөспірімдерге арналған спорт мектептерін ашып, кәмілетке толмағандарды тартуға ерекше көңіл аударады. Кәмілетке толмағандардың ара-

сындағы қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу проблемасын шешуге және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін бірыңғай мемлекеттік жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан кәмететке толмағандардың ісі жөнінде Комиссия құрылған, осыған ұқсас комиссиялар қалалық және аудандық деңгейде де әлеуметтік саланы басқаратын әкімшілік басшысының орын-басарларының қарамағында қызметтерін атқарады.

Үкіметтің көптеген қаулылары өсіп келе жатқан жас ұрпақтың құқықтық мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында және олардың әлеуметтік қорғалуына бағытталған. Қазақстан Республикасы Үкіметімен 1995 жылғы 25 сәуірде «Теріс мінез-құлқты балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелері туралы» типтік Ереже қабылданды. Теріс мінез-құлқты балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелері олардың психологиялық, медициналық және әлеуметтік, оған қоса, қоғамда бейімделуі мен мінездерін үйлестіруге, оңалуына, бастауыш, жалпы, жалпы негізгі, жалпы (толық) орта және кәсіби білім алуға арналған.

Балалар мен жасөспірімдердің демалуын, сауықтыруын, бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында олардың денсаулықтарын күшейтуге, қауіпсіздігі мен шығармашылық дамуына, соған қоса, Қазақстан Республикасы Үкіметі балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруын, бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша шаралар туралы қаулысы қабылданды. Аталған құжатта Қазақстан Республикасының атқарушы билік субъектілеріне кәсіподақтармен, жастардың, балалар мен басқа да қоғамдық бірлестіктермен біріге отырып, Қазақстан Республикасының демалыс, балалар мен жасөспірімдерді сауықтыруды жүзеге асыратын сауықтыру мекемелерінде бірінші кезекті шараларды ұйымдастыруды және еңбекпен қамтуды қарастыруды жолға қояды.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында тұрғындарды жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау қызметінің органдарымен ұйымдастырылған жасөспірімдердің мектептің демалыс кезінде және оқудан бос уақыттарында еңбекке орналасуы мен демалысын ұйымдастыру көлемі арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы оңалтуды қажет ететін кәмететке толмағандарға арналған арнайы мекемелер туралы ережені бекітті. Ережеге сәйке аталған мекемелер қала тұрғындарына қатысты бір мекемеде 5-10 мың балаға арналған болуы тиісті. Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақстан Республикасында бала құқықтарының негізгі кепілдіктері жөнінде заң қабылданып, онда қиын өмір жағдайына тап болған балалар мен мінез-құлқында аутқулары бар

балалардың әлеуметтік бейімделуі және әлеуметтік оңалуына кепілдік беріледі. Ерекше қиын жағдайларға тап болған балалардың отбасыларына бағытталған әлеуметтік қолдауды осындай қызметтерді тікелей атқаратын орталықтар жүзеге асырады. Олар баспаналар, әлеуметтік бейімдеу орталықтары, ата-анасынан қараусыз қалған балаға көмек беру орталықтары. Аталған мекемелердің көпшілігі республика бойынша облыс орталықтарында өздерінің қызметтерін атқарады. Олар орналасуына қарай түрлі ведомстволардың қарамағында және отбасы және жастар комитеттерімен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарымен құрылады. Бұлардан басқа, отбасы мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерін құруға қоғамдық және қайырымдылық ұйымдары, еңбек ұжымдары, кәсіпкерлер, діни конфиссиялар қатыса алады.

Әлеуметтік әріптестіктер осы мекемелердің материалдық, мамандардың, қаржылық мүмкіндіктерін шешіп, отбасылардың әлеуметтік қорғалуындағы өзекті проблемаларын шешуге күштерін біріктіреді. Бірақ, бұл мекемелердің саны бар проблеманың, қиын өмірлік жағдайларға тап болған балалар мен жасөспірімдердің сандық көлемін қамтуға сәйкес келмейді. Олардың құрылуына ведомствааралық келіспеушіліктер мен амбиция, білікті мамандар мен кәметке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен жұмыс жүргізетін басқа да мамандардың болмауы, қажетті қаржылық құралдардың болмауы бөгет жасайды.

Аталған мекемелердің тораптарының дамуы мен жетілдірілуі, отбасы мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсетуді дамытудағы олардың рөлін жетілдіруге кедерілердің біріне нормативтік-құқықтық базаның жетілмеуі, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтылуының жетілмеуі танылады. Бұл мекемелердің рөлін бағаламау мен түсінбеушілік жергілікті басқарушы билік өкілдерінің тарапынан анық байқалады. Ол балалар мен жасөспірімдер арасындағы қараусыз қалу, қаңғыбастықтың алдын алуды қажетті деңгейде іске асыруға кедергі болып, әлеуметтік қолайсыз жағдайды одан сайын өршіте түседі, балалардың көп бөлігінің криминалды өмір сүру салтын таңдап алуға жол ашып, соңында қылмыстық құқық бұзушылық жасауға әкеледі. Осыған байланысты және алдын алу шараларын одан әрі жетілдіру мақсатында Заң қараусыз қалуды ескерту үшін салмақты құқықтық базаны құрады, соған қоса, кәметке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, жеткіншек құқық бұзушылардың түзелуіне, олардың қоғамдағы мінез-құлық ережелері мен нормаларын қабылдап, бейімделулеріне жол ашады.

Аталған заңды жүзеге асыру үшін алдын алу жұмыстарымен, әлеуметтік қорғау орталықтарының тораптарын жетілдірумен айналысатын мекеменің

жаңа инфрокұрылымы қажет.

Қандайда бір ерекше жағдайларға байланысты отбасы мен жалпы білім беру мекемелерін (қарапайым мектептер оларға қажетті көмек бере алмау салдарынан) тастап кеткен кәметке толмағандар санының артуына қарай, білім беру басқармасы органдарының ерекше қызметтерінің бірі әр аумақта (аумақтың нақты қажеттілігіне қарай) балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау мақсаты болып табылатын, олардың дамуында, білім алуда мінез-құлқында, әлеуметтік бейімделуде проблемалары бар кәметке толмағандарға әлеуметтік-педагогикалық және дәрігерлік-психологиялық көмекті қамтамасыз ететін инфрақұрылым құру болып табылады.

Сондықтан, кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда кәметке толмағандарға әлеуметтік көмек беруге басты назар аудару қажет. Бұл жерде жеткіншектердің өздері жағдайларын өзгерте алмайтындығын ұмытпауымыз керек. Кәметке толмағандарға әлеуметтік көмек беруде басқару органдары және әлеуметтік көмек беру органдарының таралған торабы бар, жоғары кәсіби қызмет көрсете алатын, тұрақты арнайы мекемелер ерекше мәнге ие.

3.3 Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы адамгершіліктік-тәрбиелеу шаралары

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда адамгершіліктік-тәрбиелеу шараларының ерекше маңызы бар. Бұл жерде діни тәрби де үлкен мән атқарады. Теологиялық тұрғыдан Құранның сүрелерінде екі жаза қаралатыны белгілі: ол осы өмір мен ана өмір. Әдетте, бұл өмірдегі адам қандайда бір күнә жасаса, ол діни нормаларды бұзғаны үшін ана өмірде жазаға тартылатыны белгілі. Күнә жасаған адамның ана өмірде міндетті түрде жазалантыны мұсылман дінінің нормаларының кепілдігімен ерекшеленеді.

Қай дінді алып қарасак та, адамгершіліктік тәрбиеге ерекше мән береді.

Мысалы, Құранның нормаларында спирттік ішімдіктерді тұтынуға тыйым салады. Қазіргі уақытта көптеген мұсылман елдерінде бұл әрекеттер құқықтық нормалардан гөрі таза діни мінез-құлық ережесі болып танылады. Мұсылман адам кәметке томағанды маскүнемдікке тартпақ түгілі, өзі спирттік ішімдік тұтынудан аулақ болады.

Кувейттің 1960 жылғы Қылмыстық кодексі мен Бахрейннің 1964 жылғы қылмыстық заңында спирттік ішімдіктерді дайындағаны, сатқаны және тұтытқаны үшін, соған қоса құмар ойындар үшін қылмыстық жауап-

тылықтар қарастырған. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының қылмысық заңнамаларында заңсыз спирттік ішімдіктерді дайындағаны, сатқаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырған жөн.

Адамның адамгершіліктік дамуында қоғамда танылған моральдық нормаларды сақтауда өзінің жасаған әрекеттері мен қылықтарына қатысты болады. Ең бірінші сол адамның моральдық нормалар мен ережелерді сақтау үшін өзі адами қасиеттерге ие болып, қалыптасқан нормаларды сақтауы қажет екенін түсіне білуі керек. Міне осы жерде діннің моральдық жүйесі адамға адагершіліктік нормаларды сақтауға мүмкіндік береді, ол – Құдайға деген сенімділік. «Адамның адамгершіліктік тәрбиесі жөнінде, егер өзінің көзқарастары мен сенімдерін өзін бақылаушы ретінде қабылдап, ішкі жан-дүниесімен сезініп, дұрыс жүргенде ғана айтуға болады»⁴⁷. Адамның сенімі өзінің «күзетшісі» іспеттес, Құдайға сенуші айналасындағы адамдар тарапынан бақылауды сезінбеген күннің өзінде, ол Құдайдың назарында болатыны белгілі.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда Қазақстанның дәстүрлері мен салттарының ерекшеліктерін қолданған маңызды. Халықтың дәстүрлі салт-дәстүрлерінен қазіргі күнге дейін жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде құқықтық негіздер табуға болады. Халықтың салт, дәстүрлері, жоралғылары, мерекелері әрдайым адамдық пен эстетиканы дәріптейді, оның қоғамдық қарым-қатынаста қалыптасқан ұлттық психологиясын насихаттайды. Салт-дәстүрлер мәдениеттің жүйесін құрушы категория, ол отбасында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, жеке бастың қалыптасуын зор ықпал жасайтын және кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауына жол бермейтін мықты негіз. Заңға бағынышты кәмелетке толмағанның қалыптасуында ұлттық салт, дәстүрлердің әсер етуімен отбасылық тәрбие беруде діни тәрбиенің де орны бар.

Ұлттың рухани-адамгершіліктік құндылықтарында сол ұлттың мінезі, өзіндік танымы, олардың өмірге деген көзқарасы анық көрінеді. Қазақ халқы өзінің далалық шығармашылық ерекшелігімен, өзінің даму тарихында дана және мейірімді едеттерін, моральдық нормаларын, жалпы адамзаттық мәні бар адамсүйгіштік дәстүрлерін қалыптастырды.

Қалыптасқан салт, дәстүрлер қоғамдық өмірдің үдерісін ғана реттеп қоймай, жеке адамның қалыптасуында да ерекше мәнге ие болады. Бұл процесс барлық халықтарға тән. Оларда жалпы адазаттық қажеттіліктер, мүдделері мен сезімдері, соған қоса, ұлтқа тән ерекшеліктері, өзіндік тұрмыс тіршілігі, ұлттық бояуы айқын көрінеді. Онда сол халықтың өтекен

⁴⁷ Харламов Й.Ф. Педагогика. — М., 1990.

өмірінің ізі аңғарылады.

Республикада қазіргі уақытқа дейін отбасы және отбасылық-туыстық қарым қатынастар жеке бастың қалыптасуында ерекше фактор болып танылады. Тәрбиенің ұлттық жүйесіндегі түрі мен әдістері, оның бай мазмұны отбасына негізделген. Кез келген тәрбиенің ұлттық жүйесінде басты өзегі отбасы болып танылады. Қазіргі таңда халықтардың болашағы көп жағдайда отбасының тәрбиесіне байланысты. Өкінішке орай соңғы жылдары өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен әлеуметтендіруде өзінің бұрынғы дәстүрін жоғалтуда. Біз отбасының тәрбие берудегі қызметін тарихи тәжірибеге сүйену арқылы ғана балалардың бойында ерекше адамгершіліктік сапаларын қалыптастыра аламыз, олар – еңбексүйгіштік, өзінің отбасына берілгендік, адамгершіліктік, мейірімділік, жанашырлық және тағы басқалары. Сондықтан, отбасындағы ұрпақтар жалғастығының механизмін, оның педагогикалық потенциалы мен ресурстарын, оның рухани байлықтарын және адамгершіліктік құндылықтарын зерттеу аса өзекті.

Отбасылық-туыстық дәстүрлер, салттар мен ырымдар, ана тілі өсіп келе жатқан жас ұрпақта жақсы адами қасиеттерді қалыптастыра алады. Отбасылық-туыстық қарым қатынастар өзінің ерекшеліктерімен Қазақстан аумағының түрлі өңірлерінде ерекшелене отырып, қазіргі күнге дейін жалғасын табуда. Олар келесідей: ата-бабның дәстүрлері мен салттары отбасылырында белгілі бір рөл атқаруын жалғастыруда; отбасындағы отағасы беделінің ерекшелігі; отбасындағы ер адамның ата-анасының рөлі; көптеген отбасындағы ана ошақтың сақтаушысы ретінде қабылдануы; отбасындағы құрылымның әлдеқайда тұрақтылығы.

Қазатардың отбасылық құрылымының берік және тұрақты болуы. Олар үшін бала өмір бойына және аса құндылығы жоғары болып аналады. Мысалы, «Бала –бауыр етін» – дегенменде түсіндіріледі. Егер адам көп баланы асырап, олардың өмірде өз орындарын табуы, яғни, жеке-жеке отау құруы, ол өзінің міндетін орындағаны болып саналады. Қазақ даласында өскен адамға тән белгілердің бірі – артында ұрпақ қалдыру, сол ұрпағының дұрыс жетілуіне қамқор болған, баланың тәрбиесіне, ешкімнен кем болып өспеуіне жағдай жасау арқылы, оның рухани және материалдық мәніне назар аударған. Оны көріп өскен бала да ертең сол әкесінің ісін қайталауға тырысады, бұл жақсы өнеге осылай ұрпақтан ұрпаққа жалғаса береді.

Халық педагогикасы жеке адамның қалыптасуында, әкенің ұлды тәрбиелеуде ерекше мәнге ие, оны халық арасында «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» – деп, бірақ түйіндеген. Отбасындағы құндылық бағыттары мәдени дәстүрлерді, тәжірибелерді игеруге көмектеседі.

Қазақ отбасында ертеде неке құру жағдайына ерте уақыттан психологиялық және тәжірибелік тұрғыдан дайындалған. Оған «он үште отау

иесі», «бал кезінен айттыру», «бесік құда» – деген ұғымдар дәлел бола алады. Бұған қыз баланы, ұл баланы да тең тәрбиелеген. Қыз баланы ертеңгі ошақ басының иесі, ал ұлды болашақ отбасының отағасы ретінде тәрбиелеген. Соңғы жылдары көп балалы отбасыларында әдетте, тәрбиешінің қызметіне балалардың үлкені де қоса атқарады. Ол өз кезегінде өзінен кіші іні-қарындастарына жаман үлгі көрсетпес үшін жүріс-тұрысына, мінез-құлқына сақтықпен қарайтын болады. Бұл жағдайдың ерекшелігін педагог В.А. Сухомлинскийдің «Адам басқа адамды тәрбиелеген кезде, өзі сол уақытта нақты тәрбиеленеді»⁴⁸ – деген сөзі дәлелдей түседі.

Қазақи отбасында барлық уақытта да ата-ана мен туыстық, рулық, тектік, одан қалды жүздік байланыстар ерекше құрметтелді, айрықша мән берілді. Ал ата-ана үшін бірінші кезекте бала тұрды. Әке де ерекше құрметтелді (тегі текті, текті жерден шыққан – деген ұғымдар бар). Атананың еркі мен айтқандары бала үшін заң болып, бұлжытпай орындалды. Отағасы барлық жерде ер адам болды, елдің, рудың алдында жауаптылық алып, балалар мен жастардың тәрбиесі мен мінез-қылықтарына жауап берді.

Қазақстан Республикасында ұстамдылық факторлардың бірі әлеуметтік бақылау болған. Ол туыстық негізде құрылды. Туыскандық факторлар әлеуметтік бақылаудың объектісі мен субъектісі арасындағы ерекше әлеуметтік-психологиялық қатынастарды құрайды. Бұл қатынастардың мазмұны ерекше бай, олар адамға ерекше құндылықтарды ұсына алады. Бірақ соңғы жылдары республикадағы туыстық институттары белгілі бір өзгерістерге ұшырады, десек те, оның ішінде өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеуге қажетті мүмкіндіктер бар.

Республикадағы құқық бұзушылықтарды ескертуде тәрбиелеудің ерекше құралына қоғамдық пікірді де атауға болады. Аданың санасы мен сезіміне тікелей қатысты, оның мінез-қылығына тікелей немесе жанама әсер ете алатын, әлеуметтік мәні бар, құбылыстарға қатысты бағалаудың жиынтығын құрайтын қоғамдық пікір. Қоғамдық пікірдің тиімділігі көп жағдайда бағытталған адамның моральдық қабылдауының даму дәрежесіне қатысты болады. Қоғамдық пікір мен құқық бұзушылықтардың арасындағы айырмашылықтар салыстырыла отырып қарастырылады. Қазіргі таңға дейін әлеуметтік қадағалаулар жеке және қоғамдық негізде үлкендермен жүзеге асырылады, олар: үлкендердің ақыл-кеңестері, ауыл ақсақалдары, тәлімгерлік және тағы басқалары.

Қазақтың әдет-ғұрыптарында қария-ақсақалдарға әсіресе оңтүстік өңір-

⁴⁸ Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. — М, 1971.

лерде үлкен мән береді. Олар кез-келген дауларда билік айтып, ескі салт-жоралғылардың сақтаушысы болып саналады. Әлі күнге дейін қарттар мен қарияларға деген құрмет өзінің мәнін жоғалтпауда.

Қарттар мен ақсақалдардың алдында кішіпейілдік таныту далалық психологияға тән құбылыс, ол адам бойындағы адами қасиеттерді арттыра түседі. Қазіргі кезеңнің өзінде отбасының тұтас болып, нығайуына үлкендердің беделі ерекше рөл атқара алады.

Қазақстан белгілі бір деңгейде әлемдік қоғамдастықтың кіші түрі іспеттес. Осынша байтақ жерімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тату өмір сүріп жатқан жағдайы бар. Барлығының тілдерін дамытуға, қолдануға, жазу-сызуға конституциялық негізде рұқсат берілген, және олар өздерінің орталықтарында қолдау тауып, өздеріне тән мәдениетін, өмір сүру салттарын ұстана алады. Қазақстанда батыстық және шығыстық өрекеніет, славяндық және арабтық мәдениет, мұсылмандық мен христиандық, тіпті буддистік діндер де қолданылады.

Тәжірибе көрсеткендей ұлттық тамырын жоғалту адамның адамшылықтан кетуге, менменшілдік пен өзімшілдікке, отанынан безінуге әкеліп соғады және қалыптастырады. Оның дәлелі ретінде өмір тәжірибесінің жетіспеуінен және өзін азат қалыптастыруда ұлттық үлгі-өнегенің жетіспеуінен басқа адамдардың жеке басын аяқ асты ете отырып, күш қолдануға дейін баратындығын атауға болады. Оның бір шеті қазіргі мектепте, жоғары оқу орындарындағы, қоғамдағы түрлі қақтығыстар мен келеңсіздіктердің салдары жеке тәрбиенің төмен болуына әкеліп тірейді.

Халықтық педагогика тәрбиешілерді дайындауда орасан тәжірибеге ие. Ұлттық педагогикалық тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа жалғастығын республиканың педагогикалық оқу мекемелерінде студенттердің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық ғылыми-зерттеулік институттарын құру арқылы қол жеткізуге болады. Мұндай ұйымдар Қазақстанның мемлекеттік педагогикалық университетінде болашақ мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби дайындықтарын жетілдіруде өнімді қызмет атқаруда. Тек ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапқан халық тәжірибесі мен ғылыми педагогиканы ұтымды үйлестіре білген, отбасылық және қоғамдық тәрбиеде халықтық әдіс, тәсілдер мен оның қыр-сырын терең меңгерген педагогтар ғана мектептің, ата-аналардың және өндірістік ұжымдарында саналы педагогикалық білімдерді тасымалдаушылар саналып, қоғамда жалпытанылған беделге ие бола алады.

Жоғарыда аталғандарды түйіндейтін болсақ, халықтың салт-дәстүрлері мен жоралғылары адагершілікті дәріптеумен тікелей байланысты, оның ұлттық психикасы қоғамдық қарым қатынастарды реттеуде белгілі бір қызмет атқаруға негізделген. Сондықтан, қылмыстық құқық бұзушылық-

тардың алдын алуда ұлттық салт-дәстүрлердің бай тәжірибесін зерделеудің қажеттілігі туындайды. Жасөспірім құқық бұзушылықтарды қайта тәрбиелеуде қоғамда беделі, қажетті тәжірибесі бар, адамдарға жеке қарауына, тәрбиеленуіне мүмкіндігі бар адамдарды тарту назарға алынса.

Құқықтық нормалар мен салт, дәстүрлер және басқа да түрлерімен қылмыскерлерге әсер ету – мемлекеттің де, соған қоса қоғамның да шараларының беделі мен тиімділігін арттыра түседі.

3.4 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы виктимологиялық шаралар

Аталған тақырыптағы қылмыстық құқық бұзушылықтың еліміздегі өткен 2021 жылғы сандық көрсеткіштеріне назар аударсақ, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2021 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша келесідей құқық бұзушылықтар тіркелген. Барлығы: кәмелетке толмағандарға қатысты – 2224, оның ішінде оқушыларға қатысты – 2080. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (ҚР ҚК 132-б.) бойынша – 12, (ҚР ҚК 134-б.) – 2⁴⁹.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінде виктимологиялық алдын алуға және қоғамда адамгершілік ахуалды оңалтуға ерекше назар аудару керек. Ол үшін кәмелетке толмағандардың тәрбие, білім беру жұмыстарын жетілдіріп, отбасына әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық көмек беріп, маскүнемдіктің, нашакорлықтың және жұмыссыздықтың алдын алған дұрыс.

Көршілес отбасын, оның мүшелерін зерттеу қажет. Олардың теріс қылықтарын қадағаламаса жасөспірімдерді маскүнемдікке, есірткі тұтынуға, құмар ойындар ойнауға, паразиттік өмір салтын ұстануға немесе моральға жат өмір салтын сүруге әсер етуі мүмкін. Алдын алу шараларына отбасы-тұрмыстық жағдайындағы жан-жалдарды шешуге де жатқызуға болады, себебі, ондай жағдайларда отбасының ересек адамдарымен кәмелетке толмағандарына зиян келтіруі мүмкін. Алдын алу шараларын таңдап алу нақты жан-жалдық жағдайға және ішкі істер органдарының мүмкіндігіне байланысты болады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері теріс қылықты отбасымен алдын алу шараларын дереу, уақытында, яғни отбасында және тұрмыста ересектердің агрессивті мінез-құлық

⁴⁹ Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2021 жылдың 12 ай қорытындысы.

көрсеткені жөнінде ақпараттар алған уақыттан бастап қимылдауы тиісті.

Жан-жалды отбасылардың тізімін жасау және олармен түзету жұмыстарын жүргізуді қажет ететін мәліметтер базасын құруды жолға қою керек. Кәмелетке толмағандардың ісімен шұғылданатын құрылымдар денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік көмек көрсету органдарымен бірлесе отырып қолайсыз отбасыларын уақытында анықтап, есепке алу жүйесін құруды жүзеге асыру қажет. Еліміздің Оқу-ағарту министрлігі Қазақстан Республикасының ПМ мен Денсаулық сақтау министрлігімен біріге отырып, кәмелетке толмағандардың тарапынан құқық бұзушылықтар болып, ата-аналардың бала тәрбиесінен жалтарған деректерін анықтау үшін педагогтар ұжымы, медициналық мекемелер мен құқық қорғау органдары арасында өзара ақпараттану үшін бірыңғай жүйе құрып, оны жүзеге асыру керек. Бірақ, отбасыларды тәрбиелеу мүмкіндіктері оның құрылымынан, материалдық қамтылуынан, тұрмыстық жайғасуынан ғана байланысты емес, көп жағдайда, отбасының жалпы адамгершіліктік және эмоцияналдық жағдайынан да болатыны ескеріледі.

Отбасындағы зорлық көрсетуді кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі қылмыстық істер материалдарынан кездестіруге болады. Кәмелетке толмағандармен жасалған адам өлтіру жөніндегі қылмыстық істерді зерттегенде аталған санаттағы адам өлтірушілер қылмысқа дейін өздерінің құрбандары (көп жағдайда әкелері, өгей әкелері немесе басқа да туыстары, бірге тұратын басқа да адамдар) арасында ұзақ уақыт жан-жалдық қарым қатынаста болғандығын куәландырады. Аталғандардың ішінде әрбір төртінші отбасында кәмелетке толмағандарды құрбандардың өздері азғырған.

Теріс жолға түсуге тарту кәмелетке толмағандардың арасында да болады, олар жоғарыда аталғандай маскүнемдікке, есірткі тұтынуға, құмар ойындар ойнауға, паразиттік өмір салтын ұстануға немесе моральға жат өмір салтын сүруге әсер етеді. Бұл адамдар адагершілік пен құқық нормаларына қарсы тәсілдерді үйретіп, өзін ренжіткен адамға материалдық және физикалық шығын, зардап келтіруді, отбасында және тұрмыста туындаған мәселелерді шешудің қалыпты жолдары ретінде азғырып, отбасылық құндылықтарды сыйламауға, отбасы мүшелеріне, туыстарына, жақындарына, көршілеріне немқұрайлы қарауға және т. б. теріс қылықтарға үгіттейді. Мұндай жағдайларды болдырмау мен жолын кесудің амалдары аталған адамдарға қатысты тәрбие жұмыстарын жүргізу, оларға қатысты әкімшіліктік жаза қолдану және қоғамдық әсер ету болмақ.

Отбасы әлеуметтік институт ретінде кез келген қоғамның іргетасы болғандықтан кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық ескерту амалдарымен жүзеге асырған дұрыс.

Бұл шаралар адамның алғашқы әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуына, мәдени құндылықтарды игеруге және өзін өзі қорғау тәжірибесін жинақтауға, өмір сүрудің қалыпты шарттарын игеруге және адамның алғашқы қажеттіліктерін жүзеге асыруға бейімдейді. Әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құру кезеңдерінде отбасының рөлі ерекше өсе түседі: қоғам бүлінген кезде, отбасына «үлкен қоғамнан» қауіп төнгенде көмелетке толмағандар «кіші қоғамнан» қорған іздейді, бұл жағдайда олар қоршаған ортасынан емес, бірінші кезекте отбасынан тірек, үміт күтеді.

Отбасының тәрбиесі ең басты, ұтымды тәрбиенің бірі болып саналады. Отбасындағы жақындары, туыстары жас ұрпақты тәрбиелеуге қатысты, басқа әлеуметтік тұрғыдан қадағалаушы, тәрбиелеуші субъектілерге қарағанда әлдеқайда тиімді жағдайда. Туыстық қарым-қатынастар психологиялық тұрғыдан сенімділік пен өзін еркін ұстауға, ашықтыққа жол ашып, көмелетке толмағандарды тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық отбасылық тәрбие тарихи тұрғыдан қалыптасқан, басқа халықтарда жоқ ерекшеліктерге ие, ол көптеген қазақ отбасында қазіргі күнге дейін жалғасын табуда: өзіндік тұрмыс, туысқандық сезім, тұрақтылық, жеті ата жалғастығы, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген жылы қарым қатынас, рухани қызығушылықтарының біртұтастығы және т. б. Халқымыздың тек тарихи өткен жолына сүйене отырып қана, бабалар жолымен жас ұрпақтың бойында келесіде адами сапаларын қалыптастыруға болады, мысалы, еңбексүйгіштікке, отбасына берілгендікке, адамгершілікке, мейірімділікке, естілікке және басқа да толып жатқан баға жетпес асыл қасиеттерді бойларына дарытуға болады.

Қазақтардың отбасылық тәрбие жүйесінің дәстүрлі негізіне жоғары адамдық, қажетті талаптар қоя отырып баланың жеке басына деген құрмет, ата-аналардың үлгі-өнегесі, адами, еңбек, дене тәрбиесінің кешенді шешілуі, баланы тәрбиелеу үдерісінің жүйелілігі мен бірізділігі жатады.

Отбасылық тәрбиеде балаларды тәрбиелеуде үлкенді, ата-ананы, қыз балалар өкілдерін сыйлап, құрмет көрсету, ар-намыс пен парыз сезімдері, адалдық, қарапайымдылық және т.б. ерекше қасиеттерді бойларына сіңіріп, бекітті. Бұлардың барлығы қазақтардың тәрбие беру үрдісінде адамның адами қасиеттерін жоғарлата түсіп, далалық мәдениет жағдайында достыққа және өзара қамқорлық, қонақжайлық сияқты дәстүрлерді бекіте түсті.

Ата-бабаның ұрпақтан ұрпаққа қалдырып кеткен тәрбие берудің сан алуан әдістері, түрлері, құралдарын замнауи кезеңде ұтымды пайдаланған дұрыс деп санаймыз.

Отбасы адамның қалыптасуындағы басты әлеуметтік жүйе болғандықтан, көмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың

виктимологиялық алдын алуда басты субъектілердің бірі болып табылады. Сондықтан, отбасын барлық әлеуметтік-экономикалық дағдарыстардан қорғай отырып, олардың өздерінің тікелей қызметтерін толық атқаруға жәрдемдесу қажет.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат өмірінде дайындап, жүзеге асыруда жас ұрпақты тәрбиелеу институты ретінде отбасының рөлін анықтау қажет. Осының негізінде қоғамның экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістерін есепке ала отырып, отбасыларын дамытудың тұжырымдамалары мен бағдарламаларын жасап шығару керек. Бұл жерде отбасы әл-ауқатының деңгейі тікелей қоғамдық жағдаймен тікелей байланысты екенін ұмытпаған жөн.

Бұл бағыттарды ұтымды алға жылжыту үшін министрліктердің, ведомстволар мен органдардың өзара әрекеттестігін, нақты мәселелерді шешуде арнайы бағдарламаларды кеңінен қолдануды, барлық қаржы көздерінің ресурстарын біріктіруді, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарды күшейтуді талап етеді. Аталған әдістерді жүзеге асыру, түрлі типтегі қажеттілікке зәру отбасыларына көмек пен қолдау түрлерін және адресілік пен бағыттылығын қамтамасыз етеді. Ол үшін нақты отбасыларымен тәжірибелік жұмыстарды талап ету, балалары бар отбасыларымен қоса, тұрғындарға (әлеуметтік қызметтер) қызмет көрсету бойынша әлеуметтік мекеме тораптарының кең таралуын болжайды. Балалары бар отбасыларына әлеуметтік көмек беру бойынша республикалық саясаттың түрлері жәрдемақы төлеу, жеңілдіктер беру, төлемақылар белгілі бір кішігірім стандарттарды ғана қамтып қоймай, қосымша басқа да аумақтық бағдарламалармен қамтылуы тиісті. Аймақтық бағдарламаларда отбасы категорияларының ерекшеліктерін және нақты қажеттіліктерін кең көлемде есепке алуға болады. Мұндай отбасына көмек беру тәсілдері кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық алдын алуға жағдай жасайды. Берілген көмектің адресілігі мен бағыттылық қағидасын жүзеге асыруда, аймақтағы туындаған жағдайдағы құзыреттіліктер есепке алына отырылып жергілікті өзін-өзі басқару органдары араласуы керек.

Тұрғындарға қолдаудың белсенді әлеуметтік түрлерін енгізуде өзінің әл-ауқатын өз бетімен қамтамасыз етуді жүзеге асырушы отбасылар (бұндай қолдауды қажет ететін отбасыларды анықтауда, қажетті ақпараттар жинақтауда, ақпараттандыру, еңбек белсенділігін арттыру мақсатында қажетті дайындықты және қайта даярлықты алуға көмек беру) кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар санының азайуына көмектеседі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда виктимологиялық

зерттеулердің мәнін атап өткен дұрыс. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық зерттеудің міндеттері келесідей: а) кәмелетке толмаған тұлғалардың виктимділігінің бар (жоқтығын) анықтау; ә) ересектердің сондай қылмыстық құқық бұзушылықтарындағы виктимділігі мен витимизациялық ерекшеліктерінің бар (жоқтығын) анықтау; б) жәбірленуші «кінәсі» мен қылмыс субъектісінің кінәсі арасындағы, соған қоса, криминология аспектісі тұрғысынан құрбанның виктимділік дәрежесі мен қылмыскер жеке басының бұзылу дәрежесінің арасындағы тәуелділікті анықтау және негіздеу; в) кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық алдын алуды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Біздің қарастырған ережелеріміз кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды виктимологиялық алдын алу шараларының бірнешеуін атап өтеді. Біз заң әдебиеттерінде жалпы елдің көлемінде виктимологиялық мәліметтер бере алатын арнайы сауалнама жүргізуді енгізу, соған қоса, қылмыстың құрбаны туралы, олардың ғылыми негіздемесі немесе виктимолографиясы бар арнайы статистика құру жөнінде айтылған пікірлермен толық келісеміз.

Кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктері қиын объективтік жағдайларда жан-жал тудырудың өзіндік қайнар көзі ретінде танылатындығы аталып өтілген. Мектептерде және отбасыларында виктимділік, жанжалдық жағдайларды төмендету мақсатында балаларды қақтығыстану негіздерін оқыту қажет, яғни, қақтығыстық жағдайлардан шығуға көмек болатын, өздерін дұрыс ұстау, ондай жағдайдан шыға алмаған кезде ең бастысы, аз шығынмен «шығу» әдістерін үйрету; оқу орындарында қандайда жағдайда өзін өзі дұрыс ұстау жөніндегі ұсыныстары, күш қолдану түрлері жөніндегі және одан қорғану туралы, балалар құқықтар, күш қолдану әрекеттерін жасағаны үшін жауаптылық шаралары, көмек алуға болатын пункттердің (кеңес алудың) орындардың мекенжайлары, телефондары бар буклеттер, ескерпелер тарату.

Шыркы бұзылған топтардың қатарына жататын отбасылардың мәліметтерін құрайтын тізімдеме құру. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша құрамдардың денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік көмек беру органдарымен біріге отырып, сәтсіз отбасыларын уақытында анықтау және есепке алу жүйесін құру маңызды. Оқу-ағарту Министрлігі Қазақстан Республикасының ПМ және Денсаулық сақтау Министрлігімен біріге отырып кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілерін және балаларды тәрбиелеуден жалтарған ата-аналар жөнінде педагогикалық ұжымдарда, медициналық мекемелерде және құқықтық органдарда өзара ақпараттар алмасу жүйесін жасап, оны іске асыру.

3.5 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы қылмыстық-құқықтық шаралары

Кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне қарай және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне қарай құқықтарын қорғау әкімшіліктік, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық және қылмыстық-атқару заңнамаларының мазмұнындағы ерекше нормалар арқылы жүзеге асырылғады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты күш қолдануды ескерту бойынша қызметті реттеу – кәмелетке толмағандарды қорғау тұжырымдамасы болып, оның құқықтары өзінің құқықтық және ұйымдастырушылық процедураларының тиімділігін отандық заңашығарушылық пен құқық қолдану тәжірибесіне енгізіліп, дәлелденген болуы тиіс. Оның негізгілері болып саналатындары: а) отбасындағы күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтардың жоғары жасырындылық деңгейі мен балаларға қаталдықпен қарауды болдырмау; ә) жәбірленушілердің қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету, қорғау туралы сот өкімдерін қарау және реттеу; б) кәмелетке толмағандарды қорғауда және олардың тұрмыстық күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты құқықтарын қорғауға мүмкіндіктері бар мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтердің әлеуметтік шындыққа қажеттіліктеріндегі және нақты санының арасындағы қайшылықтарды төмендету; в) кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар ісі бойынша және оларға қарсы отбасылық сот аясында аралас (қылмыстық, азаматтық, отбасылық) юрисдикция кешенін құру.

Кәмелетке толмағандардың қалыпты дамуын қорғау жоспарында қылмыстық заңнаманың маңызы орасан. Кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғайтын қылмыстық-құқық нормаларын жетілдірудің мақсатында осы мәселені зерттеген көптеген зерттеушілер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне кейбір өзгертулерді енгізуді ұсынады. Қазақстан Республикасы ҚК 132-б.3-б. және 133-б. 3-б. саралаушы белгілері ретінде «екі не одан да көп кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін» - деген сөз тіркестерімен толықтырғанды жөн санаймыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде отбасылық қатынастарды реттеуімен байланысты кәмелетке толмағандардың қалыпты дамуына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару (ҚР ҚК 139-бап),

кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бап), балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау (ҚР ҚК 141-бап).

Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ҚК 140-бап) немесе тиісінше орындамау дегеніміз оларға заңмен, сондай-ақ заңға тәуелді ведомстволық нормативтік актілерімен, ал мекемелер мен басқа орындарда ішкі тәртіп ережелерімен жүктелген міндеттерді орындамау, не немқұрайдылықпен орындау болып табылады. Аталған міндеттерді орындамау аталған адамдардың осы міндеттерді орындауға нақты мүмкіндігі бола тұра, ешқандай әрекет жасамауы кезінде бұл айып орынды деп саналады. Кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тартудың міндетті шарты – балалар мен жасөспірімдерге қатап қатыгездікпен қарау.

Кәмелетке толмаған балаларға қатап қатыгездікпен қарау деп – баланы азапқа салу, зардап шеккізу, жәбірлеумен қорқыту, соққыға жығу, еркін жүруден айыру, тамақ, киім және т. б. айырумен сипатталады⁵⁰.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 140-бабының белгілерін саралағанда «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау» Қылмыстық, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы, Әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы кодекстер үшін ортақ. Аталған бапқа тәжірибеде қолданылуына талдау жүргізудің нәтижесінде бұл қылмыстық құқықтық норма қазіргі уақытта тіптен жұмыс істемейтін болып отыр.

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде, қандайда бір республикалық немесе халықаралық нормативтік актілерде аталған тәрбиенің шекарасын нақты анықтап бермейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бұл анықтамамен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықты қарастырады.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамауда, міндеттерін тиісінше орындамаудың шекарасын нақтылау керек, немесе оңайы, баптың диспозициясынан аталған терминді мүлдем алып тастап, «балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамау» – деп, қалдыру керек деп

⁵⁰ Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007.

санаймыз.

Қазақстан Республикасы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 75-бабын (Ата-ана құқықтарынан айыруды) қолдануда құқықтық салдары Қазақстан Республикасы ҚК 140-бабын қолданудан әлдеқайда тиімді болып табылады, тиісті органдардың және соттардың қызметкерлері қылмыстық құқықтық норманы қолданғаннан гөрі, жиі алдыңғысын қолданады. Ата-аналарға қатысты әкімшіліктік әсер ету шаралары (ҚР ӘҚБК 127-бап) қажетті нәтиже бере бермейді, яғни, баптың санкциясында он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу қарастырылған. Әдетте шырқы кеткен отбасыларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары төмен кірісті болып, салынған айыппұлды төлеуге дәрменсіз болады және ол отбасындағы балалардың жағдайын одан сайын төмендете түседі.

Баланың тәрбиесі бойынша өзінің міндеттерін орындамау, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін әлдеқайда бұзады және жеке қылмыстың құрамын құрай алады. Заңшығарушының белгілеуі бойынша тәрбие жұмысы бойынша өзінің міндеттерін орындамағанын кәмелетке толмаған балаға қатал қараумен (балаларға күш көрсету немесе оларға психикалық қысым жасау немесе жыныстық пәктігіне қастандық жасау ғана емес, тәрбиелеу ісінде жол беруге болмайтын тәсілдерді де қолдану (балалардың адамгершілік ар-намысын таптау, балағаттау немесе жат қылыққа пайдалану) тәрізділер балаларға қатыгездікпен қарау болып танылады) байланыстыра отырып, жауаптылықты қарастырады, бірақ бұл біздің ойымызша сәтсіз құрылған. Сондықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің 2-тарауында 140-баптың 2-бөлігінде «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты педагогтің немесе оқу, тәрбиелеу, емдеу мекемесінің немесе кәмелетке толмаған адамды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге мекеменің басқа да жұмыскерінің кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан орындамауы немесе тиісінше орындамауы»⁵¹ – деп қарастырады. Кейбір авторлар Қазақстан Республикасы ҚК 140-баптың 2-бөлігінде «кәмелетке толмаған адамға қатыгездік танытуымен ұласқан» – дегенде, қатыгездіктің субъективтік жақтарын атап түсіндіруді қалайды.

Қатал қараудың ұғымы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» нормативтік № 4 қаулысында қаралған. Онда балаларға күш көрсету немесе оларға психи-

⁵¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2014.

калық қысым жасау немесе жыныстық пәктігіне қастандық жасау ғана емес, тәрбиелеу ісінде жол беруге болмайтын тәсілдерді де қолдану (балалардың адамгершілік ар-намысын таптау, балағаттау немесе жат қылыққа пайдалану) тәрізділер балаларға қатыгездікпен қарау болып танылады дейді. Бірақ, бұл жерде балалардың құқықтары бұзылғанымен, қылмыстық жазаланатын болып танылмайды. Кәмелетке толмағандарға қатыгездік танытқан жағдайда келесідей салдарлар туындауы мүмкін, мысалы, кәмелетке толмағанның денсаулығына белгілі бір дәрежеде зиян келуі. Егер кәмелетке толмағанға қатысты қатыгездікпен қарау яғни, субъектінің жан күйзелісі мен азап шегуіне бағытталуы жүйелі түрде болатын болса, ол онда тек кәмелетке толмағанның денсаулығына ғана емес, соған қоса, оның дамуына және әлеуметтенуіне де теріс әсер етеді. Кәмелетке толмағандарға қатыгездікпен қарау немесе оларға қатысты күш қолдануды баптың саралаушы белгілері ретінде қарауды ұсынады.

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасы ҚК 2-тарауында 140-1-бап ретінде балаларға қатыгездікпен қарағаны үшін жауаптылық қарастыратын жеке бап қосу қажет. Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік танытқан жауапкершілікке тартылатын адамдардың шеңбері ҚР ҚК 140-баптың диспозициясында анықталғандай тек, арнайы субъектілермен ғана шектелмеуі тиісті. Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік танытқан ата-аналар немесе қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын адамдар ғана жауаптылыққа тартылмай, соған қоса, аталған әрекетті жасаған кез келген ересек адам да жауаптылыққа тартылуы қажет.

Ата-аналар және қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын адамдар балалардың алдында нақты үстемдікке және билікке ие, егер олар өздерінің биліктерін баланың мүддесіне емес керісінше қолданса, онда аталған адамдардың әрекеттерін қылмыстық деп танып, жиынтықпен саралаушы белгі ретінде қарастырған дұрыс. Мысал ретінде, Қазақстан Республикасы ҚК 132, 133-баптардың 3-тармағын қарауға болады. Баптың сараланған және ерекше сараланған белгілеріне біздің ойымызша, кәмелетке толмағанға қатысты қатыгездік танытқан кезде оның салдары ауыр зардаптарға, денсаулығына ауыр, ауырлығы орташа зиян келтіргенде немесе абайсызда кәмелетке толмағанның өліміне әкелгенде тануға болады.

Балаларға қатысты қаталдық танытудың кеңінен таралуы ата-аналардың немесе қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын адамдардың баланың тәрбиесі мен мүддесінде қандай әсер ету шараларының қолданылатындығы немесе қандай әрекеттер жасауға болмайтындығы жөнінде білмейтіндігінен болатынын атауға болады. Бұл

жерде тұрғындардың құқықтық мәдениетінің төмендігі, балалардың құқықтарын қорғайтын және күш қолданушыға қатысты міндетті жаза қолданылатындығы жөніндегі заңнамалық нормаларды қажетті дәрежеде білмейтіндігінің үлкен мәні бар екенін де ұмытпауымыз керек.

Ересек адамдар кәмелетке толмағандарды есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартуға бағытталған жоғары әлеуметтік қауіпті әрекеттерін ерекше назарға алу орынды. Кейбір авторлардың айтуы бойынша балаларды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға азғырғаны үшін де жауаптылыққа тартқан дұрыс. Отбасының мүшелері мақсатты түрде өзінің туыстарына қылмыстыққа үйреткенде, оған тиісті негіздер болғанда қылмысқа азғырған және қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тартқаны үшін жауаптылыққа тартылатын болса, кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға әкелетін, кәмелетке толмағандардың қоғамға қауіпті мінез-құлықтың қалыптасуына жол берген ата-аналар, баланың тәрбиесіне жауап беретін басқа да адамдарға қатысты қылмыстық жауаптылық қарастыру қажет.

Кәмелетке толмағандарға қатысты дін мәселесін қарау да қажетті шаралардың бірі, дәлірек атағанда, жастардың санасына теріс әсер ететін түрлі жаңа бағыттағы жалған дін ағымдары мен секталардың зардабы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексінде нақты кәмелетке толмағандарды теріс дін ағымдарына қатысты оқыту, тарту жөнінде бап қарастырылмаса да, осы кодекстің 132-бабында, қазіргі қолданыстағы кодекстің 133-бабында «Кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды пайдалануға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді бірнеше рет пайдалануға не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту» – деп жалпы атайды. Біздің ойымызша, осы бапта қазақстан аумағында тыйым салынған теріс ағымды дінге қатысты тарту мәселесін нақтырақ қарастырған дұрыс.

2005 жылы 18 ақпанда Қазақстан Республикасының «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» заңы (өзгерту толықтыруларымен) және 2011 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданды. Екінші заңда «Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті»⁵² – деп, қана кәмелетке толмағандарға

⁵² Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» № 483-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>

қарсы әрекеттерді қарастырады. Соған қоса осы заңда «Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қорқыту жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді» – деп, тыйым салынған дін, оның ағымдарын былай қойғанда, рұқсат етілген дін ұйымдарының заңсыз әрекеттерін қарастырған. Біздің ойымызша бұл жеткіліксіз. Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасында кәмелетке толмағандардың рухани және адами дамуына қол сұғушылықтан қорғайтын бірде бір норма қарастырылмаған. ҚР 141-бабы, «Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау» тек кәмелетке толмағанның денсаулығы мен өмірін ғана қарастырады. Баптың 1-бөлігін «Жас баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, рухани және адамгершіліктік қалыпты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді қызметі бойынша осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындайтын немесе мұндай міндеттерді өзіне ерікті түрде алған адамның тиісінше орындамауы, егер бұл жас баланың денсаулығына абайсызда ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса,» – деп толықтырса.

Бәріне белгілі, соңғы жылдары Қазақстан Республикасының аумағында заңмен тыйым салынған діндер мен олардың теріс ағымдары өздерін жаңа ағым, бағыт деп түсіндіретін, адамдардың санасы мен рухани бастандығына қол салатын, теріс әсер беретін, оның ішінде әсіресе жас буын өкілдеріне залал келтіретін, мемлекеттің саясатына қарсы келетін дін ағымдары, бағыттары, секталар жетерлік.

Осы тектес балалар мен жасөспірімдердің қалыпты рухани және адами дамуына қатысты қол сұғушылықтардан сақтандыру мақсатында қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықтарды да барынша қолданған орынды. Осыған байланысты, қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне кәмелетке толмағандарды әрекеттерінде әлеуметке қарсы сипаты бар немесе солардың әрекеттерінде кәмелетке толмағандардың қалыпты дамуы мен денсаулығына елеулі зардап келтіретін діни топтарға және ұйымдарға тартқаны үшін жауаптылық қарастыратын норма енгізу қажет деп санаймыз. Сондай-ақ, біздің ойымызша, жоғарыда аталған әрекеттерді кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе заң бойынша оларды тәрбиелеуде жауапты болып саналатын басақа да адамдардың тарапынан болған жағ-

дайда тиісінше жоғары жауаптылық қарастырған қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында кәмелетке толмағандарды экстремизм және терроризммен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға тартуды ескерту өзекті проблемалардың бірі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 259-бабының (Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаруландыру) 2-бөлігінде «Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған дәл сол іс-әрекет»⁵³ – деп, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты терроризм мен экстремизмге бағытталған әрекет бір нормада ғана қаралған. Біздің ойымызша, кәмелетке толмағандардың адами және рухани қалыпты дамуына қол сұғатын әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылықты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің аталған тарауындағы басқа да нормаларында қарастырған жөн деп санаймыз.

Кәмелетке толмағандардың рухани және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңды мүдделерін қорғайтын, қорғаушы болып танылған халықаралық және отандық құқықта күн өткен сайын қажеттілік артуда. Бұл криминалдық құрылымдардың, діни ағымдар мен секталардың, бұқаралық ақпарат коммуникациясының, білім беру бағдарламалары мен әдістемелеріндегі бүлінуге әкелетін сипаттағы материалдарды кәсіби сауатсыз құрушылар тарапынан жасөспірімдерге жаппай ақпараттандырумен, қоғамға қауіпті әрекеттердің дәстүрлі емес, жаңа түрінің пайда болуымен байланысты.

Қазіргі таңда елімізде кәмелетке толмағандарға әлеуметтік қажетсіз ақпараттардан сақтандырудың мәселесін шешетін концептуалдық және әдістемелік базасы жоқ. Соған байланысты кәмелетке толмағандардың қалыпты дамуына залал әкелетін мәселенің бірі ретінде порнографияны атауға болады. Аталған бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылық балалар мен жасөспірімдердің психикасы мен адамгершіліктік дамуына теріс әсер еткен жағдайда ғана қауіпті деп қарастыруға болады. Осындай жағдайда ғана заңшығарушы басшылыққа ала отырып, эротикалық мазмұндағы материалдарды дайындағаны, жарнамалағаны және таратқаны үшін қылмыстық жауаптылық тағайындағаны дұрыс.

Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді дайындауға байланысты қоғамға қауіпті әрекеттерге тартқаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі, 2-тарауында 144-

⁵³ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

бабында қылмыстық жауаптылық қаралған.

Ал кәмелетке толмағандардың арасында эротикалық мазмұндағы материалдарды таратумен байланысты қоғамға қауіпті әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасында қылмыстық жауаптылық қарастырылмаған. Эротикалық мазмұндағы өнімдер мен материалдарды таратуға қарсы қолданылатын норманы жетілдіруде, тек аталған әрекеттер үшін ғана емес, соған қоса, эротикалық мазмұндағы материалдарды дайындау мен өткізуді қылмыстандыра отырып, кәмелетке толмағандардың арасында аталған заттарды таратумен теңестіре жауаптылықты күшейту — мақсатына қарамай кәмелетке толмағандардың бейнесі бар адагершілікке жат өнімдерді дайындау, сақтау, алып жүргені, жарнамалағаны үшін де жауаптылықты белгілеген орынды.

Сонымен, құқықтық жүйе кәмелетке толмағандардың қалыпты даму процесін толық қорғауы тиісті. Осы мақсатпен кәмелетке толмағандардың дамуы мен жеке басының қалыптасуына қол сұққаны үшін жауаптылықты күшейту қажет; соған қоса, кәмелетке толмағандарға қатысты ересектердің қылмыстылығы жөнінде кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшеліктеріне және кәмелетке толмаған құқық бұзушының ерекшеліктеріне қарай, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрестің әлеуметтік-құқықтық саясатының ерекшелігін есепке ала отырып жүзеге асырылатын мемлекеттік-конституциялық бағдарламаларды құру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытынды жасасақ Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мемлекеттік саясатын анықтауда, қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуін және құқық қорғау жүйесінің тиімді жұмыс атқаруын жетілдіру үшін ерекше мәнге ие болатын негізгі ережелер мен тұжырымдарға келеді.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулармен, нарықтық қатынаспен байланысты тұрғындардың басым бөлігінің моральдық және адамгершіліктік құндылықтарының бұзылуының салдары өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ерекше теріс әсер етті. Отбасындағы сәтсіздіктер, әлеуметтік жетімсіздіктің өсуі, балалардың қараусыз қалуы мен қаңғыбастығы, оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға жат, қарсы әрекеттер жасауға тарту жасөспірімдер ортасында келеңсіз жағдайлардың белең алуына жағдай жасайды.

Қазақстандағы нарықтық қатынас кезеңіне өту кезінде кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көлемі мен теріс әлеуметтік салдарын әрі қарай терең зерттеуді және қоғам үшін аса қауіпті, теріс құбылыстарды ғылыми тұрғыдан тануды, кәмелетке толмағандарға қатысты мемлекеттік саясатқа қажетті түзетулер енгізу мен қажетінше ұтымды ескерту шараларын енгізуді – яғни, жалпы әлеуметтік және әлеуметтік-криминологиялық деңгейде де өзгерістерді талап етеді.

Жүргізілген зерттеу ұсынылған гипотезалардың негізгі ережелерін дәлелдей отырып, келесідей шешімдер шығаруға жол ашады:

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстылық өзіне тән ерекшеліктерімен криминологиялық зерттеудің өзінше жеке объектісі болып табылады. Әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулардың кезеңінде (нарықтық қатынастарға өтудің жабайы түрі, әлеуметтену кезеңіндегі отбасындағы дағдарыстар, жаппай тұрақсыздық) кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үдерісін кешенді зерттеу кезеңінде сандық және сапалық өзгерістерінің жағымсыз сипатталуы.

Қоғамдағы болып жатқан жағымсыз өзгерістердің тәрбиелеу институттар ортасы арқылы кәмелетке толмағандарға, олардың жеке бастарына тікелей әсер етуі. Зерттеудің қорытындылары кәмелетке толмағандардың жеке басына негізгі жағымды институттардың тиімді әсерінің едәуір төмендегені жөнінде қорытынды жасай алады.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қарастырылған, қасақана, кәмелетке толған адамдармен немесе ата-аналарымен жасалған және

кәмелетке толмағанның физикалық даму кезеңінде рухани және әлеуметтік дамуына зиян келтірген құқыққа қарсы әрекет.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі қатарларына келесілерді бөліп қарауға болады:

- кәмелетке толмағандарға қатысты алдын алу қызметін жүзеге асыратын субъектілер арасындағы яғни, құқық қорғау органдары жүйесінде, процесс кезіндегі басқа министрліктер мен ведомстволар арасындағы да құзыреттіліктің шектерін анықтау;

- нарықтық экономиканың даму кезеңінде алдын алу қызметтерінің қолданыстағы әдістері мен тәсілдерін жетілдіру және жаңа түрін қалыптастыру, жергілікті аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып психологияның жетістіктерін пайдалану;

- іші істер органдарының қызметінде алдын алуды анықтау, ғылыми, құқықтық, ақпараттық, кадрлық және әдістемелік шаралардың қамтылуын талдау және жүзеге асыру.

Елімізде жүріп жатқан экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістерге байланысты отбасындағы және тәрбиелеу мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын жақсарту мәселесін өзектендіре түсу.

Көптеген отбасылары мемлекетте болып жатқан өзгерістерге қарай өздерінің тәрби беру әлеуетін жоғалтуда. Отбасының теріс әлеуметтенуі, отбасы мүшелеріндегі ересектерінің теріс үлгі-өнегелері отбасының кіші мүшелеріне әсер етіп, олардың бүлінуіне әкеледі. Отбасындағы теріс қылықтардың таралуы жасөспірімдердің әлеуметтік жатсынуына және қоғамдық өмірдің әлеуметтік жетімдеріне әкеліп, өмірдің қиындықтарына тап болады, оны шешудің оңай жолдарын іздейді, мақұнемдік пен нашакорлыққа салынады, болашағын жоққа шығарып, өмірлік құндылықтардан айырылады, соған қоса, жасөспірімдер арасында белсенді қылмыстануға ауысады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы құқыққа қарсы мінездердің түрлеріндегі жасөспірімдерді теріс қылық жасауға тартуға ықтимал, құқыққа қарсы әрекеттер мен заңдылықтардың арасындағы қырын анықтайтын қоғамдағы болатын адамгершіліктік құндылықтардың бұзылуымен байланысты.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мемлекеттік саясаттың нақты бағытталған және кезең-кезеңімен жүзеге асыру жолымен, әлеуметтік бақылаудың мемлекеттік тұжырымын жасау арқылы және жалпы білім беру мекемелерінде оқышулардың құқыққа қарсы қылықтарын ескерту арқылы ғана жүзеге асады. Мемлекет азаматтардың қауіпсіздігіне ең басты кепіл беруші ретінде өсіп келе жатқан жас ұрпақты сенімді қорғауға міндетті. Кәмелетке толмағандардың өмір сүру салты аясында криминалдың еніп кетпеуіне мемлекеттік деңгейде кедергі-

лердің болуы ерекше. Әлеуметтік бақылау жүйесін аумақтарда кезең кезеңімен құру мен тәжірибеде жүзеге асыру және кәметке толмағандардың қалыпты дамуына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мемлекеттің ең басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – қылмыстық құқық бұзушылықтарды болдырмаудың және басқа да құқық бұзушылықтардың себептерін туындататындарды жоюға бағытталған экономикалық, мәдени-тәрбиелік, ұйымдастырушылық, құқықтық және басқа да шаралар кешені. Ерекше рөлді кәметке толмағандардың өмір жағдайы мен әлеуметтенуін сауықтыруға; әлеуметке қарсы әсер етудің көздерін залалсыздандыру мен азайтуға; кәметке толмағандардың қалыпты дамуына теріс әсер ететін тұлғаларды жоюға бөлуі қажет етеді.

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мемлекеттік және қоғамдық институттардың қызметі жеке аумақтардағы криминогендік жағдайды, жеке аудандардағы заңдылықтарды, олардың әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып жүзеге асырғанда ғана ұтымды болуы мүмкін. Аумақтарда жағдайларға талдау жасаудың қорытындысы негізінде сол аумақта, тіпті мелекет бойынша да қылмыстылықты ескертудің көпдеңгейлі жүйесін тиімді құруға болады.

Кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу қиын жағдайда қалған, уақытша туысқандық немесе басқа да әлеуметтік байланыстарынан айырылған, күн көріс құралдарынан айырылған кәметке толмағандарға психолого-педагогикалық, құқықтық және қайырымдылық көмек беру бойынша оналту және уақытша тұрақтау әлеуметтік орталықтарын жетілдіруге көмектеседі.

Әлеуметтік саясат аясында балалардың мүддесі үшін әлеуметтік институт ретінде отбасын жан-жақты мықты қылып бекіту ерекше мәнге ие. Балалар үшін отбасын сақтап қалу, әсіресе ата-анасынан айырылған балалар үшін отбасын қайта қалпына келтіру кәметке толмағандар арасында қылмыстылықты ескертудің басты бағыттарының бірі болып саналады. Отбасына тиімді әсер ету кәметке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алумүмкіндігін ғана анықтамайды, соған қоса, отбасының теріс әсерлері бірнеше жылдардан кейін де әсерін қалдыратындықтан, жаппай қылмыстылықтың алдын алуды да қамтйды.

Оқушылардың қылмыстылығына қарсы тұруға бағытталған әлеуметтік шаралар жүйесінде ювиналды полиция құрылды, олар өз кезегінде кәметке толмағандарға қатысты әлеуметтік қызметтерін атқарады. Кәметке толмағандардың қалыпты дамуын қорғаудың ерекшелігі құқық қорғау

органдарының бірнеше қажетті мамандарды, жалпы тәрбиелік-алдын алу жұмыстарының кәсіби жүзеге асырылып, тиімділігін арттыру мақсатында жеткілікті штаттық қамтылуын талап етеді.

Жалпы кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша, олардың құқықтарын аумақтық көлемде қорғауға қатысты мемлекеттік жүйе жасап шығару, оның жүзеге асуын жоспарлау және қадағалауға алу қажет. Бұл жұмыстарда мемлекеттік жүйенің субъектілерімен қоса жастар ісі бойынша органдар мен мекемелер, мәдениет, дене шынықтыру, туризм, қайырымдылық және діни ұйымдары қатысулары керек.

Кәмелетке толмағандарға арналған баспаналар торабын құрудың қажеттілігі туындауда, олар қиын жағдайға тап болған, уақытша туыскандық, еңбек және басқа да әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан, күн көріс құралдарынан айырылған кәмелетке толмағандарға жаңа еңбектің түрін ұйымдастыру жолымен, жасөспірімдер айналыса алатын және алынған кәсіби-еңбек тәжірибелерімен қажетті психологиялық-педагогикалық, құқықтық, қайырымдылық көмектер көрсетер еді. Бұл әрекеттер жасөспірімдердің өзери күн көрістерін қамти алуға жағдай жасайтын шаралардың бірі болмақ.

Интернаттық мекемелерде балалардың өз бетінше өмір сүруге дайындауды жетілдіру үшін тұрақты кәсіби дайындықтың жүйесін құру маңызды, интернаттық мекемелер тәрбиеленушілерінің мамандыққа ие болуы (курстар, ұсталықтар, үй шаруашылығының тәжірибесі, өндірістік еңбекті белсендіру) олардың интернаттан кейінгі өмірге тез бейімделуі үшін, аталған санаттағы жас отбасыларына көмек қызметін беру үшін орталықтар ашу.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың бағыттары: 1) превентивті тәжірибені ізгілендіру, жазалау және мәжбүрлеу шараларынан қорғаушылық шараларының басымдығы; 2) тәрбиелік-алдын алу және қорғаушылық қызметіндегі кәсібилік, балалар мен жасөспірімдердің ауытқыған мінездерін түзеу жұмыстары бойынша тәжірибелік жұмыстарға маманданатын әлеуметтік жұмысшылардың арнайы кадрларын, әлеуметтік педагогтарды, тәжірибелік психологтарды енгізу және дайындау және олардың отбасылық пен қоғамдық тәрбиедегі жағдайларын сауықтыру; 3) отбасыларына, балаларға, жасөспірімдерге әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық көмекті жүзеге асыру үшін арнайы құрылымдардың торабын құру танылған: психологиялық қызметтер және кеңес беру, сенім орталықтары, бос уақытты ұйымдастыру және оңалту орталықтарын құру, қиын жағдайға тап болған балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік баспана құру; 4) балалар мен жасөспірімдердің

элементтеуінде, бірінші кезекте, тәрбие мәселесімен өзбетінше игере алмаған элеуметтік тәуекелді отбасы топтарына элеуметтік-құқықтық, элеуметтік-педагогикалық және медициналық-психологиялық көмек беруде, отбасын алдыңғы қатардағы институт деп қабылдау.

Кәмелетке толмағандардың қалыпты дамуын қорғауда өзінің қызметінде қоғамның қамқорлық, қайырымдылық қорлар, патронат жүйесін қарастыратын институттардың рөлі ерекше болар еді. Қамқорлық қызметінің құқықтық негіздерін республикалық заңнамалар, республика субъектілерінің заңдары, жергілікті өзін өзі басқару органдарының нормативтік актілері құрай алады.

Алдын алу шараларын қылмыстық-құқықтық негізде тиімділігін арттыру мақсатында автор келесілерді ұсынады:

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 132-бабына кәмелетке толмағандарды тыйым салынған дін ағымдарына тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 140-бабына саралаушы белгісі ретінде «егер бұл әрекеттер кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік танытумен жасалса» – деп, қарастыру;

- эротикалық мазмұндағы өнімдер мен материалдарды таратуға қарсы қолданылатын норманы жетілдіруде, тек аталған әрекеттер үшін ғана емес, соған қоса, эротикалық мазмұндағы материалдарды дайындау мен өткізуді қылмыстандыра отырып, кәмелетке толмағандардың арасында аталған заттарды таратумен теңестіре жауаптылықты күшейту мақсатына қарамай кәмелетке толмағандардың бейнесі бар адагершілікке жат өнімдерді дайындау, сақтау, алып жүргені, жарнамалағаны үшін де жауаптылықты белгілеген орынды.

Сонымен, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзшылықтардың алдын алу мәселесі аса өткір де, өзекті элеуметтік және криминологиялық проблемалардың қатарына жатады. Аталған қылмыстылықты ұтымды, әрі дер кезінде шешу – жас ұрпақтың адамгершілікті саулығын сақтап қалудың кепілі және соған қоса, жаппай мемлекеттің элеуметтік ағзасын сауықтыруға жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Антология педагогической мысли России второй половины XIX – начала XX в. / Сост. П.А. Лебедев. — М., 1990.
2. Беличева С.А. Основы превентивной психологии. — М., 1993; Мельникова Э.Б. Как уберечь подростка от конфликта с законом. — М., 1998.
3. Белов В.Ф. Преступления против семьи и несовершеннолетних. — М., 2002.
4. Богородский С.О. Очерк истории уголовного законодательства в Европе с начала XVIII века. В 2 т. Т. 1. — Киев, 1862.
5. Борчашвили И.Ш. Перспективы развития уголовного законодательства Республики Казахстан: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф. // «Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права». — Қарағанды, 2004.
6. Борчашвили И.Ш. Резерв для совершенствования Уголовного кодекса Республики Казахстан: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф. // «Актуальные проблемы уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан». — Қарағанды, 2005.
7. Борчашвили И.Ш.; Пенчуков В.А. Научные основы квалификации преступлений: Лекция. — Қарағанды, 1995.
8. Брайнин Я.М. Уголовная ответственность и ее основание в советском уголовном праве. — М., 1963.
9. Буздинский С.М. Начало уголовного право. — Варшава, 1970.
10. Ветров Н.И. Профилактика правонарушений среди молодежи. — М., 1980.
11. Галиакбаров Р.Р. Уголовное право: Общая часть. Учебн. — Краснодар, 1999.
12. Галимов О.Х. Малолетние лица в уголовном судопроизводстве. — СПб., 2001.
13. Дагель П.С. Понятие вины в советском уголовном праве. — Владивосток, 1968.
14. Даньшин И.Н. Уголовно-правовая охрана общественного порядка. М., 1973.
15. Долгова А.И. Криминология. — М., 2002. — 173 б.
16. Загородников Н.И., Сахаров А.Б. Демократизация советского общества и проблемы науки уголовного права // Советское государство и право. — 1990. — № 12.

17. Закалюк А.П. Прогнозирование и предупреждение индивидуального преступного поведения. — М., 1986.

18. Зиядова Д.З. Преступность среди учащихся общеобразовательных школ и проблемы ее предупреждения: региональный аспект. — Махачкала, 2004.

19. Информационно-публицистический журнал «Наркопост». — 2009. — № 2.

20. Каиржанов Е. Интересы трудящихся и уголовный закон. — Алматы, 1973.

21. Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть. 2 изд. дополненное. — Алматы, 1998.

22. Каневский Л.Л. Особенности предмета доказывания, планирования и организации взаимодействия по делам о вовлечении несовершеннолетних в преступную деятельность и иные формы антиобщественного поведения // Проблемы борьбы с вовлечением несовершеннолетних в антиобщественное поведение: Сб. науч. тр. — М., 1981.

23. Керимов Д. А. Философские проблемы права. — М., 1972.

24. Кибальник А.Г., Соломоненко И.Г. Лекции по уголовному праву. — Ставрополь, 2000.

25. Кибальник А.Г., Соломоненко И.Г., Шибков О.Н. Принципы и нормы международного права как источники уголовного права. — Ставрополь, 2000.

26. Коржанский Н.И. Объект и предмет уголовно-правовой охраны. — М., 1980.

27. Коробеев А.И. Уголовная наказуемость общественно опасных деяний (основания установления, характер и реализация в деятельности органов внутренних дел). — Хабаровск, 1986.

28. Краснова И.А. Проблемы воспитания делового человека во Флоренции XIV в. (по педагогическим трактатам, семейным запискам и домашним хроникам). В сб.: Гуманистическая мысль, школа и педагогика эпохи позднего средневековья и начала нового времени (исследования и материалы). Сб. науч. тр. / Под ред. К.И. Салимовой, В.Г. Безрогова. — М., 1990.

29. Криминология: Учеб. пос. / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой. — М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2006.

30. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. 2-е изд. — М., 1999.

31. Курс советского уголовного права. Часть Общая. — Т. 1. — Л., 1968.

32. Курс уголовного права. Общая часть. Т. 1. Учение о преступлении. Учебн. для вузов / Под ред. профессора Н.Ф. Кузнецовой и доцента

И.М. Тяжковой. — М., 2002.

33. Карпушин М.П., Курляндский В.И. Уголовная ответственность и состав преступления. — М., 1974.

34. «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P230000004S#z293>

35. Қазақстан Республикасы ІІМ Полиция KZ журналы. — 2016. — № 1 (224). — 26 б.

36. Қазақстан Республикасы ПО Медиа-орталығы. <http://press.mediaovd.kz/> 05.05.2015 жыл.

37. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000591>

38. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» № 483-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>

39. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» № 518-IV Кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518/k110518_.htm

40. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі № 226-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

41. Қазақстан Республикасының Бас Пракуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2021 жылдың 12 ай қорытындысы.

42. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. — Алматы: ЖШС Издательство «Норма-К», 2014.

43. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилидің және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007.

44. Латышина Д.И. История педагогики. Воспитание и образование в Казахстан (X – начало XX века): Учеб. пос. — М., 1998.

45. Литвинов А.Н., Гавриш Т.С. Профилактика преступлений. От теории к практике: научно-практическое пособие. — М., 2003.

46. Лукич Р. Методология права / Перевод с сербскохорватского В.М. Кулистова // Под ред. и с вступит. ст. Д. А. Керимова. — М., 1981.

47. Люблинский П.И., Копелянская С.К. Охрана детства и борьба с беспризорностью. — Л., 1924.

48. Мальцев В.В. Равенство и гуманизм как принципы уголовного

законодательства // Известия Вузов. Правоведение. 1995. №2.

49. Международные акты о правах человека: Сб. документов. — М., 2000.

50. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Ис-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // https://akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyun-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

51. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyun-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

52. Миронов Б.Н. XII век / Вступит, ст. Д.С. Лихачева, сост. и общ. ред. П.А. Дмитриева и Д.С. Лихачева. — М., 1980.

53. Мирсагатов М.Н. Детская беспризорность как социальное явление в России. // Рос журнал социальной работы. — М., № 1. — 199 б.

54. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть: Курс лекций. Изд. 2-е. — М., 2000.

55. Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть: Курс лекций. — М., 1996.; Российское уголовное право. Общая часть: Учебн. / Под ред. В.Н. Кудрявцева и А.В. Наумова. — М., 1997.

56. Никифоров Б.С. Об объекте преступления по советскому уголовному праву // Советское государство и право. — 1956. — № 6.

57. Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. — М., 1960

58. Новое уголовное право России. Особенная часть: Учеб. пос. / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой. — М., 1996.

59. Новое уголовное право России. Особенная часть: Учеб. пос. — М., 1994.

60. Новоселов Г.П. Учение об объекте преступления: Методологические аспекты. — М., 2001.

61. Памятники литературы Древней Руси: XII век / Вступит, ст. Д.С. Лихачева, сост. и общ. ред. П.А. Дмитриева и Д.С. Лихачева. — М., 1980.

62. Пионтковский А.А. Учение о преступлении по советскому уголовному праву. — М., 1961, 155 с.; Курс советского уголовного права, Т. II. — М., 1970.

63. Пионтковский А.А. Учение о преступлении. — М., 1961.

64. Познышев С.В. Основные начала науки уголовного права. — М., 1912. — 608 с.

65. Пудовичкин Ю.Е., Уголовно-правовая борьба с вовлечением несовершеннолетних в совершение антиобщественных действий: Проблемы квалификации и профилактики. — Ставрополь, 2000.

66. Пудовичкин Ю.Е. Ответственность за преступления против несовершеннолетних. — М., 1999.

67. Пудовичкин Ю.Е. Уголовно-правовая борьба с вовлечением несовершеннолетних в совершение антиобщественных действий: проблемы квалификации и профилактики. — Ставрополь, 2000.

68. Пудовичкин Ю.Е. Ювенальное уголовное право: теоретико-методологические и историко-правовые аспекты. — М., 2001.

69. Рарог А.И. Проблемы субъективной стороны преступления. — М., 1191 с.

70. Спасович В.Д. Учебник уголовного права. Часть Общая. — СПб., 1962.

71. Спиридонов Л.И. Социология уголовного права. — М., 1986.

72. Сухарев А.Я. Проблемы научно-методического обеспечения системы профилактики // Уголовное право. — 1999. — № 4.

73. Сухомлинский В.А. Рождение гражданина. — М., 1971.

74. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Часть Общая: Лекции. В 2-х т. Т. 1. — М., 1994.

75. Трайнин А.Н. Общее учение о составе преступления. — М., 1946.

76. Уголовное право Казахстана. Общая часть: Учебн. для вузов / Под ред. И.И. Рогова и С.М. Рахметова. — Алматы, 1998. — 40 с.; Уголовное право РК. Общая часть. — Алматы, 2003.

77. Уголовное право Казахстана. Общая часть: Учебн. / Под ред. И.И. Рогова, С.М. Рахметова. — Алматы, 1998.

78. Уголовное право РК. Общая часть. 2-е изд. Испр. и доп. — Алматы: Жеті жарғы, 2003.

79. Уголовное право РК. Общая часть: Курс лекций. / Под ред. И.Ш. Борчашвили. — Караганда, КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2002.

80. Уголовное право Российской Федерации: Учебн. / Под ред. М.П. Журавлева, А.И. Рарога. — М., 1996.

81. Уголовное право Российской Федерации: Учебн. /Отв. ред. Б.В. Здравомыслов. — М., 1996.

82. Уголовное право. Общая часть. — М. Издат. группа ИНФРА М-НОРМА, 1997.

83. Уголовное право. Общая часть: Учебн. / Под ред. Н.И. Ветрова, Ю.И. Ляпунова. — М., 1997.

84. Уголовное право. Общая часть. / Под ред. Н.Ф. Кузнецовой, Ю.М. Ткачевского, Г.Н. Борзенкова. — М., 1993.

85. Уголовное право. Особенная часть. Учебн. для вузов / Отв. ред. И.Я. Козаченко, З.А. Незнамова, Г.П. Новоселов. — М., 2000.

86. Уголовный Кодекс Российской Федерации. Научно-практический комментарий / Под ред. Л.Л. Кругликова, Э.С. Генцова. — Ярославль, 1994.

87. Ускова Ю.В. Уголовно-правовая охрана семьи: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Краснодар, 2001.

88. Утевский Б.С. Вина в советском уголовном праве. — М., 1950.

89. Учебник русского уголовного права профессора Л.С. Белогриц-Котляревского. Части Общая и Особенная, 1903.

90. Фролов Е.А. Спорные вопросы общего учения об объекте преступления. // Сб. науч. тр. Свердловского юридического института. — 1969. — Вып. 10.

91. Харламов Й.Ф. Педагогика. — М., 1990.

92. Цит. по Кон И. С. Ребенок и общество. М., 1988.

93. Шестаков Д.А. Семейная криминология: семья — конфликт — преступление. — СПб., 1996.

94. Щедрина А.К. Субъект преступления, предусмотренного ст. 201 УК РСФСР: Мат-лы конф. по итогам науч.-исслед. работы. — Свердловск. 1968.

95. Яковлева И.Г., Пристанская О.В. Несовершеннолетний потерпевший в свете современной уголовной политики. В сб.: Проблемы формирования уголовной политики Российской Федерации. — М., 1995.

96. Яценко С.С. Ответственность за преступления против общественного порядка. — Киев, 1976.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫ	5
1.1 <i>Кәмелетке толмағандарға қатынасты қылмыстық саясаттың гуманистік моделінің қалыптасуы</i>	5
1.2 <i>Қазіргі Қазақстандағы кәмелетке толмағандарды қорғаудың қылмыстық-құқықтық негіздері.....</i>	16
2. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ.....	37
2.1 <i>Кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық түсінігі және оның мәні</i>	37
2.2 <i>Қылмыстық құқық бойынша кәмелетке толмағандардың мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының ұғымы және оның мәні.....</i>	41
2.3 <i>Қылмыстық құқық бойынша қылмыс құрамының объективтік жағының ұғымы мен мәні</i>	59
2.4 <i>Қылмыстық құқық бойынша қылмыс субъектісінің ұғымы</i>	65
2.5 <i>Қылмыс субъектісінің бір белгісі – жас мөлшері. Кәмелетке толмағандардың жауаптылығы. Қылмыстың арнайы субъектісі.....</i>	69
2.6 <i>Қылмыстық құқық бойынша қылмыс құрамының субъективтік жағының ұғымы мен мәні</i>	80
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМА- ҒАНДАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ	85
3.1 <i>Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу субъектілері.....</i>	85
3.2 <i>Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуда әлеуметтік қорғаудың рөлі.....</i>	101
3.3 <i>Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы адамгершіліктік-тәрбиелеу</i>	

<i>шаралары.....</i>	<i>105</i>
<i>3.4 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы виктимологиялық шаралар</i>	<i>110</i>
<i>3.5 Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы қылмыстық-құқықтық шаралары</i>	<i>115</i>
ҚОРЫТЫНДЫ.....	123
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128

**Кәмелетке толмағандардың
мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық
бұзушылықтар: қылмыстық-құқықтық
және криминологиялық аспектілері**

Монография

Совет Қапашұлы Алтайбаев

Редактор: Б. А. Қалиев

Техникалық редактор: С. М. Аубакирова

Тексеруге 06. 09. 2023 ж. Басуға 10.11. 2023 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60×84¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.

Шартты баспа табақ 8,0. Есепті баспа табақ 7,5.

Таралымы 200 дана. Тапсырыс № 225.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының 2023 жылға арналған әдебиеттер
шығару жоспарының № 25 тақырыбы.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының баспаханасында басылды